

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ
ХИМИЯ-БИОЛОГИЯ БАҒЫТЫНДАҒЫ
НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕБІНІҢ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ
2014-2015 ОҚУ ЖЫЛЫ



МАЗМУНЫ

	Бет
Кіріспе	3
Оқиғалар мен фактілер	
1. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ	5
1.1. Оқушылар контингенті	5
1.2. Конкурстық іріктеу	6
1.3. Виртуалды және каникулярлық мектеп	8
1.4. Кіріктірілген білім беру бағдарламасын енгізу	9
1.5. Оқушылардың үлгерімі мен білім сапасы	12
1.6. Оқу үдерісінің эвалюациясы	15
1.7. Элективті курстар	16
2. БЕЙІНДІ – ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ЖҰМЫСТАР	19
2.1. Критериалды бағалау жүйесін енгізу	19
2.2. Кәсіптік бағдар	20
3. ҒЫЛЫМИ – ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ	24
3.1. Педагогикалық кадрлар	24
3.2. «Тәлімгерлік мектебінің» қызметі	29
3.3. Мұғалімдердің кәсіби дамуы	30
3.4. Тәжірибе тарату	33
3.5. Олимпиадаларды, ғылыми сайыстарды, конференцияларды, жобаларды ұйымдастыру, жүргізу және нәтижелері	35
4. ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ БАЙЛАНЫСТАР	37
4.1. Шетелдік мұғалімдерді жалдау	37
4.2. Үштілді білім беру	38
4.3. Бінтымақтастықты дамыту	43
4.4. Халықаралық емтихандардың, зерттеулердің (IELTS, PISA) нәтижелері	44
4.5. Мектепті халықаралық аккредитацияға дайындау	48
5. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ	49
5.1. Патриоттық тәрбие	49
5.2. Рухани-адамгершілік тәрбие	50
5.3. Зияткерлікті дамыту	50
5.4. Алуан мәдениеттілікті дамыту	51
5.5. Тәні мен психикалық саулығының дамуы	51
5.6. Көшбасшылық қасиеттерді дамыту	52
5.7. Көркем-эстетикалық даму	52
5.8. Жазғы мектеп	53
5.9. Ата – аналар комитетінің жұмысы	54
5.10. «Шаңырақ» жүйесінің қызметі	55
5.11. Мектеп жанындағы жатақхана қызметі	56
6. БІЛІМ БЕРУДЕГІ КӨМЕКШІ ҚЫЗМЕТТЕР ЖҰМЫСЫ	59
6.1. Мектептің өмір қауіпсіздігін қорғау	59
6.2. Кітапхана қызметі	61
6.3. Психологиялық қызмет көрсету	63
6.4. Медициналық қызмет көрсету	69
6.5. Медиакызмет туралы	73
7. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ	76
7.1. Мектептің материалды – техникалық базасының ахуалын талдау	76
7.2. Мектеп аймағын көркейту, көгалдандыру мен тазалық жұмыстарын талдау	77
7.3. Жабдықтар, техникалық құралдар және жиһаздардың тиімді пайдаланылуын талдау	77
7.4. Мектеп мүлкін түгендеу нәтижелері	77

КІРІСПЕ

Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 2014-2015 оқу жылындағы қызметі «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейін даму Стратегиясының міндеттеріне, Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 2017 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспарында белгіленген перспективаларына және мектептің 2014-2015 жылд Даму жоспарына сәйкес құрылды.

Педагогикалық ұжым өз жұмысын «**Бірізді әрекет әдісін жүзеге асырудың мақсаты – табысты оқушы**» деген тақырыппен бастады.

Мектептің стратегиялық мақсаты:

Инновациялық кіріктірілген білім беру моделін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау

Басты стратегиялық міндеттер:

- қазіргі заманғы басқару нысандарын іске асыру;
- негізгі және жоғарғы мектептерде кіріктірілген білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- функционалды сауатты, патриот, жауапты, көптілді, креативті және сыни ойлайтын, салауатты өмір салтын ұстанатын, өмір бойы оқуға қабілетті жетекші қазақстандық және халықаралық университеттерге түсетін оқушыларды қалыптастыруға ықпал ететін оқу ортасын жасау;
- критериалды бағалаудың кіріктірілген моделін енгізу мен жүзеге асыру;
- кәсіби желілік қоғамдастықтарды құру арқылы мұғалімдер мен басқа да педагог қызметкерлерді кәсіби тұрғыдан дамытуды қолдау;
- жаратылыстану-математика ғылымдарын оқуға қабілетті балаларды іздестіру мен конкурстық негізде қабылдау;
- мектеп қызметіне ата-аналар жұртшылығын, үкіметтік емес ұйымдарды, жергілікті атқарушы органдар мен басқа да мүдделі тараптарды тарту;
- Зияткерлік мектептер тәжірибесін облыстың орта білім беру жүйесіне тарату;
- әлемде халықаралық деңгейде танылған білім беру және ғылыми ұйымдарымен ынтымақтастықты дамыту.

Девиз:

- Барлығы табысты болатын мектеп!

Мектеп миссиясы:

- оқушылардың бойында қазіргі заманғы әлемде табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылар қалыптастыру.

Пайымдау

Адамзат өркениетінің ақпараттық тасқындар дәуіріне және білім қоғамына енуі білім жүйесіне сапалы жаңа талаптар қояды. 21 ғасырдағы тұлғаны дамытуға бағытталған оқыту басты тұлға мұғалім болып келген дәстүрлі оқытулардан білім мазмұнына, оқыту әдістеріне, сыныптағы ахуалға, бағалау мен технологияларға өзге қырынан келуімен ерекшеленеді.

Білім берудің мақсаты тұлға бойына дайын, жүйелі білімнің мол көлемін сіңіре отырып болашақ қызметіне дайындау ғана емес, сонымен қатар қабылдаған білімді меңгере отырып жаңа білімді қалыптастыратын тұлғаны дамыту.

Біздің пайымдауымызша, Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің (әрі қарай – Мектеп) түлектері:

- пәнді терең түсінуді талап ететін және өзінің білімін басқара алатын дағдыларды қажет ететін күрделі шығармашылық тапсырмалармен жұмыс жасай алады;
- жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттерін талап ететін тапсырмаларды орындауда өз қатарларымен және мамандармен бірлесе қызмет атқара алады;
- ақпараттық технологияларды шығармашылықта, тапсырмаларды оңтайлы шешуде және шешім қабылдауда үйлесімді пайдалана алады.

Ұстаздар оқушылардың әбден шыңдала түсулеріне көмектесу мақсатында олардың бойында 21 ғасырда үнемі толассыз өзгерісте болатын технология мен қоғамға сай болуды талап ететін келесі білім мен дағдыларды үнемі қалыптастырып, әрі қарай дамытып отырулары маңызды:

- жауапкершілік және бейімделушілік – жеке бас жауапкершілігін жоғары қойып, жеке өмірінде, қызмет орнында, қоғамдық өмірде икемділік таныта білу, алдына мақсат қоя біліп, оған жету үшін ұмтыла білу, алуан түрлі пікірлермен санаса білу;
- коммуникациялық дағдылар – ауызша, жазбаша, мультимедиялық хабарламаларды қабылдап, түсініп, дайындап, жеткізе білу;
- шығармашылық және танымдық қызығушылық – жаңа идеяларды дамыту, қолдану, тарату қабілеті, жаңа идеялар мен мүмкіншіліктерге ашық болу;
- сыни және жүйелі ойлау қабілеті – балама дүниелерге дәлелді түсініктер арқылы көз жеткізу, күрделі жағдайларда таңдау жасай білу;
- ақпараттық және медиа-сауаттылық – түрлі аудиовизуалды ақпараттар легін қабылдап, саралап, басқарып, интеграциялап, бағалап және дайындай білу;
- ортамен қарым-қатынас және бірлескен қызмет – команданы басқарып, бірлесе жұмыс істей білу, қандай іске болса да жауапкершілікпен қарау, басқа адамдармен бірлесе отырып мардымды іс атқара білу, түрлі көзқарастарға құрметпен қарау;
- мәселелерді көтеріп, шешімін таба білу – мәселені айқындап, саралап және шешімін таба білу;
- өзін-өзі бақылау – өзінің оқу-тәрбие қажеттіліктерін айқындай білу, қажетті ресурстарды таба білу, білім көшінің кез келген аймағына тасымалдана білу;
- әлеуметтік жауапкершілік – өмірде жауапты әрекет пен этикалық тәртіпті ұстану;

Не себепті бұл дағдылар Мектеп оқушылары үшін маңызды?

Бүгіннің өзінде әрбір жасөспірім біртұтас экономикалық ортада өмір сүріп, бәсекеге түсуде. Еңбек табиғаты мен қызметкерлердің функционалдық міндеттері өзгеруде. Қызметкерге деген талаптар өзгеруде. Сондықтан жас ұрпақ 21 ғасырдың барлық талаптарына сай азамат болып қалыптасулары керек.

Әр оқушы:

- негізгі пәндерді білулері керек;
- өз бетінше білім алу дағдыларын игеру керек;
- сыни ойлау дағдысын игеру керек;
- АКТ сауаттылығын игеру керек;
- 21 ғасыр ақпараттарымен жұмыс істей білу дағдыларын игеру керек;
- бірлесе жұмыс жүргізе білу қабілеттерін игеру керек.

1. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ

1.1. Оқушылар контингенті

Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 2014–2015 оқу жылының аяғындағы оқушы саны – 699.

*Кесте. Сыныптар бойынша оқушылар саны
(2015 жылдың 1 маусымындағы көрсеткіш)*

7- сыныптар				Барлығы	8-сыныптар				Барлығы
«А»	«В»	«С»	«D»		«А»	«В»	«С»	«D»	
20	20	20	20	80	20	20	19	19	78

9-сыныптар								Барлығы
«А»	«В»	«С»	«D»	«Е»	«F»	«G»	«H»	
24	23	23	24	23	20	23	21	181

11-сыныптар									Барлығы
«А»	«В»	«С»	«D»	«Е»	«F»	«G»	«H»	«I»	
21	22	21	23	22	23	15	20	17	184

12-сыныптар									Барлығы	Мектеп бойынша жалпы саны
«А»	«В»	«С»	«D»	«Е»	«F»	«G»	«H»	«I»		
24	23	22	24	15	17	17	18	16	176	699

Оқушылардың жанұялық әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмендегі кестеде көрсетілген.

Кесте. Оқушылардың жанұялық әлеуметтік-экономикалық жағдайы

Көрсеткіштер	Оқушылар саны
Ата-аналары мемлекеттік қызметте немесе бюджет саласында қызмет атқарады	294
Ата-аналары жеке мекемелерде қызмет атқарады (ЖШС, АҚ және т.б.)	660
Ата-аналары жеке кәсіпкерлер	105
Ата-аналары жұмыссыздар	4
Ата-аналары зейнеткерлер	16
Ата-аналары мүгедектер	14
Толық емес жанұя балалары	92
Көпбалалы жанұя балалары	224
Аз қамтылған жанұя балалары	16
Қамқорлықтағы балалар	1

Мүгедек балалар	1
Қалада тұратын балалар	526
Аудандардан келген оқушылар	132

1.2. Конкурстық іріктеу

Оқушылар контингентін қалыптастыру үшін 2015 жылдың 28 ақпан және 1 наурыз күндері конкурстық іріктеу өткізілді.

2015 жылы 7-сыныпқа қабылдану үшін конкурстық іріктеуге 489 үміткер қатынасты. Олардың арасынан 120 оқушы мектепке қабылданды. Биылғы конкурстық іріктеуде 1 орынға 4 адамнан келсе, 2014 жылы 544 оқушы конкурстық іріктеуге қатысып, 1 орынға 7 адамнан келген болатын.

Мектепке қабылданғандардың 101-і қаладан болса, 19 бала - ауыл тұрғыны. Мектепке қабылданған бала саны жағынан басымдылық көрсетіп отырған қала мектептері арасынан келесі мектептерді атауға болады: ОТГ (СТГ), №30 мектеп-гимназиясы, №16 мектеп-лицей, №17 мектеп-лицей, аудан мектептерінің ішінен Атырау қаласындағы химия - биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің «Өркен» грантының басым көпшілігін иеленген Құлсарыдағы №4 ОББМ оқушылары.





Ваканттық орындардың артуына қарамастан үміткерлер санының азайғанын айта кету керек. Бұл көрсеткіш конкурстық іріктеуді ұйымдастру жұмыстарының өз дәрежесінде жүргізілмегендігін білдіреді. Сондықтан, жаңа оқу жылында облыс мектептері арасында ақпараттандыру жұмыстандарын жан-жақты жүргізу қажет.

Жаратылыстану-математика ғылымдарын оқуға қабілетті оқушыларды 7-сыныпқа қабылдау үшін СИТО (Педагогикалық өлшемдер институты, Голландия) және СТУ (Джон Хопкинс Университетінің Дарынды Жастар Орталығы, АҚШ) стратегиялық серіктестермен бірлесіп жасалынған конкурстық іріктеу жүйесі пайдаланылды.

7-сыныпқа іріктеу жүйесі екі тестілеуден тұрады:

1. Математика, қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілінен пәндік тест.
2. Оқушылардың қабілетін бағалауға бағытталған, жаратылыстану-математика ғылымдарын оқуға қабілеттілігін анықтайтын тест.

Кесте. 7-сыныпқа үміткерлер саны

Конкурстық іріктеу	Үміткерлер саны	Ваканттық орындар саны	1 орынға конкурс
2014	489	120	4
2013	544	80	7

Пәндік тестілеудің қорытындысы:

Пәндік тестілеудің орташа көрсеткіші жинауға мүмкін ең жоғарғы 1000 балдан 503 балл болды.

Пәндік тестілеу бойынша ең жоғары балл жинаған үміткер – Сүлейменова Дильназ Салимжанқызы (859 баллов).

Пәндік тестілеу бойынша ең төмен балл жинаған үміткер Саламатқызы Ариана (234 балл).

Қазақ тілінде оқитын оқушылардың барлық пәндер бойынша тест қорытындылары орыс тілінде оқитын оқушылардың нәтижелерімен салыстырғанда төмен, қазақ тілі пәнін санамағанда. Математика бойынша орташа балл қазақ тілді сыныптарда 152,6 балл, орыс

тілді сыныптарда - 174,7 балл; қазақ тілді сыныптарда ағылшын тілі – 82,0 балл, орыс тілді сыныптарда -103,6 балл.

Қабілеттілік тестісінің нәтижелері:

Қабілеттілік тестісінен 134 мүмкін жоғары балдан 61 балл жиналды.

Ең жоғары орташа балды үміткер Занканов Арсен Зангарұлы жинады (119 балл).

Ең төмен балл жинаған үміткер – Қисапов Азамат Жеңісбекұлы (18 балл).

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Конкурстық іріктеу жұмыстарын ақпараттандыруды жетілдіру. (БАҚ-да сөйлеу, телеэфирге жарнама роликтерін беру және басылым беттеріне жүгіртпелі жолдарға жарнама беру).
2. Пилоттық мектептермен ынтымақтастықты нығайту, оқуға түскен оқушылар саны басым боп келген мектептермен байланыс орнату, осы мектептермен НЗМ-нің жұмыс бағытын түсіндіру мақсатында бірлескен шаралар ұйымдастыру (шеберлік сабақтары, көшпелі семинарлар және т.б.)
3. Мектептің жұмыс бағыты, білім жүйесі, бағалау жүйесі туралы ақпар беру мақсатында мектепте ата-аналарға арналған call-орталығы сияқты консультативтік орталықтың жұмысын ұйымдастыру.

1.3. Виртуалды және Демалыстық мектептер

Жаратылыстану-математикалық ғылымдарға қабілетті оқушыларды дайындау, анықтау және іріктеу мақсатында 2014-2015 оқу жылында Виртуалды және Демалыстық мектептердің жұмысы жалғастырылды.

– Виртуалды мектеп

Есептегі жыл бойынша Виртуалды мектепке облыстың білім беру ұйымдарынан 117 оқушы қатынасты.

*Кесте. 2014-2015 оқу жылындағы
Виртуалды мектеп оқушыларының саны*

Виртуалды мектепке қатысушылар (5-сынып)	Виртуалды мектепке қатысушылар (6-сынып)	Барлығы
80	37	117

– Демалыстық мектеп

Виртуалды мектеп тапсырмаларын табысты орындаған оқушылар 2014 жылдың 22-27 желтоқсан аралығында (6 сыныптар) және 2015 жылдың 1-6 маусым аралығында (5 сыныптар) математика, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілдерінен сыныпта сабақ алу үшін Демалыстық мектепке шақырылды.

2014-2015 оқу жылында Демалыстық мектепке 5-сыныптан 192 оқушы қатынасты, бұл 2013-2014 оқу жылындағымен салыстырғанда 177 оқушыға артық және 6-сыныптан 201 оқушы қатысты. Мектеп 2013 жылдың қыркүйек айында ашылуына байланысты сол жылы 6-сыныптар үшін Виртуалды мектеп жобасы басталмаған болатын.

*Кесте. 2014-2015 оқу жылындағы
Демалыстық мектеп оқушыларының саны*

Демалыстық мектеп қатысушылары (5-сынып)	Демалыстық мектеп қатысушылары (6-сынып)	Барлығы
192	201	393

Жасалған жұмыстар нәтижесінде:

- 5-6 сынып оқушыларынан Виртуалды мектепке 117 бала қамтылды;
- «Виртуалды мектеп» қатысушыларынан 16 оқушы мектепке қабылданды;
- «Демалыстық мектеп» қатысушыларынан 40 оқушы мектепке қабылданды.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Виртуалды және Демалыстық мектептерге 5-6 сынып оқушыларын тарту мақсатында ақпараттандыру-түсіндіру жұмыстарын жетілдіру.
2. Виртуалды мектеп оқушыларының ата-аналары үшін Зияткерлік мектептің бағдарлы пәндерінің оқу бағдарламасын жеке орындау сұрақтары бойынша онлайн семинарлар ұйымдастыру.
3. Демалыстық мектепке тартылған педагогтарға арналған оқу-әдістемелік тренингтер ұйымдастыру.

1.4. Кіріктірілген білім бағдарламасын ендіру

Кіріктірілген білім беру бағдарламасын ендіру (ары қарай - Бағдарлама) 2014-2015 оқу жылында 7-11 сыныптарда жүзеге асырылды.

Бағдарлама оқушылардың нақты білім максаттарына жетуіне бағытталған, оқушы белгілі бір көлемде білім алып қана қоймай, сол білімді өмірде қолдана білуі көзделеді.

Бағдарлама бойынша білім беру оқу мақсаттарының көпдеңгейлі жүйесіне негізделген бірізді әркеттік әдісті қамтиды. Осыған орай 2014-2015 оқу жылында педагогикалық ұжым өз жұмысын «*Бірізді әрекет әдісін жүзеге асырудың мақсаты – табысты оқушы*» деген тақырыппен бастады.

Мектептің проблемалық тақырыбына орай барлық әдістемелік бірлестіктердің өзін-өзі дамыту тақырыптары қайта қарастырылды.

Бағдарламаны ендіру және жүзеге асыру - онлайн алаң, ендіру процессін үйлестіру және әдістемелік бірлестіктердің жұмысы арқылы қолдау тауып отырды.

Жыл бойына мектеп мұғалімдері онлайн алаңда (<http://cep-forum.nis.edu.kz/>) ойларымен, тәжірибе және ресурстарымен бөлісіп, Бағдарламаны әзірлеушілерге сұрақтар қойып жауаптарын алды; сонымен қатар қажетті құжаттарға қолжеткізу мүмкіндіктері болды (оқу бағдарламаларына, жоспарларға, нұсқаулықтарға және басқаларға). Өткен оқу жылында біздің мектептің педагогтары онлайн алаңға 33 оқу ресурстарын орналастырды.

2014 жылдың 2-6 желтоқсан және 2015 жылдың 26-27 сәуір аралығында ДББҰ Білім беру орталығының мамандарының ұйымдастыруымен Бағдарламаның енгізілуіне байланысты сыртқы мониторинг жүргізілді.

Нәтижесі бойынша төмендегідей ұсыныстар берілді:

№	Оң тәжірибе
1.	Мектеп мониторингінің жүргізілуіне жан-жақты қолдау көрсетті. Мұғалімдер проблемалық жағдайларды анықтау кезінде жақсарту үшін ұсыныстар жасады.
2.	Мектепте Кіріктірілген білім беру бағдарламасының тиімді жүргізілуі үшін барлық шаралар қолданылып басқару және ұйымдастырушылық ортасы қалыптастырылды.
3.	Мектеп директоры деңгейлік курстың тренері ретінде өзінің бұрынғы жұмыс тәжірибесін басқарып отырған мектебінде тиімді пайдаланады: мектепте тұрақты негізде мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында тренингтер, семинарлар және мастер-кластар өткізіледі; мектепте коуч-қоғамдастық ұйымдастырылған.
4.	Жоспарлы түрде өткізілетін Кіріктірілген білім беру апталығы оқушылардың отансүйгіштік тәрбиесіне және олардың бойына бір-бірін сыйлау, еңбексүйгіштік,

	азаматтық жауапкершілік сияқты құндылықтарды, коммуникабельдік қабілеттерін арттыруда өз үлесін қосады.
5.	Әр тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың оқу жетістіктері зерттеледі және сыныптар бойынша, пәндер мен оқу мақсаттарына аналитикалық есептер жасалынады. Есепте оқушылар төмен білім көрсеткен оқу мақсаттарына орай ұсынылатын оқыту қызметтері көрсетіледі.
6.	Мектепте математика пәні бойынша олимпиада есептерін шешуге арналған қосымша сабақтар өткізіледі. Оқушылар мектепшілік олимпиадаға, сондай ақ басқа да ресейлік он-лайн олимпиадаларға қатысады. Өндірістік кәсіпорындарға сапарлар ұйымдастырылады.
7.	Әр білім алушы бағалы деп қалыптасқан Мектеп рухы айқын аңғарылады. Оқушылар өздеріне деген қамқорлықты біледі және өздерінің мектебін өте жақсы көреді.
8.	Оқушылардың оқу үдерісіне деген ынтасының жоғары деңгейде болуы – ұжымның қолдауы мен қамқорлығының нәтижесі.
9.	Ынтымақтастықта атқарылатын жұмыстың құндылығын түсінген оқушылар топпен және жүймен жұмыс жасағанды ұнатады. Осылайша, оқушы бойына құндылықтарды дарыту мақсатында жүргізіліп жатқан тәрбие жұмысындағы ілгерілеушілік байқалады.
10.	Оқушыларға өздері тартылған жұмыс туралы әңгімелеу ұнайды және ағылшынша сөйлеуге талпынады, және сөйлей алатындықтарын мақтан етеді.
11.	Мұғалімдер сабақ талдауының түрлі формаларын қолдана отырып, бір-бірінің сабақтарын бақылайды.
12.	Ең жақсы сабақтар деп, оқушылар оқу мақсаттарына жету үшін не істеу керек екенін түсініп, өзін-өзі және бір-бірін бағалауда нақты критерийді қолдана алатын сабақтарды атауға болады.
13.	Жақсы сабақтардың мысалы ретінде бірізді әрекеттік және жеке-бағытталған тәсілдерді қолданып өткізген Lucian Stefanescu мен Кульписова Эльмира Еркетаевнаның, Алиева Нурслу Ибраевнаның сабақтарын атауға болады. Кіріктірілген білім беру бағдарламасының ерекшеліктерін терең түсіну үшін мұғалімдерге осы әріптестерінің сабақтарына қатысу ұсынылады.
14.	Оқушылардың кейбір оқу жұмыстарына талдау жасау тапсырмаларды сәйкестендіруге, олардың қиындық деңгейін, жүйелілігін, мөлшері мен жалпы үлгеру деңгейін және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру пәндер бойынша оқу бағдарламасының мазмұны мен күтілетін нәтижені анықтауға мүмкіндік берді.
15.	Сабақтарды бақылау тақырыптар мен оқу мақсаттарының оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін анықтауға мүмкіндік берді.
16.	Сабақтарды бақылау сабақтағы оқу мақсаттарының дұрыс логикалық жүйелілігін растауға мүмкіндік берді.
№	Дамытатын бағыттар
1.	Мұғалімдердің бір бөлігі Кіріктірілген білім беру бағдарламасында белгіленген бірізді әрекет әдісіне залалын тигізетін ақпараттық оқытуды жүзеге асырады.
2.	Кейбір мұғалімдер сабақта саралап оқытуды тиімсіз жүргізеді, сондықтан кейбір оқушылар үшін білім алу тым қарапайым, мысалға «Математика» сабағында.
3.	Көбінесе мұғалімдер сабақ мақсаттарын сабақтың басында айтады, бірақ оқушылар өздеріне рфлексия жасап, мақсаттардың қаншалықты орындалғандығын тексеру үшін сабақ бойына оларға қайта оралмайды.
4.	Көбінесе жетістік критерийлері сабақта айтылмайды және оқушыларға таныстырылмайды.
5.	Көптеген сабақтарда сабақты қорытындылауға мән берілмейді. Яғни қалыптастырушы бағалау өз дәрежесінде жүргізілмейді.
6.	Қалыптастырушы бағалаудың мәнісін мұғалімдердің бәрі бірдей толық түсінбейді

	және оны оқушының алдағы жеке траекториясын қалыптастыру үшін қолданбайды.
7.	Тәжірибесі аз мұғалімдер көбінесе жай репродуктивті сұрақтармен жалпы сауалнама жүргізеді.
8.	Сонымен қатар, айтылған жағдайдан байқалғаны, оқушылар мұғалімнің қалыптастырушы бағалауды жүргізетін мүмкіндігін шектеп, бір-бірін тындамай, «бірге» жауап береді.
9.	Халықаралық мұғалімдермен бірлесе сабақ беретін кейбір мұғалімдерге жұмысты тиімді ұйымдастыру жағын қарастыру керек. Кей жағдайларда жергілікті мұғалімдер мен халықаралық мұғалімдер қызметінде келісім жоқтығы байқалады.
10.	Қаралған сабақтардың көпшілігінде оқу үдерісін оқушылардың топтық жұмыстарымен жүзеге асыруы басым болып, жеке оқыту толыққанды жүргізілмейді. Сонымен қатар, топтық және жұптық жұмыстар барлық жағдайда тиімді қолданылмайды.
11.	Оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуды күшейту, әсіресе жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша.
12.	Екінші және үшінші тілде оқытылатын пәндерде тілдік мақсаттар барлық кезде айтылмайды, тіптен орындалмай да жатады.
13.	Мұғалімдер тілдік емес пәндерде пән мен тілді кіріктіре білім берудің тілдік әдістері мен тәсілдерін қолданбайды.
14.	Тілдік және тілдік емес пәндердің мұғалімдерінің сабақ жоспарын құрғанда бірлесіп жұмыс жасамайтындығы, әсіресе тілдік емес пәндерде салааралық тақырыптарды талқылағанда байқалады.
15.	Оқушылар жұмысын талдағанда және сабақтарды бақылағанда оқушылар жіберген қателіктер барлық кезде түзетілмейтіндігі көрінді.
16.	Химия сабағында өмірде кездесетін заттар аз қолданылады. Мысалға, «Қышқылдардың, негіздердің, тұздардың рН ортасын анықтау» тақырыбында өткізілген тәжірибелік жұмыс жасағанда кейбір тамақтардың, жуғыш заттардың т.б. заттардың ортасын анықтауға болатын еді.
17.	Математика сабағында жоғары деңгейде дағдыны дамытатын сарамандық есептерді көптеп шешуге көңіл бөлу қажет.
18.	Жаратылыстану-математикалық циклы пәндерінде оқушыларды есеп шығарудың ұтымды тәсілдеріне үйрету.
19.	Математика сабағында есептердің шартын құру және шығару кезінде оқушылардың математикалық тілді сауатты қолдануына көңіл бөлу керек.
20.	Оқушылар көптеген пәндер бойынша нақты сұрақтарға жауап беріп, өте жақсы білімдерін көрсетеді. Көбіне бірбуынды жауаптарды талап ететін сұрақтар қойылады. Сабақта жоғары деңгейдегі сұрақтардың үлесін көбейтуге мұғалімдер мән беруі қажет.
21.	Сабақта көптеген тапсырмалар білу, түсіну, қолдану дағдыларын дамытуға арналған. Қойылған сұрақтар мен орындалатын тапсырмалардың талдау, синтездеу, бағалау дағдыларын дамытуына ықпал етуіне көңіл бөлу ұсынылады.
22.	Оқушылар күні бойы ақыл-ой (психикалық) жүктемесімен айналысқандықтан, оларға флеш-моб сияқты физикалық үзілістердің жетіспейтіндігін білдірді.
23.	Көбінесе оқушылар өз жауаптарында ғаламтордан алған ақпаратты талдамай, өз ойларын қоспастан пайдаланады.
24.	«Физика», «Математика» пәндерінде оқушыларды өз бетінше есептерді шешіп, формула қорытындысын шығаруға үйрету қажет. Түрлі деңгейдегі, типтегі есептерді шешу ұсынылады. Сабақта жиі кездесетін тәсілдер: 1. Бірінші есепті тақтада мұғалім шығарады, сосын сыныпқа осыған ұқсас, осы формула мен тәсілді қолданатын есептер ұсынылады; 2. Егер оқушы сұраққа жауап беруде немесе есеп шығаруда кішкене қиналса,

	мұғалім жетекші сұрақтармен оқушының тығырықтан шығуына көмектесудің орнына, жауабын өзі айтып, көрсетіп жіберуге асығады.
25.	«Дене тәрбиесі» сабағында оқушылардың жас ерекшелігіне сай белсенді ойындар жақсы таңдалған. Сабақтың қысқа мерзімді жоспары өте жақсы жазылған, дегенмен ол жоспарды мұғалім толық пайдалана алмады. Сабақты нақты жоспарлап, оқушыларға арналған сұрақтарды құрастырып олармен сабақта жұмыстану керек. Міндетті түрде оқушыларға сабақтағы тәртіп пен қауіпсіздік ережелерінен нұсқау беру керек.
26.	Жекелеген сабақтарда оқу процесінің ғаламторға тәуелділігі ерекше байқалады. Мектеп кітапханасының мүмкіндіктері толық пайдаланылмайды, басқа ақпарат көздері ескерілмейді.

Оқу Бағдарламасының енгізілуінде әр пән координаторына (үйлестіруші) маңызды рөл беріледі. Мектептің 10 әдістемелік бірлестігінде КББ енгізуді қолдайтын координаторлар белгіленген. Олардың ұйымдастыруымен жыл бойына жаңа мұғалімдерге арналған оқу бағдарламасы мен оқу жоспарлары бойынша тәлім беру семинарлары, сабақтағы белсенді әдістер жөнінде тренингтер өткізілді; сабақтарға қатысып, кері байланыс орнатты; құжаттарды қайта қарап, өзгерістер енгізу үшін енгізіліп отырған оқу бағдарламасы мен жоспарлар бойынша сауалнамалар жүргізіп, ескертулер мен ұсыныстарды жинақтады.

Әдістемелік бірлестіктер отырысында КББ енгізу бойынша төмендегідей өзекті сұрақтар қаралды:

- Пән бойынша оқу бағдарламасының ерекшеліктері және 7-11 сыныптарда оқу үдерісін ұйымдастыру;
- Пәнді командалық әдіспен оқытудың және CLIL тәсілін қолданудың ерекшеліктері;
- Оқу мақсаттары мұғалім қызметін жоспарлау нәтижесі және оқушы жетістігін бағалау құралы ретінде;
- Оқушыларды өз бетінше білім алуға үйрету;
- Сыныпта ынтымақтасқан оқу ортасын құру жұмысының сапасы;
- Түрлі қабілет және интеллект түрлеріне ие оқушыларды оқытуда әр түрлі тәсілдер мен стратегияларды қолдану;
- Сабақ үдерісіне барлық оқушыларды түгелдей тарту;
- АКТ-ны сабақта тиімді пайдалану;
- Қалыптастырушы бағалау және оқушы мотивациясын дамыту.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Кіріктерілген білім бағдарламасын ендіру үшін жағдай жасау.
2. КББ ендіру жүйесінің мектепшілік мониторингін жүргізу.
3. Тұрақты негізде әдістемелік қолдау көрсету.

1.5. Оқушылардың үлгерімі және білім сапасы

2014-2015 оқу жылы аяғын мектепті 699 оқушы аяқтады. 7-сыныпқа төртінші тоқсанда келген 4 оқушы аттестатталмады. Жаз мезгілінде осы оқушылармен қосымша жұмыс жүргізілетін болады.

Оқу жылын аяқтаған оқушылар саны:

- «үздік» - 137 (20 %);
- «жақсы» - 530 (76 %);
- «қанағаттанарлық» - 28 (4%);

Оқу жылы соңында білім сапасы **94,71%**-ды құрады, бұл өткен 2013-2014 оқу жылымен салыстырғанда **43,01%**-ға жоғары.

Диаграмма. 2014-2015 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың сыныптар бойынша білім сапасы мен үлгерімі, %.

Сынып	Оқу тілі	Оқушылар саны	Оқужылын аяқтаған оқушылардың саны				Оқужылын аяқтаған оқушылардың %-дық үлесі				Оқу сапасы %	Сапа, %
			үздік	екпінді	қанағаттылық	қанағатсыз	үздік	екпінді	қанағаттылық	қанағатсыз		
7	каз	40	2	35	1		5	87,5	2,5		92,5	100
7	рус	40	9	25	3		22,5	62,5	7,5		85	100
8	каз	40	8	32			20	80			100	100
8	рус	39	10	28	1		25,64	71,79	2,56		97,44	100
9	каз	94	17	73	4		18,09	77,66	4,26		95,74	100
9	рус	87	8	75	4		9,2	86,21	4,6		95,4	100
11	каз	109	17	91	1		15,6	83,49	0,92		99,08	100
11	рус	75	11	55	9		14,67	73,33	12		88	100
12	каз	93	28	65			30,11	69,89			100	100
12	рус	83	27	51	5		32,53	61,45	6,02		93,98	100
Итого:											94,71	100

– Жоғары мектеп түлектерінің қорытынды аттестациясы

2014-2015 оқу жылында 12 сыныпты 176 оқушы аяқтады.

Қорытынды аттестация келесі міндетті пәндер бойынша жүргізілді: ана тілі, екінші тіл, Қазақстан тарихы, математика, және оқушылардың таңдауы бойынша келесі пәндердің біреуі: физика, химия, биология, дүниежүзі тарихы, география, қазақ әдебиеті.

Мектептің 54 оқушысы биологияны, 122 оқушы химияны, 24 оқушы физиканы, 2 оқушы дүниежүзі тарихын, 11 оқушы географияны, 1 оқушы қазақ әдебиетін таңдады.

Мектеп түлектері 100% білім сапасын көрсетті.

Кесте. Түлектердің қорытынды аттестациясының пәндер бойынша нәтижелері

№	Пән	Оқушылардың барлығы	Алған бағалары бойынша оқушылардың саны:									
			Барлығы:									
			5	%	4	%	Білім сапасы	3	%	2	%	
1	Ана тілі (оқу тілі)	176	142	81	34	19	100%	-	-	-	-	
2	Екінші тіл	176	109	62	67	38	100%	-	-	-	-	
3	Қазіргі әлемдегі Қазақстан	176	162	92	14	8	100%	-	-	-	-	
4	Математика	176	101	57	75	43	100%	-	-	-	-	
5	Физика	24	23	96	1	4	100%	-	-	-	-	
6	Химия	122	95	78	27	22	100%	-	-	-	-	

7	Биология	54	41	76	13	24	100%	-	-	-	-
8	Дүниежүзі тарихы	2	2	100			100%	-	-	-	-
9	География	11	8	73	3	27	100%	-	-	-	-
10	Қазақ әдебиеті	1	-	-	1	100	100%	-	-	-	-

Кесте. Жылдық және қорытынды бағаларының салыстырмалы нәтижелері

Сынып	Оқушылар саны	Оқу жылы қорытындысы					Қорытынды бағалары				
		«5» »	«4» »	«3» »	«5» %	Сапа %	«5» »	«4» »	«3» »	«5» %	Сапа %
A	24	5	19	-	21%	100%	6	18	-	25%	100%
B	23	3	20	-	13%	100%	6	17	-	26%	100%
C	22	6	16	-	27%	100%	8	14	-	36%	100%
D	24	6	18	-	25%	100%	8	16	-	33%	100%
E	15	4	10	1	27%	93%	4	10	1	27%	93%
F	17	4	12	1	24%	94%	5	11	1	29%	94%
G	17	4	12	1	24%	94%	3	13	1	18%	94%
H	18	8	9	1	44%	94%	9	8	1	50%	94%
I	16	5	10	1	31%	94%	6	9	1	38%	94%
Барлығы	176	45	126	5	26%	97%	55	66	5	31%	97%

– 11-сынып оқушыларының Сыртқы қорытынды бағалауы

2014-2015 оқу жылында Кіріктірілген білім беру бағдарламасы бойынша оқыған 11-сынып оқушылары ПОО мен КХЕК бірігіп ұйымдастырған сыртқы қорытынды бағалаудан алғашқы рет өтті.

Оқушылардың сыртқы жиынтық бағалауы 26-28 мамыр аралығында өтті. Сыртқы жиынтық бағалау кезінде 2014-2015 оқу жылындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының сыртқы жиынтық бағалауын өткізу бойынша нұсқаулығы мен Басқарма төрайымы К. Н. Шамшидинованың 20.11.14 ж. №572/ОД Бұйрығы басшылыққа алынды.

Мектепте іс – шаралар жоспары бекітіліп сыртқы жиынтық бағалауды жүргізуге жауапты қызметкерлер белгіленді. (Бұйрық №131-ОД. 21.04.15 ж.).

11-сыныпта оқитын барлығы 184 оқушыдан 153-і сыртқы жиынтық бағалауға қатысты, олардың ішінде 5 оқушы екі пәннен емтихан тапсырды. Қатысқан оқушылардың саны кестеде келтірілген.

КХЕК СЖБ қатысушылардың статистикасы

Сынып	Оқушылардың барлығы		Ана тілі		Екінші тіл	
	Қазақ тілінде оқыту	Орыс тілінде оқыту	Қазақ тілінде оқыту	Орыс тілінде оқыту	Қазақ тілінде оқыту	Орыс тілінде оқыту
11 «А»	21	-	1	-	-	15
11 «В»	22	-	2	-	-	13
11 «С»	21	-	5	-	-	14
11 «D»	23	-	6	-	-	16
11 «E»	22	-	8	-	-	5
11 «F»	-	23	-	9	15	-

11 «Г»	-	15	-	11	2	-
11 «Н»	-	20	-	14	6	-
11 «І»	-	17	-	10	6	-
Барлығы	109	75	-	44	29	63
Барлығы	184		66		92	

T1 бойынша 66 оқушы тапсырды. Бұл 11-сынып оқушыларының 35,9%-ын құрайды. T2 бойынша 92 оқушы тапсырды. Бұл 11-сынып оқушыларының 50%-ын құрайды.

12 наурызда ЖБ өткізу бойынша ПӨО инспекциясы жүргізілді. 2014-2015 оқу жылындағы Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу нұсқауына сәйкес мектеп емтихандарды өткізу талаптарына сәйкес екендігі атап көрсетілді.

Оқушылар жиналысы, ата-аналар жиналыстары өткізіліп, олар сыртқы жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен өткізу нұсқаулығымен таныстырылды. Сонымен қатар оқу жылы бойы дайындық шараларының жоспары бойынша КХЕК талаптарына сәйкес сынақ тесттер жүргізілді.

Берілген пәндер бойынша білім сапасының мониторингі жүргізілді. Емтиханға оқушының келмей қалуы немесе басқа да ЖБ жүргізу нұсқауын бұзу оқиғалары болған жоқ.

*Жыл қорытындысы мен КХЕК СЖБ бойынша
білім сапасының салыстырмалы нәтижесі*

Сынып	Оқушылар саны	Оқу жылы қорытындысы бойынша					КХЕК сыртқы жиынтық бағалау нәтижелері бойынша				
		«5»	«4»	«3»	«5» %	Сапа %	«5»	«4»	«3»	«5» %	Сапа %
A	21	3	18	-	14%	100%	3	18	-	14%	100%
B	22	4	17	1	18%	95%	6	15	1	27%	95%
C	21	1	20	-	5%	100%	2	19	-	10%	100%
D	23	1	22	-	4%	100%	1	22	-	4%	100%
E	22	5	17	-	23%	100%	5	17	-	23%	100%
F	23	2	18	3	9%	87%	3	16	4	13%	83%
G	15	4	9	2	27%	87%	4	9	2	27%	87%
H	20	1	16	3	5%	85%	1	16	3	5%	85%
I	17	2	15		12%	100%	3	14	-	18%	100%
Барлығы	184	23	152	9	13%	95%	28	146	10	15%	95%

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. 10 және 12-сынып оқушыларын КХЕК-ның сыртқы жиынтық бағалауына дайындау бойынша арнайы жоспар жасақтау.
2. Емтихан комиссиясының мүшелеріне арналған нұсқаулық-әдістемелік семинарлар топтамасын ұйымдастыру және жүргізу.

1.6. Оқу үдерісінің эвалюациясы

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің білім беру бағдарламаларының талаптарына сай пәнді оқыту сапасының сәйкестігін анықтау мақсатында, білім беру үдерісін қамтамасыз ету жағдайлары білім беру қызметінің Ережелеріне сай ұйымдастырылуын қадағалап, мұғалімдер жұмысының деңгейі мен іс-тәжірибесіндегі қиыншылықтары туралы жеке

ақпарат алу мақсатында және сол ақпаратты әрі қарай әдістемелік жұмыста қолдану үшін, 2014-2015 оқу жылында төменде келтірілген оқу пәндері бойынша зерттеулер жүргізілді:

- биология (мерзімі: 22.09-11.10.2014 ж.);
- химия (мерзімі: 17.11-6.12.2014 ж.);
- математика (мерзімі: 20.04-20.05.2015 ж.)

Зерттеулердің нәтижелері Педагогикалық кеңес отырыстарында қаралып кемшіліктерді жою үшін тиісті шаралар қабылданды.

Жалпы алғанда келесі проблемалар анықталды:

1. Әдістемелік жұмысты жоспарлау кезінде мұғалімдердің кәсіби қиыншылықтары бойынша жүргізілген талдау нәтижелері үнемі ескеріле бермейді.
2. Көбінесе мұғалімдер сабақ мақсаттарын сабақтың басында айтады, бірақ оқушылар өздеріне рефлексия жасап, мақсаттардың қаншалықты орындалғандығын тексеру үшін сабақ бойына оларға қайта оралмайды.
3. Қалыптастырушы бағалаудың мәнісін мұғалімдердің бәрі бірдей толық түсінбейді және оны оқушының алдағы жеке траекториясын қалыптастыру үшін қолданбайды.
4. Тәжірибесі аз мұғалімдер көбінесе жай репродуктивті сұрақтармен жалпы сауалнама жүргізеді.
5. Дарынды оқушылармен жұмыс қажетті деңгейде ұйымдастырылмаған.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Әдістемелік бірлестік деңгейінде оқу үдерісінің эвалюациясы бойынша жұмыстарды жетілдіру.
2. Мұғалімдердің аналитикалық қызметі бойынша методологиялық семинарлар топтамасын ұйымдастыру және жүргізу.
3. Жүргізілген зерттеулер қорытындылары бойынша әдістемелік ұсыныстар дайындау.

1.7. Элективті курстар

Пәндік білімдерді тереңдету, оларды өмірде қолдана білу, зерттеу жүргізу дағдыларын дамыту мақсатында элективті курстар жүргізіледі.

Элективті курстар екі түрге бөлінеді: ішкі және сыртқы.

Мектептің 2014-2015 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспарын жүзеге асыру барысында төменде келтірілген элективті курстар ұйымдастырылды:

Ішкі элективті курстардың тізімі

№	Атауы	Сынып
1	Биология	12
2	Генетика негіздері	11-12
3	Цитология	11-12
4	Химия негіздері	7
5	Тіл білімі тараулары	8-11
6	Компьютерлік графика	7-8
7	Экология негіздері	7-8
8	Мәтінмен жұмыс	7-9
9	Орыс тілі және жазу	7-9
10	Орыс тілінің практикалық курсы	11-12
11	Іскерлік ағылшын	8-9
12	Елтану	7

Сыртқы элективті курстар танымал жетекші білім және ғылым мекемелерінің базасында жүргізіледі. Курстардың тақырыбы оқушылардың тіл және бейінді пәндер бойынша дағдыларын дамытуға негізделген.

Кестеде 2015 жылы өткізілген шетелдік курстардың тізімі келтірілген.

Осы курстарда оқу үшін оқушыларды іріктеу келесі критериялар бойынша жүргізіледі:

- оқушының пәндік академиялық немесе шығармашылық ынтасы;
- білім алу барысындағы оң өзгерістер;
- олимпиадалардағы, ғылыми жобалар сайыстарындағы жетістіктері;
- шетелдік курстарға бару үшін ағылшын тілін жақсы білу.

Кесте. Шетелдік курстардың тізімі

№	Мектептен тыс курстар	Қатысушының аты - жөні	Сыныбы	Мерзімі
1	Жатақхана тәрбиеленушілері үшін ағылшын тілі курсы	Ақмұханбетов Дастан Әнесов Жақсылық Хисметов Думан Имамурат Нұрсая Жаңбырбай Парасат Молдабаев Досхан Қалиолла Кемелхан Сабиғалиева Жадыра Сагиева Мадина Бағытжанова Айна Өтепкалиева Айымгүл Берекеқызы Жанерке Билялова Айнұр Қуанышев Асылбек Нарымбаева Жұлдыз Абай Динара Сисенбаева Асель Қуанышқалиева Данара	8B 9B 11A 9C 8B 9C 9D 9B 8D 9B 9D 9F 11C 11D 11A 11C 8D 11F	19- 26.12.2014
2	«Мектептегі оқушы дауысы» тәсілін қалыптастыру бойынша мектептен тыс курс	Исказиева А.	8C	14- 20.12.2014
3	Дизайн-ойлауды дамыту бойынша мектептен тыс курс, АҚШ	Кубашева А.	11G	11- 25.07.2015
4	PERMAT Apintar жазғы лагерь, Малайзия	Біхсан А. Исатаев Ж. Тайынбасова Н.	9E 9E 9A	31.05- 21.06.2015
5	Дарынды жастар орталығының (СТУ) жазғы лагерьі	Жалғасбаев К.	8A	28.06- 17.07.2015
6	Физика, химия және биология бойынша фокус топтар, Малайзия	Бекетова А. Төреғалиева Ә. Мұханғалиева А.	9D 9D 9C	5-19.07.2015
7	Жазғы лагерь Besant Hill School, Лос Анджелес, АҚШ	Абатов Ануарбек Максотулы	11C	1-15.07.2015

2014-2015 оқу жылында шетелдерде барлығы 7 элективті курс ұйымдастырылды. 28 оқушы курстарға қатысты, 6 мұғалім шетелге оқушыларды алып жүруге іссапарға жіберілді.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Элективті курстардың бағдарламаларын дайындау бойынша семинарларды ұйымдастыру және жүргізу.
2. Элективті курстарды жүзеге асырудың қиыншылықтары бойынша коучинг-сессиялар ұйымдастыру.
3. Әртүрлі сыртқы элективті курстарға қатысқан оқушылардың арнайы даму бағдарламасын дайындау.

2. БЕЙІНДІ – ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ҚЫЗМЕТ

2.1. Критериалды бағалау жүйесін енгізу

Білім сапасын бағалау жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі оқушылардың жетістіктерін бағалау болып табылады. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау Бағалау саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

2014-2015 оқу жылында оқу үдерісін ұйымдастыру барысында критериалды бағалаудың екі моделі қолданылды:

- оқу үдерісі Білім беру бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған 12-сыныптардағы критериалды бағалаудың қолданыстағы моделі (2010 жыл);

- оқу үдерісі Кіріктірілген білім беру бағдарламасы бойынша ұйымдастырылған 7-11-сыныптардағы критериалды бағалаудың кіріктірілген моделі (2012 жыл)

Оқу жылы басында мұғалімдер «Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау» атты әдістемелік ұсыныстармен таныстырылды. Мектеп мұғалімдері арасынан құрылған жетістік критерийлерін құрастырушылармен әдістемелік бірлестіктерде фокус-топтар жұмыс жүргізді (мерзімі: 8.09-16.09).

Оқу жылы басында ата-аналар жиналыстарында кураторлар, жетістік критерийлерін құрастырушылар түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында оқушылар мен ата-аналардың алдында сөз сөйледі. «Шаңырақтарда» «Жағдайы тең» әдісі бойынша 8-9-сынып оқушылары 7, 11-сынып оқушыларын алғаш рет кездесіп отырған критериалды бағалау жүйесімен таныстырды (мерзім: 13.09).

Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделін енгізу және қолдану бойынша мектепшілік семинарда қалыптастырушы бағалауды ұйымдастыру бойынша тәжірибе алмасу жүргізілді. Талқылау барысында қалыптастырушы бағалауды жүргізу бойынша мұғалімдер үшін ұсыныстар әзірленді (мерзімі: 24.10.2014 ж.)

Қалыптастырушы бағалауды модерациялау мәселелері ӘБ жетекшілері мен КБКМ үйлестірушілеріне арналған семинарда қарастырылды. Жетістік критерийлерін стандарттау бойынша ұсыныстар сәйкес әдістемелік бірлестіктерде әзірленді (мерзімі: 22.04.2015 ж.).

Тапсырмаларды дайындау және қалыптастырушы бағалаудың тиімді тәсілдерін енгізу бойынша жүйелі коучинг-сессияларының топтамасы ұйымдастырылды.

Құрастырылған тапсырмалардың сапасын талдау нәтижелері бойынша 1, 2, 3, 4 тоқсандарға Сыртқы жиынтық бағалау үшін тапсырмалар базасы жасалды. Барлық пәндер бойынша СЖБ тапсырмаларының электронды жинағы шығарылды.

Әрбір пән бойынша қалыптастырушы бағалау үшін тапсырмалар базасы жасалды. Информатика пәні бойынша тапсырмалар жинағы жетістік критерийлерін құрастырушының редакциясымен sk.nis.edu.kz/ сайтында орналастырылды.

Төменде көрсетілген топтардың арасында жүргізілген сауалнаманың нәтижелері бойынша келесі оң тәжірибе анықталды және КБКМ енгізу процесін дамыту үшін салалар белгіленді:

	Мұғалімдер үшін	Оқушылар үшін	Ата-аналар үшін
Оң тәжірибе	Оқушылардың оқу жетістіктері бағаланатын критерийлерді білу; Оқушылар жетістігінің динамикасы мен ілгерілеуін тиімді қадағалау	Жетістік критерийлерін түсіну және өз біліміндегі ілгерілеу немесе олқылықтар жайында хабардар болу; Қателікті түзету мүмкіншілігі; Сабакта	Критериалды бағалау жүйесі баланың біліміндегі ілгерілеу мен олқылықтарды жеңіл қадағалауға көмектеседі және білімдерін әділ

	мүмкіншілігі; Оқушылардың білімдері мен дағдыларындағы кемшіліктерді нақты анықтау мүмкіншілігі және оларды жою тәсілдері.	мұғалімдерден кері байланыс алады.	бағалауға мүмкіншілік береді.
Дамыту салалары	Қалыптастырушы бағалауды қолдана отырып сабақтарды жоспарлау; Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағын дайындау.	Өзін – өзі бағалау мен сыныптастарын бағалау үдерісіне оқушыларды тарту оқу үдерісін жетілдіруге көмектеседі.	Қалыптастырушы бағалау бойынша оқушылардың оқу жетістіктері туралы есептер ұсыну.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. «Критериалды бағалау» кәсіби желілік қоғамдастығының қызметін жандандыру.
2. Критериалды бағалау мәселелері бойынша әртүрлі деңгейдегі іс-әрекеттегі зерттеулерге жол ашу, ұйымдастыру және жүргізу.
3. Қалыптастырушы бағалаудың тиімді тәсілдерін дайындау және енгізу жолында педагогтарға әдістемелік көмек көрсету.
4. Критериалды бағалау үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін қажетті оқу-әдістемелік ресурстар дайындау.
5. Критериалды бағалау мәселелері бойынша ата-аналар үшін консультациялық он-лайн орталықтың жұмысын ұйымдастыру.

2.2. Кәсіптік бағдар

Назарбаев Зияткерлік мектебіндегі кәсіптік бағдар берудің негізгі міндеттерінің бірі мектеп бітіруші түлектер мен оқушылар арасында мемлекеттің индустриалды-инновациялық дамуының қажеттіліктеріне сәйкес мамандық таңдай білулері үшін қажетті білім көзімен таныстыру жұмыстарын жүргізу болып табылады.

Кәсіптік бағдар беру қызметінің басты бағыттары:

1. *Кіріспе-диагностикалық.* 11-12-сынып оқушылары үшін мамандық таңдауда туындайтын қиыншылықтарды зерттеу үшін кураторлық-психологиялық қызметтің жұмыс жүйесін қалыптастыру. 7-9 сынып оқушыларының кәсіптік бейімділіктері бойынша ақпарат алу үшін диагностика жүргізу.
2. *Ақпараттық.* 11-12-сынып оқушыларының шамамен таңдаған мамандықтары бойынша консультациялар беру, әңгімелесу, ЖОО-нан қажетті ақпарат алуға көмектесу.
3. Ұсынылған мамандықтар мен ЖОО бойынша 11-12 сынып оқушыларымен кездесу, консультациялар жүргізу. Эссе жазу дағдыларын дамыту, Отандық және шетелдік ЖОО тапсыру үшін қажетті құжаттар толтыруды үйрету. IELTS, TOEFL, SET, SAT халықаралық емтихандарға дайындау. ЖОО, білім беру орталықтарының өкілдерімен кездесу, скайп-конференциялар, семинарларлар ұйымдастыру.

4. *Кәсіптік ағарту.* «Ақылды бейсенбі» жобасы аясында әртүрлі мамандық иелерімен кездесулер ұйымдастыру. Қала және облыс мекемелеріне сапарға шығу.

Бірінші жартыжылдықта психологтар мен өзін-өзі тану мұғалімдері Е. А. Климова, ДЖ. Холланд, Гарднер, Л. Йоваши сауалнамалары негізінде 7-12 сынып оқушыларының кәсіптік бейімділіктері бойынша ақпарат алу мақсатында диагностика жүргізді. Бұл кешенді іс-шаралар жүйесі адамның негізгі қызығушылықтарын, қабілеттіліктері мен жеке ерекшеліктерін және болашақта өздері табысты бола алатын нақты кәсіпке, мамандыққа немесе мамандықтар тобына сәйкестігін анықтауға бағытталған. Осылайша, «11-12 сынып оқушыларының кәсіби бейімділіктерінің картасы» деген деректер базасы құрылды.

Екінші жартыжылдықта А. Г. Голомштоктың және Г. В. Резепкиннің кәсіби қызығушылықтарды зерттеуі бойынша 7-9 сыныптарда тестілеу жүргізілді.

1-6 желтоқсан аралығында Дж. Холланд бойынша 9-сыныптар арасында тестілеу жүргіздім. 9 сыныптардағы тестілеу нәтижелері бойынша оқушылардың 71% химия және физика пәндерін таңдаса, 5% - гуманитарлық ғылымдарды, 20% - биологиялық ғылымдарды, 4% - юриспруденцияны таңдаған.

Диагностиканың нәтижесінде Атырау қ. Назарбаев Зияткерлік мектебінде кәсіби бейімділіктердің техникалық бағытталуы қоғамдық-гуманитарлық және әскери-спорттық циклге қарағанда әлде қайда айқын көрінеді. Осыған байланысты оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмысын құру үшін физика, химия, биология, математика пәндерінің әдістемелік бірлестіктерімен ортақ жұмысты реттеу қажет. Бұл жағдай оқушыларды кәсіби мамандықты өздері анықтауға дайындауға мүмкіншілік етеді.

Екінші кезең – ақпараттық ағарту. Психологиялық талдау және сәйкес мамандықтардың тізімі алынғаннан кейін оқушыларға инспектор мен психологтың жеке және топтық (сыныптар бойынша) кеңестері ұсынылды. Кездесулерде 12- сынып оқушылары болжамды мамандықтар мен жоғары оқу орындары жайында толық ақпарат алды. Әлемдегі білім беру бағдарламалары бойынша қосымша ақпарат алуға мүмкіншілік беретін «Қазіргі таңдау – ертенгі күн» атты стенд жасалды.

05.02.15, 17.02.15, 12.03.15 – осы күндері «Ренесанс» және «Атырау» қонақ үйлерінде әлемнің 15 елінің 72 оқу орындарының және Қазақстанның аса танымал оқу орындарының білім беру бағдарламалары бойынша Халықаралық көрмелер өтті.

Жыл бойы университеттермен тікелей скайп-конференциялар жүргізілді. 07.04.15 күні ЖПЖЖ пәні мұғалімі Andrew Zwick көмегімен американдық жоғары оқу орындарының уәкілдерімен скайп-конференция өткізілді. Бұл конференцияда гранттар мен стипендиялар жайында ақпарат берілді. 09.04.15 күні ҚазМУ биология кафедрасымен скайп-конференция өтті. Оқушылар факультеттер, гранттар, студенттермен алмасу бағдарламасы жайында толық ақпарат алды.

АҚШ-та оқу туралы ақпаратты алу маңызды болып саналады. 21.11.14 күні АҚШ консулдық өкілі Йан Тернермен кездесу ұйымдастырылды. Бұл кездесуде ғылым, экономика салаларындағы өзекті сұрақтар және АҚШ-та білім алу мәселесі талқыланды. Оқушылар шетелде білім алу және студенттік визаларды жасау жайында пайдалы ақпарат алды. 21.04.15 күні мектептің акт залында білім беру жөніндегі АҚШ консулдық өкілі Тунгатарова Майрамен кездесу өтті. Осы кездесу өте қажет және дер кезінде өткізілді. Оқушылар АҚШ-та білім алуға гранттар мен стипендиялар жайында білді. 06.05.15 күні Астананың American Councils өкілі Абеуова Данамен кездесу ұйымдастырылды.

Осы жылы Атырау қ. Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебін 176 түлек бітірді. Қазақстанның ең үздік жоғары оқу орны – Назарбаев Университетіне түсу олар үшін жоғары басымдылық болып есептеледі. 2014 жылдың 22 қараша күні мектептің акт залында бітіруші сынып оқушылары Назарбаев Университетінің өкілдері

инженерия мектебінің профессоры Nas Basі, ғылым және технология мектебінің өкілі Е.Абдикамаловамен, қабылдау комиссиясының мүшесі А. Мағаулинамен кездесу өтті. Назарбаев Университетке түсу 3 кезеңнен тұрды. 72 мектеп оқушысы тіркеліп, 19 адам (26%) конкурстық іріктеуден өтті. Тест бойынша жинаған орташа балл 60-тан 36 болды. Себебі – SET тапсырудың деңгейі төмен болды. Осы жағдайды талқылау барысында оқушылар тапсырмаларды, ғылыми терминдерді ағылшын тілінен аудару кезінде қиыншылықтарды кездестіргендігі анықталды.

Кәсіптік зерделеу шеңберінде еңбек нарғының талаптары, кәсіптік білім алудың мүмкін жолдарымен таныстыру мақсатында Қазақстанның келесі жоғары оқу орындарының өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылды: ҚБТУ, КИМЭП, Сулейман Демирель атындағы университет, Л. Гумилев атындағы ЕҰУ, АЛМА, Ақпараттық технологиялар университеті, Атырау Мұнай және Газ институты, Х. Досмухамедов атындағы АМУ. Астана, Алматы, Атырау қалаларының оқу орталықтарымен: Сингапурдың Менеджмент Дамыту институты (MDIS) өкілімен бірлескен Dos Education Group, Topchina оқу орталығы, CaspianTraininggroup, UnivarSity өкілдері, «Интеллект» оқу агенттігімен кездесулер ұйымдастырылды.

Кәсіптік бағдар берудің 3 кезеңі – кәсіптік ағарту, «Ақылды бейсенбі» жобасы аясында әртүрлі мамандықтардың қызықты иелерімен кездесулерді ұйымдастыруды, қала және облыс мекемелеріне сапарға шығуды кірістіреді. Атырау Қазақстанның мұнайлы өлкесі және балықтың аса бағалы тұқымдарының иесі, осымен байланысты оқушылар жыл бойы біздің өлкеміздің өндірісімен танысты.

12.02.15 күні «Өндірістегі бір күн» жобасының аясында 8 «В» сынып оқушылары бекіре балықтардың құнды тұқымдарының майшабақтарын өсіру бойынша Қазақстандағы жалғыз Атырау балық зауытына барды.

9 «С» сынып оқушылары республикамыздың стратегиялық маңызды объектісі болатын Атырау Мұнай өңдеу зауытына барып көрді, сонымен қатар «Атырау Нефтемаш» мұнай жабдықтау зауытын, «Рауан Налко», ТШО кеңсесіне барды.

«Ақылды бейсенбі» жобасы аясында әртүрлі мамандық иелерімен 5 кездесу өткізілді:

- «Рауан Налко» өндіріс бойынша техникалық директор Санбаев Асылбек Турганбайұлымен.
- Атырау мұнай және газ институтының профессоры, ғылымға еңбек сіңірген қайраткер Е. Г. Гиладжевпен, Назарбаев Университетінің профессоры Mohamed Bouhrara.
- Медицина профессоры, Лондон корольдік қоғамының құрметті мүшесі, Канададағы физика және хирургия колледжі қоғамының құрметті мүшесі Бент Хоугесенмен.
- «Полимер продакшн» ұлттық компания өкілдерімен.
- «Fluor» жобалық компаниясының техникалық директоры Кристофер Пилигрим мырзамен.

2015 жылдың 4 қаңтарында Атыраудың ірі мекемелері мен шетелдік компаниялары: ЖШС АМӨЗ, ААҚ «КТК-К», «FLUOR», «WorleyParsons», «NCOCB.V.», «Тенгизшевройл» ЖШС-не біздің мектеп түлектерін Қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарында оқу үшін оқыту гранттарын беру мүмкіншілігін қарастыру жайында хат жіберілді. «Эмба мұнайгаз», «Тенгизшевройл» компанияларынан оң жауап келді, олар гранттарды ұсыну үшін түлектерді іріктеуде өз критерийлерін ұсынды.

2015 жылдың 27 мамырында Назарбаев Зияткерлік мектептерінің барлығында «Баланды жұмысқа алып бар» атты жоба өтті. Жобаға 7-8 сыныптардан 159 оқушы қатысты.

Ата – аналардың жұмысына барып келген оқушылардың саны – 153, 6 оқушы мектепте іс-тәжірибеден өтті.

Ірі мекемелер - 40

Орташа мекемелер - 66

Шағын бизнес мекемелер -14

Мемлекеттік мекемелер - 39.

Өткен жылмен салыстырғанда (87%) осы жылы іс – тәжірибеден өту бойынша оқушылардың жақсы белсенділігі байқалды – 96%. Мектепте іс-тәжірибеден өткен оқушылар медициналық бөлімінің, кураторлық қызметінің, кітапхананың, ІТ-қызметінің, мектеп жатақханасының жұмыстарына кірістірілді. Жазғы мектеп кезінде оқушылар өз жобаларын қорғады.



2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:



1. Оқушыларға бейінді пәндерді таңдау кезінде психологиялық-педагогикалық қодау көрсету мақсатында кураторлық-психологиялық қызметті белсендету.
2. Кәсіптік бағдар беру жұмысының кешенді жоспарын әзірлеу.
3. Халықаралық емтихандарға дайындықты жетілдіру.

3. ҒЫЛЫМИ – ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ

3.1. Педагог кадрлар

Педагогтардың жалпы санының ішінен жоғары білімді 128 (100%) мұғалім бар. 30 (3%) мұғалімнің магистр атағы бар. Бұл – 2013-2014 оқу жылымен салыстырғанда 0,4 % - ға жоғары көрсеткіш. 1 мұғалім (0,78%) – «Болашақ» бағдарламасының түлегі.

Еңбек өтілі бойынша мұғалімдер келесі ретпен бөлінді: «еңбек өтілісіз» - 19 (14,8%), еңбек өтілі «10 жылға дейін» - 50 (39%), еңбек өтілі «11 жылдан 20 жылға дейін» - 29 (22,7%), еңбек өтілі «20 жылдан 30 жылға дейін» - 24 (18,8%), еңбек өтілі «31 жылдан 40 жылға дейін» - 5 (3,9%), еңбек өтілі «41 жылдан жоғары» - 1 (0,78%). Педагогтардың орта жасы 25-30 жасты құрайды.



Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігінің марапатына ие болған 13 педагог бар. Марапат иелері:

- «БІ. Алтынсарин» төсбелгісі - 1 (*Каменова А.Т. қазақ тілі және әдебиет пәндерінің мұғалімі*);
- «ҚР білім беру ісінің үздігі» төсбелгісі - 3 (*Аташева К.Н., математика пәні мұғалімі, Махмуда Б.Р., химия пәні мұғалімі, Сапанов С.Ж., директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары*);
- «ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісі - 1 (*Исмагулова С.М., БЭЖ жөніндегі директордың орынбасары*);
- «Білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі үшін» медалі - 2 (*Адилғалиева Ж.С., математика пәні мұғалімі, Ищанов Ж.З., тарих пәні мұғалімі*);
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасы – 5;
- ДББҰ «Назарбаев Зияткерлік мектептер» алғыс хаты – 1.

2014 жылы Тәуелсіздік күніне орай 11 мұғалім Атырау қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектептің алғыс грамоталарымен марапатталды.

2014-2015 оқу жылы қорытындысы бойынша мектептің кейбір педагогикалық қызметкерлері оқу, тәрбиелік және ғылыми салаларда сапалы нәтижелер көрсетті.

Кесте. Мектеп педагогтарының жетістіктері.

Сайыс, конференция	Мұғалім аты-жөні, пән, атқаратын қызметі	Өткізу орны
“Excellence in English Teaching and Research for better learning outcomes” атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. «Коммуникативті және танымдық қызметті дамыту үшін сын тұрғысынан ойлау стратегиясын қолдану» атты шеберлік сабақ. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның жинағында “Songs as an effective method of learning English” атты мақаласы жарық көрді, ИДС 372.881.111.1	Бисенғалиева А.М., ағылшын пәні мұғалімі	Костанай, А. Байтұрсынов атындағы ҚМУ 28-29.04.2015
Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның жинағында «Organising accessible ways of reading authentic texts in EFL classrooms» атты мақаласы жарық көрді.	Хасанова К.К., ағылшын пәні мұғалімі	Астана, 22-24.10.2014
«Критериалды бағалау және оның компоненттері», «Ашық сұрақтар және оларды құрастыруға қойылатын талаптар», «Learning objectives and lesson planning», «Reflection in teaching» шеберлік сабақтары.	Хасанова К.К. ағылшын пәні мұғалімі	Атырау қ. Химия – биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі 2015 ж. Ақпан - наурыз
Онлайн-конференция	Кимбаева Ш.С., биология пәні мұғалімі	Атырау қ. Химия – биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
«Білім беру саясаты, тәжірибе және зерттеу» атты Халықаралық ғылыми – практикалық конференция	Утегенов Г.К., дүниежүзі тарихы пәні мұғалімі	Астана қ.
Тұңғыш Президент күніне орай	Утегенов Г.К., дүниежүзі тарихы	Астана қ. Қазақстан

	пәні мұғалімі	Республикасының тұңғыш президентінің кітапханасы
Тұңғыш Президент күніне орай	Джумабеков А.Н., Қазақстан тарихы және Қазіргі әлемдегі Қазақстан пәндерінің мұғалімі	Астана қ. Қазақстан Республикасының тұңғыш президентінің кітапханасы
«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ, «BilimLand.kz» сайты өткізген «Жаңашыл мұғалім» байқауы, "Алғыс хат"	Уғыбаева Г.А., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, бірлестік жетекшісі	Атырау қ.
«Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ, «BilimLand.kz» сайты өткізген «Жаңашыл мұғалім» байқауы, "Алғыс хат"	Қойшыбаева Н.О., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Атырау қ.
Назарбаев Зияткерлік мектептері арасында өткізілген «Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделін қолдану бойынша тәжірибемен бөлісу» семинары, 11-сынып бойынша ашық сабақ	Уғыбаева Г.А., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, бірлестік жетекшісі	Павлодар қаласы, 22-23. 12. 2014 жыл
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Білім беру бағдарламалары орталығы» филиалы ұйымдастырған «Қазақ тілін оқытудағы инновациялық бастамалар: Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі» атты Республикалық қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің форумы, баяндама	Уғыбаева Г.А., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, бірлестік жетекшісі	Астана қаласы, 8.11. 2014 жыл
«Білім беру саясаты, тәжірибе және зерттеу» халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясының ғылыми баяндамалар жинағы	Уғыбаева Г.А., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, бірлестік жетекшісі	Астана қаласы, 23.10. 2014 жыл
«Білім беру саясаты, тәжірибе және зерттеу» халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясының ғылыми баяндамалар жинағы	Шамшенова М.Б., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Астана қаласы, 23.10. 2014 жыл
«Білім беру саясаты, тәжірибе және зерттеу» халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясының ғылыми баяндамалар жинағы	Самбетова Н.Р., қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Астана қаласы, 23.10. 2014 жыл
«Үздік оқытушы» қазақ тілі мұғалімдерінің облыстық байқауы /Алғыс хат/	Мұхамбетжанқызы Ә. қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	Атырау облысы Тілдерді дамыту басқармасы, 2015
«Мұғалімнің кәсіби дамуының іс-тәжірибесі: өзгеріс және келешек» аймақтық семинар/ашық сабақ	Мұхамбетжанқызы Ә. қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі	«Өрлеу» БАҰО» АҚ, Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты, 2015
«Білім беру саясаты, тәжірибе және зерттеу» атты Халықаралық ғылыми – практикалық конференция	Мельникова Элина Вячеславовна – орыс тілі және әдебиет пәні мұғалімі	Астана қ.
«Білім беру саясаты, тәжірибе және зерттеу» атты Халықаралық ғылыми – практикалық конференциясындағы «Рефлексивті оқыту.	Шидалина С.К., физика пәні мұғалімі	2014 жыл 23, 24 қазан, Астана қ.

Сабактағы рефлексия» баяндамамен		
«Білім беру құндылықтары және қазіргі заманғы оқулық» атты Халықаралық ғылыми – практикалық конференциядағы «Формирование личностно-ориентированных ценностей образования при командном обучении» атты баяндамамен	Султанов М.Т., физика пәні мұғалімі	2015 ж. 18 маусым, Л. Н. Гумилев атындағы Евразия Ұлттық Университеті, Астана қ.
Футболдан желілік спартакиада (3 орын)	Утегенов С.А.	2014 ж. 21-24 желтоқсан Қарағанда қ.
«Білім беру саясаты, тәжірибе және зерттеу» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция	Тлеулесова А.Н., химия пәні мұғалімі	2014 жыл 23-24 қазан, Астана қаласы
Назарбаев Зияткерлік мектептерінде химия пәнінен сабақтарды ұйымдастырудың ерекшеліктері	Демешова М.М Химия пәні мұғалімі	2014 жыл 23-24 қазан, Астана қаласы
Практикалық жұмыстардың сабақ үлгеріміне әсері	Гайсина Г.Д., химия пәні мұғалімі	2014 жыл 23-24 қазан, Астана қаласы
«К классу не с ответом, а с вопросом» тақырыбындағы мақала	Ким Е.Г., химия пәні мұғалімі	Республикалық басылым – «Білімді ел-образованная страна», №9(22) 2015 ж. 12 мамыр
"Учение через деятельность" тақырыбындағы мақала	Бейсенбекова Г.С., химия пәні мұғалімі	Республикалық басылым – «Білімді ел-образованная страна», «Теория и практика» бөлімі №5 2015 ж. 10 наурыз
Назарбаев Зияткерлік мектептерінің мұғалімдері үшін іс-әрекеттегі тәжірибені зерттеу бойынша журналға мақала	Бейсенбекова Г.С., химия пәні мұғалімі	«ACTION RESEARCH.KZ», Астана қ., 2014 ж. 23-24 қазан
Химия сабақтарына кіріктірілген білім беру бағдарламасын енгізу тәжірибесінен	Бейсенбекова Г.С., химия пәні мұғалімі	«Білім беру саясаты, тәжірибе және зерттеу» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ғылыми баяндама жинағында (Астана қ., 2014 ж. 23-24 қазан).
Bilim Media Group «Мұғалім – новатор» сайысына белсенді қатысқаны үшін алғыс хат	Махмуда Б.Р., химия пәні мұғалімі	2015 ж. 10 наурыз – 10 сәуір BilimLand [idea@edu.bilimland.kz]
Халықаралық қашықтан өткізу олимпиадасы «Инфоурок», Диплом	Қосанов Р.П., химия пәні мұғалімі	2015 ж. 15-18 мамыр, Мәскеу

Кесте. Мектеп педагогтарының басылымдары

Деңгей	Әдістемелік бірлестік										Барлығы
	Химия	Биология	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Тарих және география	Математика	Физика	Информатика және өнер	Дене шынықтыру	
Халықаралық	4	1	3	1	1	2	2	4	-	-	18
Республикалық	1	2	7	1	3	2	3	4	-	-	23
Облыстық	1	-	-	-	-	1	-	-	-	-	2
Педагогикалық білімдер базасы	8	2	8	9	3	11	8	5	1	-	55
Serforum	2	-	8	-	-	6	10	6	-	1	33
Басқалар	-	1	4	-	-	-	-	-	-	-	5
Барлығы	16	6	30	11	7	22	23	19	1	1	136

– Конкурстық іріктеу

Конкурстық іріктеу ДББҰ нормативті-құқықтық құжаттарына сәйкес жүргізілді. Үміткерлер өз пәні бойынша тестілеуден өтті, шығармашылық кезеңде эссе жазды, соңғы кезеңде әңгімелесуге шақырылды.

2014-2015 оқу жылында конкурстық іріктеуге 226 үміткер қатысты, соның ішінде 37 үміткер мектепте жұмыс істеуге ұсынылды. Қабылданған пән мұғалімдері: ағылшын тілі – 3, математика – 3, информатика – 1, физика – 4, химия – 3, биология – 2, тарих және жаһандық перспективалар мен жобалау жұмысы – 4, география – 2, қазақ тілі және әдебиеті – 1, экономика – 1, орыс тілі және әдебиеті – 2, мұғалімнің көмекшісі – 8, дене тәрбиесі – 3.

Жұмысқа жаңа қабылданған мұғалімдердің ішінде деңгейлік бағдарлама бойынша сертификатталған мұғалімдер саны: 1-деңгей – 4; 2-деңгей – 3; 3-деңгей – 2.

Бос қызмет орындарын дер кезінде толықтыру үшін 21 педагог қызметкерден тұратын резерв жасақталды.

Конкурстық іріктеу нәтижелеріне белгілі болғаны:

- Әрбір үшінші үміткер пәндік тест бойынша шектік деңгейден өте алмайды;
- Тілдік құзыреттің әлсіздігі;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру дәрежесінің төмендігі;
- Педагогикалық білім мәселелері бойынша дайындығының төмендігі.

Осыған орай мектептің әдістемелік жұмысы шеңберінде мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ерекше назар аударылды.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Мұғалімдердің конкурстық іріктеуін ұйымдастыру бойынша арнайы жоспар әзірлеу.
2. Республикалық және аймақтық педагогикалық жоғары оқу орындарымен серіктестікті нығайту.

– Педагогикалық кадрларды аттестациялау

Педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген қызметкерлердің аттестациясы 2015 жылдың 26 ақпанында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ филиалдарында педагогикалық қызметкерлер мен оларға теңестірілген қызметкерлерді аттестациялау ережелері» талаптарына сәйкес іске асты. (протокол №7).

Мектептің әрбір педагогы кәсіби өсуінің «жеке маршрутын» жасады.

Есепті кезең кезінде аттестациялаудан мезгілінен бұрын өту үшін 27 мұғалім өтініш білдірді. Соның ішінде 26 мұғалім «модератор» деңгейінен (20 %), 1 мұғалім «эксперт» деңгейінен (8 %) өту үшін тапсырды.

Аттестациялау нәтижелері 2015-2016 оқу жылында белгілі болады.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Педагог қызметкерлерді аттестаттау және дайындық жөніндегі жоспарды әзірлеу және іске асыру.
2. Қызметкерлерді үздіксіз білім алуға, өзін-өзі оқытуға, біліктілігін арттыруға ынталандыру және жағдай жасау.

3.2. «Тәлімгерлік мектебінің» қызметі

Мұғалімдер педагогикалық дағдылардың басым бөлігін оқыту мен тәжірибенің алғашқы жылдарында меңгереді. Мектеп тәжірибесінде менторлық жас мұғалімдерге кәсіби бейімделу мен шеберлікке машықтану кезеңінде көмек көрсетуге бағытталған.

Менторлық педагогикалық тәжірибесін жаңа бастаған мұғалімдерге мұғалім мамандығына аса тиімді бейімделуге көмек көрсетеді.

2014-2015 оқу жылында төменде көрсетілген педагогтардың саны менторлық қызмет көрсетті:

№	Әдістемелік бірлестік	Менторлық топтардың саны	Өткізілген іс – шаралардың саны (сабақтар, семинарлар, коучинг, кеңес беру және т.б.)
1	Ағылшын тілі	3	11 коучинг, 8 ашық сабақ, сабақтарды бірлесіп жоспарлау, күнделікті кеңес беру
2	Биология	3	3 коучинг, 2 ашық сабақ, кеңес беру
3	Информатика және өнер	1	2 ашық сабақ, кеңес беру
4	Тарих және қоғамдық пәндер	5	4 коучинг, 9 ашық сабақ, кеңес беру – үнемі
5	Қазақ тілі және әдебиет	4	10 ашық сабақ, 3 тренинг, 2 коучинг, 1 шеберлік сабағы
6	Математика	4	13 ашық сабақ, 11 кеңес беру
7	Орыс тілі және әдебиет	1	1 коучинг, 2 ашық сабақ
8	Физика	3	9 ашық сабақ, 4 семинар, 3 коучинг, 9 кеңес беру
9	Дене шынықтыру	3	9 ашық сабақ, 9 кеңес беру
10	Химия	3	11 ашық сабақ, 2 семинар, 2 коучинг, 28 кеңес беру

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. «Менторлық мектеп» қызметін жетілдіру.
2. Педагогтардың кәсіби қиыншылықтарын анықтау үшін зерттеулер ұйымдастыру.
3. Менторлар мен ментилер үшін коучинг-сессиялар ұйымдастыру мен жүргізу.
4. Менторлық қызметті дамыту үшін әдістемелік күнді белгілеу

3.3. Мұғалімдердің кәсіби дамуы

Зерттеулер білім сапасы ең алдымен мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты екенін көрсетеді.


Кәсіптік құзыреттілікті дамыту мақсатында мектепте педагог қызметкерлерді кәсіби дамытудың тұтас жүйесі іске асырылады.

– Курстық оқыту

Біліктілікті арттыру жүйесі педагогтардың жеке даму траекториясы бойынша келесі модульдерді оқыту арқылы үздіксіз білім береді:

- мектепте оқытудың міндетті модульдері (қазақ тілі, ағылшын тілі, АКТ, педагогикалық білімдер) бойынша «жағдайы тең» әдісімен әріптестерінің оқытуы.
- республикалық және халықаралық сарапшыларды тарта отырып ел ішінде оқыту;
- шетелдегі үздік білім беру ұйымдарының базасында халықаралық деңгейдегі сарапшыларды тарта отырып оқыту.

Есепті кезең кезінде 4 модуль бойынша мектепшілік курстардан 201 адам өтті, 81 адам мемлекет ішінде курстардан өтті, 11 адам шетелде оқып келді. Пәндік тренингтерге 91 педагог, семинарларға 74 педагог қатысты.



Кіріктірілген білім беру бағдарламасы мен Критериалды бағалаудың кіріктірілген моделін енгізу бойынша 95 адам оқытылды.

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдердің ұйымдастыруымен әріптестері үшін 1 шеберлік сабағы, 2 семинар, 2 коучинг өткізілді.

Біліктілікті арттыру нәтижесінде 18 сертификатталған тренеріміз бар.

Соның ішінде, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру мекемелерінің басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша – 1, «Дарынды балаларды дамыту» бағдарламасы бойынша – 4, деңгейлік бағдарламалар бойынша – 3, «Сын тұрғысынан ойлау» курсы бойынша – 1, СІТО тесттерін дайындау бойынша – 3, PISA-ға дайындық бойынша тренер – 1, «Білім беру мазмұнын жаңарту» курсы бойынша (тілдік курстар) – 3, Майкрософт бойынша тренерлер – 2.

2014-2015 оқу жылында Action Research жобасы аясындағы жұмыс жалғасын тапты. Осы оқу жылында «Іс-әрекеттегі зерттеу» жобасына 10 мұғалім қатысты. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 6 адамға артты. Сонымен қатар жүргізілген зерттеулердің саны 3-тен 6-ға артты. Барлық жобалар аяқталудың әртүрлі деңгейінде қалып отыр. Зерттеулер бойынша рефлексивті есептер www.sk.niz.edu.kz Педагогикалық білімдер базасына жүктеліп, үнемі толтырылып тұрады.


Жобаға қатысатын мұғалімдер іс-әрекеттегі зерттеу бойынша онлайн – журналдың ActionResearch.kz сынамамы номерін шығаруға қатысты.

2015 жылдың наурызында Кембридж Университетінің expertі Майкл Фордхам мектеп директорлары, директор орынбасарлары, жоба координаторлары, жобаға қатысатын мұғалімдер және кадрлар бойынша инспекторлар үшін семинар жүргізді. Семинарда Назарбаев Зияткерлік мектептерінде жобаны әрі қарай жалғастыру мәселесі талқыланды. Атырау, Ақтөбе, Орал және Қызылорда қалаларының Назарбаев Зияткерлік мектептерінің өкілдері семинарға қатысты.

12 мұғалім шетелдік педагогтармен бірлесіп әлемнің ең үздік "Futurelearn" университеттері ұйымдастырған қашықтықтан оқыту курстарынан өтіп сертификаттар алды.


Статистика көрсеткендей, біліктілікті арттыру курстарының нәтижесі бойынша қазақ тілін меңгерудің жалпы деңгейі өсті, атап айтқанда, білімдер мен дағдылардың «Базалық» деңгейін меңгерген мұғалімдердің саны 17% -дан 1%-ға дейін азайды, ал қазақ тілінің «Ортадан жоғары» деңгейін меңгерген мұғалімдердің саны артты. Казтест нәтижелерін салыстырмалы талдау барысында қазақ тілі бойынша «Ортадан жоғары» деңгейді меңгерген мұғалімдер саны 2014 жылдың қарашасымен салыстырғанда 30%-дан 49%-ға дейін артқанын көрсетті.

2014 жылдың қараша айындағы Атырау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімдерінің қазақ тілін меңгеру деңгейі
(КазТест тестілеу нәтижелері бойынша - 59 қатысушы)



2015 жылдың мамыр айында мұғалімдер сертификат алу мақсатында КазТест тестілеуінен өтті. Тестілеуге 125 мұғалім қатысты, 70 мұғалім өз таңдаған деңгейін дәлелдеп, сертификаттарын алды.

2015 жылдың мамыр айындағы Атырау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі мұғалімдерінің қазақ тілін меңгеру деңгейі




APTIS тестілеу нәтижелері бойынша мұғалімдердің тілдік құзыреттілік деңгейінің аздап жоғарылағандығы байқалады. Ағылшын тілінен орта және ортадан жоғары деңгейі бар мұғалімдердің үлесі тестке қатысушылардың барлық санының 24%-ын құрайды.

Ағылшын тілінің бастапқы және қарапайым деңгейлерін меңгерген мұғалімдер саны 93 болды.

Кесте. Ағылшын тілін меңгеру деңгейі (APTIS)

Әдістемелік бірлестіктер бойынша педагогтардың саны	Ағылшын тілін меңгеру деңгейі (APTIS)					
	A0	A1	A2	B1	B2	C
Қазақ тілі және әдебиет	10	1	1	0	0	0
Орыс тілі және әдебиет	7	2	0	1	0	1
Математика	6	4	3	2	0	0
Ағылшын тілі	0	0	0	3	10	3
Биология	5	2	3	2	1	0
Информатика	3	2	1	0	1	1
Тарих	7	5	2	0	3	0
Физика	2	5	1	0	1	1
Химия	3	6	2	0	1	0
Дене тәрбиесі	5	3	1	0	0	0
Барлығы:	48	30	14	8	17	6

**2014 жылы Атырау қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
мұғалімдерінің ағылшын тілін меңгеру деңгейі**
(APTIS тестілеу нәтижелері бойынша - 54 қатысушы)



Қазіргі кезде үш түрлі мәдениет мәнмәтінінде ойлай алатын, оқушыларға ойлаудың жаңа түрін жеткізе алатын үш тілді меңгерген 6 мұғалім жұмыс жасайды.

Келесі пәндер бойынша ағылшын тілінде сабақ жүргізетін мұғалімдердің саны: «Жаһандық перспективалар және жобалау жұмыстары» - 3; «Экономика» - 1; «Физика» - 1; «Химия» - 1; «Биология» - 0; «Информатика» - 2.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Педагогтардың кәсіби қажеттіліктерін зерттеу негізінде біліктілікті арттырудың келешекке арналған жоспарын құру (*әдістемелік бірлестік деңгейінде және жалпы мектеп көлемінде*).
2. Мұғалімдердің үздіксіз даму моделі ретінде кәсіби желілік қоғамдастықтары қызметінің белсенділігін арттыру. Атырау қаласындағы Педагогикалық шеберлік орталығының филиалымен бірлесіп облыстық кәсіби желілік қоғамдастықтарының форумын ұйымдастыру.
3. Педагогикалық қызметкерлерді аттестациялау талаптарының негізінде мұғалімдердің кәсіби дамуының диагностикалық картасын дайындау.

3.4. Тәжірибе тарату

ДББҰ қызметінің басым стратегиялық бағыттарының бірі Зияткерлік мектептердің жинақталған тәжірибесін еліміздің білім беру жүйесіне тарату (трансляция) болып табылады.

Тәжірибені таратудың мақсаты Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің жұмысының сапасын арттыруда Назарбаев Зияткерлік мектептері жұмысының тәжірибесіне енгізілген ең үздік әлемдік тәжірибені, білім беру ресурстарын, білімді, оқыту технологияларын барынша тиімді қолдануға қол жеткізу болып табылады.

Қойылған мақсаттарға сүйене отырып, 2014-2015 оқу жылы тәжірибені тарату аясында жалпы білім беру мектептерінің оқушылары мен мұғалімдері үшін 28 онлайн – сабақ және 4 онлайн-семинар өткізілді. Инновациялық тәсілдер мен халықаралық тәжірибені зерделеу және енгізу бойынша 7 оқыту семинары ұйымдастырылып өткізілді, 2 кіріктірілген пән апталықтарында сабақтағы интерактивті және белсенді тәсілдер мен

оқыту әдістері бойынша шеберлік сабақтары жүргізілді, «Сабақтағы зерттеу жобасы» (ашық сабақтар), «Action research жобасы» бойынша мұғалімнің зерттеушілік тәжірибесі көрсетілді. Мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің қатысуымен (химия және биология) 2 конференция ұйымдастырылып жүргізілді.

Озық педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында есепті кезеңде келесі бағыттар бойынша жұмыс атқарылды:

- Әдістемелік ұсыныстарды дайындау;
- Шеберлік сабақтары;
- Электронды әдістемелік жинақ;
- Назарбаев Зияткерлік мектебінің қызметі туралы бейнефильмдер;
- Бұқаралық ақпараттық құралдармен қарым - қатынас;
- Кәсіби желілік қоғамдастықтарды дамыту.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесін тарату бойынша жоспарды жүзеге асыру.
2. Топтық және жеке кеңес беру; шеберлік сабақтары; оқытудағы жаңа технологиялар мен әдістемелер, критериалды бағалау жүйесі, тәрбиелік жұмыс бағыттары мен тәсілдері бойынша семинарлар; кітапхана қызметін ұйымдастыру бойынша кеңес беру; ең үздік халықаралық тәжірибені ұсыну арқылы Атырау облысының пилоттық және базалық мектептермен (Атырау қ. №16, 17, 31 жалпы орта білім беру мектептері және Ж. Мырзағалиев атындағы мектеп) серіктестікті жүзеге асыру.
3. Кәсіби желілік қоғамдастықтар серіктестігі арқылы тәжірибені тарату.
4. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін дайындау мен енгізу бойынша қалалық және облыстық жалпы білім беру мектептері үшін онлайн сабақтар мен семинарлар жүргізу.

3.5. Олимпиадаларды, ғылыми сайыстарды, конференцияларды, жобаларды ұйымдастыру, өткізу және олардың нәтижелері

2014-2015 оқу жылында барлығы 706 оқушы мектепшілік, соның ішінде 34-і желілік, 8-і республикалық, 9-ы олимпиадаға, ғылыми жобалар сайсына қатысты.

78 оқушы мектепшілік, 4 – желілік, 1 – республикалық және 3 – халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар сайысының жүлдегері атанды.

Кесте. Мектепшілік, желілік, республикалық олимпиадалар, ғылыми жобалар сайыстары жүлдегерлерінің саны

№	Олимпиада, ғылыми жобалар сайыстарының атауы	Деңгейлер			
		Мектеп-шілік	Желілік	Республикалық	Халықаралық
1	V Наурыз оқулары	68	16	4	
2	7-сынып оқушылары арасындағы «Зерде» ғылыми жобалар сайысы	6			
3	Интернет-олимпиада/КИО		1		
4	Қазақ тіліндегі эссе сайысы		1		
5	Жаратылыстану-математика циклі пәндері бойынша Президенттік олимпиада	70	1	1	

6	Математикадан республикалық жобалар сайсы			1	
7	Орыс және шетел филология жобаларының халықаралық фестивалі	7	4		5 Сертифи- кат
8	Республикалық пәндік олимпиада	21 ағылшын тілі 4 информа- тика 18 тарих 34 қазақ тілі 25 математика 16 физика 71 химия 10 биология Барлығы: 199		1 (3 орын орыс тілі)	
9	Футболдан мектепшілік спартакиада	9,11,12- сыныптар- 60 оқушы. 7,8- сыныптар- 60 оқушы.			
10	Волейболдан мектепшілік спартакиада	9,11,12- сыныптар- 60 оқушы. 7,8- сыныптар- 60 оқушы.			
11	Баскетболдан мектепшілік спартакиада	9,11,12- сыныптар- 30 оқушы. 7,8- сыныптар- 30 оқушы.			
12	Үлтел теннисінен мектепшілік спартакиада	9,11,12- сыныптар- 6 оқушы. 7,8- сыныптар- 6 оқушы.			
13	Футболдан желілік спартакиада, Қарағанда қаласы		9,11- сынып- тар - 10 оқушы. (3 орын)		
14	«Астана ЭКСПО 2017» Республикалық ғылыми-	1	1	1	Сертифи-

	тәжірибелік конференциясы			кат	
15	«Болашақ Қазақстан және химия» ҒТК	14			
16	«Ғылымға қадам» ғылыми жәрмеңкесі, 7-сыныптар	19			
17	«Химия-биологиялық білім: проблемалары мен болашағы»	6			
18	Мәскеу облыстық жаратылыстану – математикалық бағытындағы П.Л. Капица атындағы жалпы білім беру мектеп-интернатының «ФизТех - 2014» интернет олимпиадасы	3			2-орын – 1 3-орын - 2
19	«Жас мұнай» атты ғылыми жобалардың бүкілресейлік сайысы	1			1 сертифи- кат

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Оқушылардың және мұғалімдердің мектепішілік ғылыми қоғамдастығын құру.
2. «Супер оқушы» жобасын дайындау және жүзеге асыру.

4. ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ БАЙЛАНЫСТАР

4.1. Шетелдік педагогтарды жалдау

2014-2015 оқу жылында шетелдік педагогтарды жалдау математика, физика, химия, биология, ағылшын тілі, жаһандық перспективалар, өнер, экономика пәндерін оқыту үшін және жасанды ағылшын тілі ортасын жасау мен білім беру мен оқытудағы озық тәжірибелермен алмасу мақсатында жүзеге асырылды.


Шетелдік педагогтарды іздеу оларды жұмысқа тартумен қызметтенентін Search Associates, TIC Recruitment, TeachAway сияқты стратегиялық әріптестермен ынтымақтастықта жүзеге асырылды.

Халықаралық университеттердің ресми сайттарында мектептің профилі тіркелді (онлайн). Әлеуметтік желілер мен педагогикалық қауымдастықтарда хабарландырулар берілді. Шетелдік педагогтар іріктеуден рекрутинг агенттік, АРБД менеджерлері деңгейі мен пәндік мұғалімнің қатысуымен директордың шетелдік орынбасары және сыртқы байланыстар жөніндегі орынбасарымен сұхбаттасудан өтеді.

2014-2015 оқу жылы бос орынға үміткер 20 шетелдік педагогтардың сауалнамасы қарастырылды, олардың ішіндегі 5-і талаптарға сай болды. Құжаттары, соның ішінде бұрынғы жұмыс орындарынан үш мінездеме хат, кандидаттың сотталмағандығының расталуы, жұмысқа жарамдығы жайындағы медициналық куәлік мұқият тексерістен өтті. Шетелдік мұғалімдер жұмысқа сынақ мерзімімен алынды.

2014-2015 оқу жылында келесі елдерден келген 16 шетелдік педагог, соның ішінде директордың шетелдік орынбасары жұмысқа алынды: АҚШ (4), Ұлыбритания (3), Канада (3), Жаңа Зеландия (2), Румыния (1), Кения (1), Оңтүстік-Африка Республикасы (1).

*Диаграмма. Шетелдік педагогтардың сапалық құрамы.
(2013-2014 о.ж. және 2014-2015 о.ж.)*



ДББҰ бекітілген 2015-2016 оқу жылының қажеттілігіне сәйкес 16 шетелдік педагогтарды жалдау жоспарланып отыр. Төменде 2015 жылдың 10 шілде күніне мәліметтер берілген.

Пән	Жоспарланды	Жұмысқа алынды	Вакансиялар
Директордың шетелдік орынбасары	1	1	0
Математика	3	2	1
Физика	2	2	0
Химия	2	1	1
Биология	2	2	0
Ағылшын тілі	3	2	1
Информатика	1	0	1
Экономика	1	1	0
Өнер	1	2	0
Барлығы	16	11	4

4.2. Үштілді білім беру

Үштілді орта қалыптастыру оқушының жалпы дамуына ықпал етеді. Бұл ортаның негізгі ерекшелігі – сабақ беру мен сыныптан тыс жұмыстардың үш тілде жүргізіліп, қосымша ақпарат алу мен басқа ел мәдениетін түсіну мүмкіндігін кеңейтеді. Құрылған үштілді орта арқасында оқушының әлеуеті жоғарылайды, ой серпімділігі, сын тұрғысынан ойлау және шығармашылық қабілеті, халықаралық мәдени ынтымықтастыққа, өзіне және өзгелерге деген сыйластығы, өзге тіл үйренуге ниеті мен дағдысы дамиды.



Үштілді білім беру Үштілділік Саясаты және оны енгізу жөніндегі нұсқаулыққа, сондай-ақ *командалық оқыту және пән мен тілді кіріктіріп оқытуды (CLIL) қолдану нұсқаулығына сәйкес жүзеге асады.*

2014 жылы қыркүйекте www.surveymonkey.com веб-ресурсында онлайн-сауалнама өткізілді. Сауалнама нәтижесінде педагогикалық ұжымның командалық сабақ беру туралы бірыңғай көзқарасының жоқтығы көрінді. Жыл бойына директордың шетелдік орынбасары А. Тышкевич, сыртқы байланыс орынбасары А.Е. Баданова, тілдер бойынша үйлестіруші Ш.В. Сарғалиева тілдік және тілдік емес пәндер бойынша сабақтарға қатысып, «Үштілділік саясатының тілдік және тілдік емес пәндер арқылы іске асырылуы» бойынша бақылау картасы жасалды. Бақылау картасының зерттеу сұрақтары келесі нәтижелерді көрсетті:


- сабақты жоспарлағанда тілдік мақсат мұғалімдердің 48% -да белгіленбейді;
- 53% -ның сабақ жоспарында тілдік мақсаттар нақты емес (анық емес, оқушылар ол мақсаттарға жете алмайды);
- сабақ барысында үш тілде пәндік лексиканың қолданылуы (негізгі пәндер бойынша) – 0%, екі тілде – 62%;
- оқу материалын оқушылардың түсінуін қамтамасыз ету үшін стратегияларды пайдалану – 76%, мұғалім сабақты қалыпты қарқынмен түсіндіреді, оқушылардың түсінген-түсінбегендігі туралы мезгіл-мезгіл сұрайды, түсінбеген жағдайда баяу қайталайды;
- Т₂ сыныптарында оқу материалдарының саралануы - 61%. Т₂, Т₁ сыныптарында мұғалімдер оқушылардың тіл білу деңгейіне қарамастан бір деңгейдегі тапсырманы орындауға береді, дегенмен, күрделі сәттерге тоқталып, екінші тілде түсінік береді;
- Сыни ойлау әдістері арқылы тілдік дағдыларын дамыту - 46%, сыни ойлаудың стереотипті әдістері мен тәсілдері арқылы.

Жүргізілген зерттеу жергілікті мұғалімдердің ағылшын тілін меңгеру деңгейінің төмендігіне орай бейінді пәндерде үш тілді пайдалануға байланысты, тілдік және тілдік емес пән мұғалімдерінің пәндерді кіріктіруінде бірқатар проблемалық аспектілердің бар екенін анықтады, сонымен қатар CLIL әдістерін жеткіліксіз дәрежеде меңгеру – мұғалімдердің мектепшілік кәсіби дамыту жүйесін жетілдіру немесе жаңарту қажеттігіне әкеп соғуы мүмкін.


Сонымен қатар, белгілі бір ұсынымдар жасалып, әдістемелік бірлестіктер ішінде командалық сабақ беруді тиімді ұйымдастыру бойынша семинарлар өткізілді. 2014-2015 оқу жылында өткізілен семинар, тренингтер қорытындысы бойынша төмендегі жағдай анықталды:



C - Transition between teachers is smooth
Командалық сабақ беру кезінде мұғалімдердің
ауысуы ойдағыдай өтеді



D -Support given to individual students or groups is shared effectively
Жекелеген оқушыларға немесе топтарға көмек
team-teacher арасында тең бөлінген



Қазақ, орыс және ағылшын тілдері өз алдына жеке пән ретінде ғана емес басқа пәндерді оқытуда да қолданылады.

2014-2015 оқу жылы негізгі және орта мектептерде келесі пәндер үш тілде берілді:

Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Ағылшын тілінде
Қазақстан тарихы (7-10 сыныптар)	Дүние жүзі тарихы (7-10 сыныптар)	Математика (11-12 сыныптар)
География (7-11 сыныптар)	Информатика (7-10 сыныптар)	Физика (11-12 сыныптар)
Құқ негіздері (9 сыныптар)	Дене тәрбиесі (7-12 сыныптар)	Химия (11-12 сыныптар)
Қазіргі әлемдегі қазақстан (11-12 сыныптар)		Биология (11-12 сыныптар)
		Экономика (11-12 сыныптар)
		Информатика (11-12 сыныптар)
		ГППР (11-12 сыныптар)

- 4 пән қазақ тілінде жүрді: «География», «Қазақстан тарихы», «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» және «Құқық негіздері»;
- 3 пән орыс тілінде жүрді: «Дүние жүзі тарихы» және «Информатика»; «Дене тәрбиесі»;
- 6 пән ағылшын тілінде жүрді:(шетелдік мұғалімдермен командалық сабақ беру): «Математика»; «Химия», «Физика», «Биология», «Экономика», «Жаһандық перспективалар және жобалау жұмыстары».

Құрамына тіл мамандары, «Қазақстан тарихы» және «География» пәндері оқытушылары, сонымен қатар тілдер бойынша үйлестіруші, шетелдік орынбасар және директордың сыртқы істер жөніндегі орынбасары енген Үштілділікті іске асыру жөніндегі жұмысшы топтың зерттеу нәтижесі төмендегідей болды: қазақ тілінде жүргізілетін 4 пән бойынша үлгерімі Т2-де – 100%, орташа білім сапасы 99%.



Қазақ тілінде жүргізілетін 4 пән бойынша барлық сынып бойынша бір ғана оқушының жылдық бағасы «3» болып тұр, бұл – мемлекеттік тілді төмен деңгейде меңгерген орыс ұлтының баласы. Сабақ барысында тілдік саралауды қажет ететін өзге ұлт балаларының саны – 21.

Дегенмен, жоғары білім сапасына қарамастан, сабақтарға қатысу нәтижесінде мұғалімдердің Т₂, Т₁ сыныптарына оқушылардың тіл білу деңгейіне қарамастан бір деңгейдегі тапсырманы орындауға беретіндіктері көрінді, яғни тіл бойынша саралау жұмысы мүлдем жүргізілмейді.

	2020 жылға ДББҰ стратегиясы 2014	Атырау қаласы НЗМ 2014-2015
Екі тілде жұмыс жасай алатын қызметкерлердің пайыздық көрсеткіші	30 %	43%
Үш тілде жұмыс жасай алатын қызметкерлердің пайыздық көрсеткіші	20 %	3,5 %
Ағылшын тілінде сабақ беруді қазақстандық мұғалімдер жүзеге асырады	15 %	0 %
Казтест бойынша «Жоғары деңгейде» сертификатталған, қазақ тілінде сабақ беретін мұғалімдер	35 %	0 %
Казтест бойынша «Жоғары деңгейде» сертификатталған мұғалімдер	30 %	0 %

Негізгі біліктіліктің қалыптасуына CLIL (ContentLanguage Integrated Learning) әдісі бойынша 6 пән бойынша командалық сабақ (team-teaching) беру септігін тигізді. Аталған

әдістің ерекшелігі – сабақ екі тілде (ана тілі және ағылшын тілі) жүргізіледі, сабақ барысында сол сабақ кезеңіне және оқу мақсаттарына ыңғайлы тіл қолданылады.

2013 жылдан бері CLIL әдісін сабақта пайдалану семинарынан тілдік және тілдік емес пәндерден мұғалім өтті. Бірақ, жергілікті мұғалімдердің ағылшын тілін төмен меңгеруі себепті, тілдік емес пәндерде CLIL әдісін қолдану қиыншылықтар туғызады. Сол себепті жергілікті мұғалімдердің тілдік біліктілігін көтеру келесі оқу жылының басты міндеті болып тұр.

Ағылшын тілінде сабақ бере алатын мұғалімдер саны:

	химия	биология	физика	математика	информатика	ЖПЖЖ (ГППР)
2015-2016 о.ж. 100% ағылшын тілінде сабақ бере алады	1	0	1	1	2	2
2016-2017 о.ж. тілдік дайындық пен шетелдік педагогтардың көмегі қажет	5	0	1	4		1

Сонымен бірге, үштілділік - сыныптан тыс жұмыстың бөлінбейтін бөлігі болып табылады. Үш тілде қол жеткізген тілдік дағдыларын дамыту мақсатында «Wikipedia» және «TEDxNIS» клубтары жұмыс істейді.

«TEDxNIS Атырау» клубы мүшелері 49 адамнан тұрады, негізінен 7-9-сынып оқушылары. «TEDxNIS» клубының мақсаты оқушылардың бойында ғылыми дағдыны жетілдіру, командада жұмыс жасай білу, шешендік өнер, түрлі көзқарастар мен ойларға құрметпен қарау болып табылады. Жыл бойына «TEDxNIS Атырау» клубының мүшелері клуб алға қойған мақсаттарды орындау үшін «[APEC Petrotechnic](#)» колледжімен бірлесіп түрлі шаралар ұйымдастырды.

Сонымен бірге 2014 жылдан мектепте «Клуб Wikipedia» жобасы жұмыс жасай бастады. Атырау қаласының химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары Wikipedia жаһандық жобасына қосылып, кеңейтілген интернет-энциклопедияны толтыруға қатысады. Аталған клубтың мақсаты – оқушылардың жазу, мақала өңдеу дағдыларын дамыту. Оларды академиялық шыншылдық пен жауапкершілік ұстанымдарына сәйкес шығармашылық жұмысқа, ғылыми зерттеулерге тарту. Жыл басынан бері Атырау қаласының ХББ НЗМ-нің 26 оқушысы түрлі тақырыптарға 126 мақала жазды.

Дегенмен, оқушылар таңдаған тақырыптардың химия-биология бағытына барлығы бірдей келе бермейді. Ғылыми тақырыпта барлығы 42 жұмыс жазылды.

2014жылы қазан айында Назарбаев Зияткерлік мектептері және Қазақстан Республикасы орта білім беру ұйымдарының оқушылары арасында ағылшын тіліндегі ең үздік эссе жазудан «*Discover Kazakhstan*» (Өзің үшін Қазақстанды аш) конкурс өткізілді. Конкурстың мақсаты: әлем қауымдастығына Қазақстанды таныту, шетелдік азаматтарды ел мәдениетімен, салттарымен, табиғат-климат жағдайларымен, қоғамдық-саяси құрылымымен, экономикалық дамуымен, Қазақстан жетістіктерімен таныстыру; оқушылардың азаматтық позициясы мен сана деңгейін анықтау. Осы оқу жылында конкурс тақырыбы «*Expo 2017: болашақ энергиясы және жасыл экономиканың*

Қазақстанға берер мүмкіндіктері» деп аталып, 8-12 сыныптардан 8 жұмыс конкурсқа жіберілді, бірақ бұл жұмыстар жүлделі орындар алмады.

«Туған елге тағзым» жобасы оқушылардың бойына туған елге қызығушылық қалыптастырып, отаншылдық сезімін күшейту мақсатында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының ұйымдастыруымен әзірленеді. Білім алу сапарларының ерекшелігі Назарбаев Зияткерлік мектептері арасында Қазақстанның өңірлерімен танысып, зерттеулер жүргізу маршруттарымен алмасу болып табылады.

Маусым айының 7-15 аралығында Астана, Алматы, Семей, Қызылорда, Тараз қалаларынан келген 36 оқушыдан тұратын экспедициялық топтың «Туған елге тағзым» өлкетану-зерттеу экспедициясы аясында Атырау облысындағы білім беру, мәдени ошақтарымен танысып, индустриялық-инновациялық кешендерді зерттеу мүмкіндіктері болды.

4.3. Ынтымақтастықты дамыту

Ынтымақтастықты дамыту 2014-2015 оқу жылында келесі бағыттар бойынша ұйымдастырылды:

Жас мамандарды, бітіруші студенттерді, Қ. Досмухамедов атындағы АГУ магистранттарын мектепке тарту мақсатында тұсаукесерлер өткізіп, студенттермен кездесу, әдістемелік шеберхана жұмысы мен ашық сабақтар көрсетілген вакансия жәрменкесі өткізілді.

2014 жылдың қазан айында мектеп химия мұғалімдерінің (Royal Society of Chemistry) корольдік қауымдастығына мүше болды, бұл соңғы химия жаңалықтары мен үлестірмелі материалдар және басылымдарға қолжеткізуге мүмкіндік береді. Химия пәні мұғалімдері пәндік және әдістемелік материалдарды пайдалануға рұхсат алды. Шетелдік мұғалім Элиша Буллок осы қауымдастықтағы мектебіміздің өкілі болып табылады.

IELTS сынақ және ресми емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін мектеп Британ Кеңесімен бірлесе жұмыстанады. Осы оқу жылы 11, 12-сыныптарға Назарбаев Университетіне түсу емтиханын тапсыру үшін 4 рет IELTS емтиханы ұйымдастырылды.

Оқушылардың шетелде білім алуы, ағылшын тілінен білімін жақсартып, IELTS емтиханына дайындалуы турасында білікті кеңестер алулары үшін Education First (шет елдегі тіл мектептері желісі) және Language Link-пен байланыс орнатылды.

Мектеп екінші жыл «Болашақ» и «АРЕС Petrotechnic» халықаралық бағдарламалары ұйымдастырған вакансия жәрменкесіне қатысады. Жәрменке барысында ағылшын тілі пәнінен вакант орынға кандидаттар анықталды.


2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. 2015-2016 оқу жылына үштілділік саясатын енгізу жоспарын жасау және жүзеге асыру.
2. IELTS/TOEFL емтихандарын тапсыру үшін оқушылар мен оқытушыларды дайындауды ұйымдастыру және жоспарын жасау.
3. Практикалық-бағдарды ескере отырып мектепшілік тілдік курстар ұйымдастыру.
4. Халықаралық және қазақстандық білім ұйымдарымен серіктестікті дамыту үшін жоспар жасау және жүзеге асыру.

4.4 Халықаралық емтихан, зерттеулер нәтижесі (IELTS, PISA)

– IELTS - халықаралық емтихан

2014 жылдың 6 желтоқсанында 12-сыныптың 180 оқушысы IELTS - ағылшын тілі деңгейін анықтауға арналған халықаралық емтихан тапсырды.





Мектеп бойынша орташа көрсеткіш – 5,15.

Оқушылардың 46,6%-ы Назарбаев Университеті Университет алды дайындық бағдарламасына шекті балл жинады 5,5 .

Оқыту тілі бойынша орташа балл

Оқыту тілі	Тыңдау	Оқу	Жазу	Сөйлеу	Жалпы
Қазақ тілі	4,7	5,0	4,9	5,1	5,0
Орыс тілі	5,0	5,2	5,1	5,5	5,2





2015-2016 оқу жылында IELTS емтиханын қазіргі 11-сыныптың 184 оқушысы тапсырады деп жоспарлануда. Деңгей бойынша топтардың дайындығы ұйымдастырылды, шетелдік педагогтар бағдарлама жасады. Өткізілген екі сынақ емтиханының қорытындысы бойынша сыныптар арасында жоғары орташа балл – 4,3.



Соңғы сынақ емтихан нәтижелері, сәуір 2015 ж.

Оқытылу тілі	тыңдалым	оқылым	жазу	сөйлеу	жалпы
Қазақ тілі	4.1	3.9	3.9	3.8	3.9
Орыс тілі	4.5	4.4	3.3	4.4	4.2



Топтарда сынақ емтихандарының деңгейі бойынша шетелдік педагогтар дайындаған бағдарламамен дайындық жұмыстары ұйымдастырылды. Жазғы мектеп аясында жергілікті және шетелдік педагогтардың командалық сабақ беру тәсілімен IELTS емтиханына белсенді дайындық жүргізілді. Жазғы мектеп аяқталғаннан кейін әр оқушыға үлгерімі жөнінде есеп пен ұсыныстар беріледі.

– PISA-2015 халықаралық зерттеуі

PISA халықаралық зерттеуін дайындау және өткізу үшін мектепте ақпараттық-талдау, ұйымдастыру жұмыстары белгіленген Жоспар дайындалып, бекітілді.

Шара жоспарына орай PISA халықаралық зерттеуінің жүру барысы туралы мәлімет беріп, бұл шараның мектеп қана емес, тұтастай алғанда ел үшін маңыздылығын ата-аналарға түсіндіру мақсатында кураторлар ата-аналар жиналыстарын өткізді (15-26.02). 15 жастағы оқушылардың деректер базасы дайындалды, мектеп бойынша олардың саны – 156. Қазақ тілді сыныпта 94, орыс тілді сыныпта 62 оқушы оқиды. Олар 5 топқа бөлінді:

- 1 топ-34 оқушы(қазақ тілді)
- 2 топ -34 оқушы (қазақ тілді)
- 3 топ -26 оқушы (қазақ тілді)
- 4 топ -31 оқушы (орыс тілді)
- 5 топ -31 оқушы (орыс тілді)

PISA халықаралық зерттеуі 2015 жылдың 3 сәуірінде өтті. 155 бала қатысты, 1 оқушы денсаулығына байланысты қатыса алмады.

Оқушыларды халықаралық зерттеуге дайындау және тапсыру кезеңінде, оларды ынталандару, зерттеуге оң қатынас танытып, өзін-өзі байыпты бағалау, талап қою деңгейін қалыптастыру мақсатында психологиялық-педагогикалық қызмет ұйымдастырылды. Атқарылған жұмыстар ішінде бала бойына адамгершілік ұстаным, академиялық шыншылдық сияқты мектеп құндылықтарын сіңіру өзекті деп танылды.

Бұл жұмыста мынадай әдістер қолданылды:

- зерттеу бағыты туралы ақпарат, мазасыздану жағдайында өз-өзін қалыпқа келтіру әдістері, осы зерттеуге жауапкершілік танытуға ынталандыру үшін 9, 11-сынып оқушыларымен жеке және топтық кеңестер өткізілді;
- «Зияткерлік марафон» ойыны PISA бағдарламасымен ойын түрінде танысуға бағытталған. Топтық жұмыстарда балалар халықаралық зерттеуге жақын математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылығы қамтылған тапсырмалар жиынтығын орындады.
- «PISA – Халықаралық зерттеу» жаднамасы халықаралық зерттеу ерешеліктері мен рәсімі туралы ата-аналарды ақпараттандыруды мақсат етті;

- Семинар – практикум. 2015 жыл 18, 23 ақпанында қазақ тілі және орыс тілі әдістемелік бірлестіктерінің мұғалімдері өткізген семинар аясында PISA-ға дайындық кезінде психологиялық қолдау жұмыстары бойынша жұмыс жүргізілді.

Өткізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша, оқушылар өздеріне жүктелген жауапкершілікті дрыс бағалап, ұсыныстар және емтиханға қажетті білім алды.

«Халықаралық зерттеу PISA – оқушылар жетістігін бағалаудың тиімді тәсілі» тақырыбында коучинг сабақ өткізілді.

Нәтижеге бағытталған білім саласындағы жаңа тәсілдер оқушылардың дайындығына өзгерістер енгізуді талап етеді. Сол себепті мектеп басшылығы халықаралық зерттеу кезінде қол жеткізген тәжірибені пайдалану керектігін түсінеді.

Мақсаттары мен ерекшеліктерін талдау барысында халықаралық зерттеу кезінде кездескен қиындықтар анықталды және оқу үдерісінде оларға аса көңіл аударуды қажет етеді:

- іс-әрекет тәсілін анықтау үшін қай білім саласын оқу керек екендігі белгісіз тапсырмалар;
- қосымша ақпаратты қажет ететін немесе керісінше «артық» ақпарат жинақтаған тапсырмалар (берілген ситуациядан тыс мәтіндегі артық жағдайлар);
- «Білім», «Пікір» және «Қолдану» блоктарындағы дәстүрлі емес сұрақтарды түсіне алмау;
- ерекше құрастырылған бірнеше жауап нұсқаларын ұсыну;
- Бір-бірімен байланысқан бірнеше сұрақтардан тұратын кешенді тапсырмалар жобасы;
- Түрлі формада жауап жазбаларын талап ететін (қысқа және кең түсіндірілген сөз немесе сан жауап таңдау) түрлі тақырыпта және форматта, шектеулі уақытта орындалуы тиіс жоба түріндегі тапсырмалар;
- Күнделікті шынайы өмірде, өмір жағдаяттарында тапсырмаларды, білімді қолдана алмау;
- Таблица, диаграмма, кесте түрінде берілген ақпаратты аударма алмау, кеңістікті елестету қабілетінің жеткіліксіз дамуы;
- Түрлі пәндерден алынған білімді кіріктіре алмау;

Егер оқыту барысында белсенді оқыту стратегиясы қолданылса, PISA халықаралық зерттеу тапсырмаларын орындауда оқушылардың табысына қол жеткізуге болады. Осы жұмыстар пәнаралық және тәжірибелі-бағдарлық тапсырмаларды шешуде алған білімдерін қолдана білу үшін, математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылығын дамыту үшін, оқушылардың ары қарай табысты қоғамда білім алулары үшін жүргізіледі.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

IELTS-қа дайындық бойынша:

1. IELTS халықаралық емтиханына дайындық жоспарын жасау және жұмыстарды ұйымдастыру.
2. 2016 жылдың қыркүйек айында сынақ және ресми емтихандар ұйымдастыру.

PISA-ға дайындық бойынша:

1. Математика, тілдер және жаратылыс ғылымдары бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында тапсырмалар дайындау.
2. Cito (педагогикалық өлшеу институты, Голландия) және STU (Джонса Хопкинса Университеті жанындағы дарынды жастар Орталығы, АҚШ) көшбасшылық топтарының қызметін жандандыру.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында зияткерлік ойындар ұйымдастыру.

4.5. Мектепті халықаралық аккредиттеуге даярлық

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Даму Стратегиясында білім беру қызметінің жоғары сапасының дәлелі ретінде Назарбаев Зияткерлік мектептерін халықаралық ұйымдарда аккредиттеу көзделген.

2014 жылы Қамқоршылар кеңесінің шешімімен Council of International Schools, Inc. ұйымы Зияткерлік мектептердің халықаралық аккредиттеу саласындағы стратегиялық әріптесі болып белгіленді, 2014 жылдың 22 қазанында Зияткерлік мектептерді аккредиттеу мәселесі бойынша CIS және ДББҰ арасында өзара түсіністік туралы Меморандум жасалды.

Мектепті бағалау мен аккредиттеу Халықаралық мектептер Кеңесінің (CIS) 7 стандарты бойынша жүргізіледі:

- A. Басшылық орын/Guiding statements
- B. Үйрету және оқыту/Teaching and learning
- C. Басқару және көшбасшылық/Governance and Leadership
- D. Оқытушылар құрамы мен көмекші қызметкерлер/Faculty and Support Staff
- E. Оқыту мен сабақ беруге мүмкіншілік/Access to Teaching and Learning
- F. Мектеп мәдениеті мен оқытудағы серіктестік/School Culture and Partnership for learning
- G. Операциялық жүйелер/Operational Systems

CIS халықаралық аккредиттеу рәсімі ұзақ мерзімді болып табылады және бірнеше этаптардан тұрады:

CIS мүшелігін алу кандидат-мектептің орындауы тиіс 3 этаптан тұрады. Орта есеппен этаптардың орындалуы 6 айды қамтиды.

Бірінші стадияны аяқтап CIS мүшелігін алған соң кандидат-мектеп аккредитация өтуге арыз береді. Бұл этаптың орындалуы 2,5 жылға созылуы мүмкін:

1-этап – CIS талаптарына сай құжаттар пакетін жинақтау және алғашқы есеп формасын толтыру (1-2 ай шамасы);

2-этап – алдын-ала бағалауға арналған іссапарды ұйымдастыру және өткізу (1 ай);

3-этап –өзін-өзі бағалау (15 ай);

4-этап – командалық іссапарды ұйымдастыру және өткізу (1-2 ай).

Командалық іссапардан кейін, 1 ай ішінде CIS сарапшылары мектепке аккредитация туралы шешімді ұсынады.

Бірінші этап кезінде www.cois.org порталына мектептің стратегиялық құжаттары, жалпы ақпарат, тізім бойынша басқа да құжаттар салынды. Мектеп әкімшілігі, IT мамандары және баспасөз қызметімен жиналыс өткізіліп, халықаралық аккредиттеу кезеңдерінне қатысты сұрақтар талқыланды, стандарттр мен олардың бөлімдеріне жауапты адамдар тағайындалды. Халықаралық мектептер Кеңесі өкілінің іссапары 2015 жылдың 15-16 қазанына жоспарланды.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Мектепті аккредиттеуге дайындау комиссиясының жұмысын жандандыру.
2. Мектеп қызметі туралы есепті 2015 жылдың 10 тамызына дейін дайындау.
3. Валидациялау іссапарына байланысты жұмысты ұйымдастыру

5. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

Мектептегі тәрбие жүйесі теңгерімді, шығармашылық және аса өнегелі, бәсекелі ортада табысты әрекет етуге қабілетті, мәдениеті жоғары және азаматтық жауапкершілік жүктеген, өз Отанына берілген жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- оқушыларды тәрбиелеу жолында оқушылар мен педагогикалық ұжымның, ата-аналардың, жергілікті қауымдастықтардың және қоғамның күшін біріктіру;
- білім алу барысында, қосымша білім, сыныптан тыс шаралардың көмегімен және жергілікті қауымдастықтардың жұмыстарына араластыра отырып оқушының өмірдегі құзіреттілігін дамыту;

Құндылықтар, оқу дағдылары және күтілетін нәтижелер:

Тәрбие жүйесі оқушыға даму субъектісі ретінде қарай отырып, оның келесі қасиеттеріне басты көңіл бөлуі керек:

- субъектілік, яғни өз келешегін болжап, белсенділік пен жауапкершілікке негізделген өмірлік көзқарасының орнығуы;
- білімді болу, яғни түрлі жағдайларға сәйкес ауқымды біліммен жұмыс істей білу;
- сабырлық, адам мен әлем құндылықтарын бағалай білу, өзгенің ойымен санасу, өз бостандығының шекарасы мен өзгенің құқығын білу, келісімге дайын болу;
- функционалды сауаттылық, яғни түрлі көлемдегі өмірлік мақсаттарын жүзеге асыру жолында қоршаған ортамен араласып, тіл табыса білу сауаттылығы

Осы мақсаттарға жету үшін тәрбие жұмысының 7 бағыты анықталған.

5.1. Патриоттық тәрбие

Оқу жылының бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті мен ҚР Тәуелсіздік күніне арналған ең үлкен шаралар өткізілді. Бұл шаралардың мақсаты: Елбасының саясаты мен идеясына қоғамды шоғырландыру, тәуелсіздік идеясын насихаттау, Қазақстан Республикасының Президенті Н.А. Назарбаевтың тиімді қызметінің негізінде қоғам бірлігін нығайту.

Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күнін мерекелеу аясында тәрбие шаралары өткізілді:

- «Мәңгілік ел» ашық есік күні (707 оқушы қамтылды).
- Оқушылар спартакиадасы (198 оқушы қамтылды).
- Театрланған қойылым, миниспектакль «Нұр жауған ғұмыр» (300 оқушы қамтылды).
- «Қазақ әндері» жобасы аясында патриоттық әндерден концерт (150 оқушы қамтылды).
- Волейбол және үстел теннисінен НЗМ мен АРЕС командалары арасында турнир (165 оқушы қамтылды), жеңімпаздар кубок, диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталды.
- «Станция» спорттық ойыны (160 оқушы и 20 ата-ана, 15 мұғалім, 8 куратор қамтылды).
- Тәуелсіздік Күніне арналған концерттік бағдарлама (350 оқушы қамтылды)
- 8 наурыз Халықаралық мейрам құрметіне, оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту мақсатында әр Шаңырақтан оқушылардың әжелері шараға шақырылды.
- Ұлы жеңістің 70 жылдығын тойлау мерекесі қарсаңында «Сарбаздар» патриоттық клубының мүшелері Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне барып, оларға естелік сыйлықтар сыйлады. Сәуір айында республиканың 17 Назарбаев Зияткерлік мектептерін қамтыған Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған веломарафон өткізілді. Орал қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебі эстафетаны біздің оқушыларға табыстады.

- Бұл эстафетаға 7-11 сыныптар арасынан 200 оқушы қатысты. Осы марафон барысында «Жас сарбаз» патриоттық клубының мүшелері Ұлы Отан соғысында қаза тапқандар ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. 29 сәуірде біздің мектептің веложарысшылары эстафетаны Ақтөбе қаласының Назарбаев Зияткерлік мектебіне табыстады.
- «Жеңіс жұлдызы» акциясы мектепте қана емес, қала бойынша үлкен табысқа ие болды.
- «Сарбаз» клубының қатысуымен өткен «Есте сақтау үшін» акциясы қалада үлкен резонанс тудырды. Балалар Қазпочтада, ХҚКО-да және Халық банкінде сөз сөйледі. Акция Жеңіс үшін соғысып, қаза тапқандарға арналған болатын. Қатысушылар терең толғаныспен және үлкен алғыспен оқушыларды тыңдады, қарттар көздеріне жас алды.
- «Кестелі орамал» және «Жауынгерге хат» акциялары 9 мамыр күні Жеңіс саябағында өткізілді. Бұл акциялар соғысып жеңгендерге, жау тылында жеңіс туын тіккендерге, соғыстан кейін елді қайтадан қалпына келтіру үшін жұмыстанғандарға арналды. Оқушылар соғыс ардагерлеріне, тыл еңбекшілеріне, кәрі адамдарға орамалдар сыйлап, 7-8 сынып оқушыларының өз олдарымен жазған хаттарын табыстады. Бұл акциялар Жеңіс саябағында өткізілген жатқан митингіні түсіріп жүрген жергілікті телевидениені де қызықтырды. Қазақстан-Атырау арнасынан 9 мамыр күнгі кешкі жаңалықтардан біздің мектептің оқушылары мен алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Қ.Ш. Шариполлаевты көрсетті.
- Сонымен қатар Ұлы Жеңістің 70 жылдығына арналған музыкалық және көркем-әдеби қойылымдар қойылды. Бұл шараларға мектеп ұжымы түгелдей қатысты.

Өткізілген шаралар бойынша талдау нәтижелері біздің оқушылардың бойында отансүйгіштік, азаматтық қасиеттер, конституциялық міндетті орындауға дайын болу, өз Отанына, өмір сүріп, білім алып жатқан ортасына деген сүйіспеншілік сезімдер қалыптасқанын көрсетеді.

5.2. Рухани-адамгершілік тәрбие

Президент күні қарсаңында «3 қайырымды іс» атты желілік акция өтті. Акцияның мақсаты оқушыларды мейірімділікке, біреудің қайғысына ортақтаса білуге ынталандыру. Оқушылар «Қарттар үйінен» 115 қарияны, «Балалар үйінен» 35 баланы құттықтады.

Сондай-ақ желілік әлеуметтік акция Bookcrossing «Білімнің көзі - кітапта» тақырыбында бүкіл мектеп оқушыларының қатысуымен өткізілді.

Желтоқсан айында мектеп Парламенты хореограф Д.Н. Сейткалиевтың басшылығымен Атырау қаласының мүгедек балаларына Жаңа-жыл кешін өткізді. Қарттар үйінде, Балалар үйінде және мүгедек балалармен болған кездесулер ешкімді жай қалдырмады. Біздің оқушылар қайырымдылық, мейірімділік деген қасиеттерін көрсетті. Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесі қарсаңында «100 кітап» жобасы аясында оқырмандар клубының ашылу шарасы өткізілді. Клубтың бірінші қойылымы Илияс Есенберлиннің «Көшпенділер» шығармасынан үзінді болды. Бұл шара тарих, қазақ тілі және әдебиеті пән бірлестіктерінің кіріктірілген жұмысы болды. Осы шараны ұйымдастыруда ҚББ педагогтары А.М. Ныгманов пен Д.Н. Сейткалиевтың көмектерін айта кету керек.

Қорытынды: адамгершілік құндылықтарды қалыптастырып, өмірде жетекші бағдар беруге жағдайлар жасауды жалғастыру.

5.3. Зияткерлікті дамыту

Тұңғыш Президент күніне арналған апталық аясында «Қоғамға қызмет ету» тақырыбында оқушылардың желілік конференциясы өткізілді. (120 оқушы қамтылды).

Конференцияның мақсаты: оқушылардың бойына жауапкершілік, табандылық, еңбекті сүю және өзін-өзі дамыту сияқты жақсы қасиеттерді дарыту. Оқушылар біздің

еліміздің дамуы мен гүлденуі үшін, еліміздің барлық азаматтарының арман-тілектері орындалып, шын мәнінде барлық жоспарларды іске асыру үшін әрқайсымыз өз үлесімізді қосуымыз керек екенін түсуі керек.

Конференцияда «Өз отанымның игілігі үшін мен не істер едім?» деген тақырыпта 8 оқушы үш тілде таныстырылымдарын көрсетті.

2 желтоқсанда мектепте Дебат клубының отырысы ұйымдастырылды (халықаралық дебат тренерімен кездесу).

Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша оқушылар жеке жетістіктер портфолиосын қорғап, екінші жартыжылдыққа нақты мақсат-міндеттер қойды. Оқу үздіктеріне үміткерлерді атауға болады: 11 «i» сынып оқушысы Нарикова Нургуль, 12 «f» сынып оқушысы Молдабекова Салтанат; 8 «c» сынып оқушылары Муратова Алтынай, Нурлыбай Жанель, Уразова Айгуль; 8 «d» сынып оқушылары Тасқымбаева Жадыра, Мулюкова Мадина; 11 «a» сынып оқушылары Ихсанова Алуа, Темирова Аружан; «Алтын белгіге» үміткер 12 «B» сынып оқушысы Иманкулова Камшат және басқалар. 8 «a» сынып оқушысы Жалғасбаев Куанышты оқу үздігі, КВН «660»командасының капитаны ретінде атап кетуге болады.

5.4. Алуан мәдениетті дамыту

Халықаралық қарым-қатынас мәдениетін, толеранттылық пен жаһандық ойлау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқушылар түрлі елдерге барады. Желтоқсан айында 8 «c» сынып оқушысы Исказиева А. АҚШ-қа барып келді, бару мақсаты – оқушылардың өзін-өзі басқару тәжірибесімен алмасу. Келген соң Исказиева А. мектеп Парламентіне үшін семинар өткізді.

Жатақханада тұратын көпбалалы және аз қамтылған отбастарынан 18 оқушы Оңтүстік Кореяға барды. Олар: 8-сынып (4 оқушы), 9-сынып (8 оқушы), 11-сынып (6 оқушы) оқушылары. Сапар мақсаты - ағылшын тілін оқу.

Қазақстан халқының Ассамблеясының 20 жылдығын мерекелеу күніне арналған «Халықтар достығы» фестивалі өткізілді. Ата-бабаларымыз айтып кеткендей, бірлік пен келісімсіз болашақ сақталмайды. Бұл тәрбие ұстанымы әлі күнге дейін сақталуда. Көпұлтты қазіргі Қазақстанда бірлік пен халықтар достығы маңызды орын алады. Қазіргі уақытта қазақ жерінде 140-тан аса ұлт пен ұлыс мекен етеді.

Оқушылар ұлттық салт-дәстүрлерді, билерді, 17 ұлт тағамдарын көрсетті. Қазақ халқының салт-дәстүрін көрсеткен «Махамбет» шаңырағы «Ең жақсы қойылым» атағын иеленді. «Хиуаз» шаңырағы болгар халқының салт-дәстүрімен таныстырды. «Үздік қойылым» номинациясында «Хан Тәңірі» шаңырағы ерекше көрінді – олар түрік халқының салт-дәстүрін көрсетті. Армян халқының ерекшелігін «Алатау» шаңырағы көрсетті, олар «Тапқырлар» номинациясына ие болды. «Ең жақсы саяхат» номинациясында «Жайық толқындары» шаңырағы еврей халқының әдемілігі мен ерекшелігін көрсетті. «Оқжетпес» шаңырағы орыс халқының билерін көрсетіп, «Ең үздік би» номинациясы дипломын иеленді.

5.5. Тәні мен психикалық саулығының дамуы

Оқушылардың толыққанды саулығы мен психологиялық дамуы үшін күнде таңертең би және жаттығу элементтерінен тұратын флешмоб өткізіледі. Өкінішке орай алыста тұратындықтан кейбір оқушылар жүйелі түрде кешіксе, кей оқушылар мектепте бола тұра флешмобқа қатыспайды. Кураторлардың біріккен жұмыстарының арқасында қазір осы кемшіліктер жойылуда, оқушылар бұл жаттығулардың өздерінің денсаулықтарын қорғауға бағытталғандығын түсінді.

Желтоқсан айында дене тәрбиесі пәнінің апталығы өткізілді. Апталық аясында күнделікті белсенді ойындар: армрестлинг (70 оқушы), баскетбол (80 оқушы), музыкалық

спорттық жаттығулар (30 оқушы), қызықты викториналар мен кроссвордтар (200 оқушы) өткізіліп, СӨС насихаттайтын жаднамалар шығарылды

Ақпанда мектепте 400 оқушының қатысуымен футболдан турнир өткізілді. Турнирге 34 сынып, 160 жанкүйер, 240 ойыншы қатысты. Жеңіске жеткен командалар кубоктармен, дипломмен марапатталды. Волейболдан өткізілген турнирге 34 сынып, 350 оқушы, олардың 250-і ойынға қатысса, 100 адам жанкүйер болды.

24 ақпанда мектепте баскетболдан турнир өткізілді. 7-8-сынып оқушылары арасында: 1-орын – 8 «D», 2-орын – 7 «B», 3-орын – 7 «A», 4-орын – 8 «B» командалары иеленді.

9-12 сынып оқушылары арасында: 1-орын – 9 «B», 2-орын - 12 «C», 3-орын – 11 «A», 4-орын – 9 «E» командалары иеленді. Үздік ойыншылар: Жұбандықов Азамат, 9 «B»; Кабышев Сакен, 11 «H»; Жайдарбек Балнұр, 7 «A»; Женисбекова Райса, 12 «C».

Турнирге 34 сынып, 228 жанкүйер, 272 ойыншы қатысты. Жеңіске жеткен командалар кубоктармен, дипломмен марапатталды.

«Туған жер, топырағыңнан айналайын!» кіріктірілген білім апталығында 9-сыныптар арасында эстафета өткізілді.

Наурыз мейрамы қарсаңында спорттық шаралар өткізіліп, асық ату, арқан тарту, армстерлинг, қазақша күрес ойындары ойнатылды.

Қорытынды: оқушылардың физикалық тәрбиесі мен СӨС қалыптастыруға жеткілікті назар аударылған.

5.6. Көшбасшылық қасиетті дамыту

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы олардың көшбасшылық қасиеттерін дамыту мақсатында құрылған. Қараша айында мектеп Президенті мен Парламент сайлауы өткізілді. Желтоқсанда Президент Инагурациясына 707 оқушы қатысты.

Оқушылардың өзін-өзі басқаруы – оқушылардың жоспар құрып, өз қызметтерін ұйымдастырып, қорытынды жасау, мектеп өміріндегі сұрақтарды шешу, өздіктерінен қызықты шаралар ұйымдастыру мүмкіндіктері. 34 оқушыдан тұратын мектеп Парламенті осы мақсатта жұмыс жасайды, мектеп Президенті – 11 «B» сынып оқушысы А.Сагидоллин.

Оқушылардың көшбасшылық қасиеті жоғары сынып оқушылары төменгі сынып оқушыларын қамқорлыққа алуда көрінеді. Ақпан айында Атырау қаласында «КВН» лига-ойыны ұйымдастырылды, 8 «A» сынып оқушыларынан құралған «660» командасы осы ойынға қатысып, ең жоғары марапат – Гран-приді иеленді.

5.7. Көркем-эстетикалық даму

Бірінші жартыжылдықтың ең жарқын іс-шарасы Ш.Қалдаяқовтың шығармашылығына арналған бал болды. Бұл шараға мұғалімдер ұжымы мен оқушылар толықтай қатысты. Бал Ш.Қалдаяқовтың сазгерлік шығармашылығын дәріптеуге, оқушылардың бойына балдық билерге, зайырлы жақсы әдеттерге деген қызығушылық сезімдерін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған. Кештің шарықтау шегі – оқушыларға әдеміліктің, әсемдіктің, сырбаздықтың үлгісін көрсеткен мұғалімдердің шығуы болды. Өткізілген шараны талдай келе, бұндай тақырыптық балды 11-12 сынып оқушыларына өткізіп, 7-10 сынып оқушыларына дәстүрлі күзгі бал өткізу керектігі түсінікті болды.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің күні құрметіне «Актерлік шеберлік» үйірмесінің (жетекшісі Ныгманов А.М.) қатысушылары «Нұр жауған ғұмыр» атты миниспектакль қойды. Спектакль НЗМ ұжымы мен оқушылары үшін ғана емес, ата-аналарға, мектепте тағлымдамадан өтіп жүрген мұғалімдерге да ұнады.

ҚР Тәуелсіздік күнін мерекелеуге №16 ОЖББ мектеп оқушылары шақырылды. Мектеп оқушыларының концерттік бағдарламасы музыкалық қойылым түрінде өтті. Біздің мектеп оқушыларының бағдарламасы №16 ОЖББ мектеп оқушыларына қарағанда

айшықты болды. Бұл тағы да «Актерлік шеберлік» жетекшісі Ныгманов А.М., «Қазіргі заманғы билер» жетекшісі Сейткалиев Д.Н., «Халық билері» жетекшісі Гинаятуллина И., «Конферанс өнері» жетекшісі Нургалиев С.У., «Классикалық және эстрадалық вокал» жетекшісі Нурашева А.С. сияқты үйірмелердің рөлі мен мәнін көрсетті. Кештің шарықтау шегі алғашқы әскери дайындық мұғалімі К.Ш. Шариполлаевтың басшылығымен ұйымдастырылған «Жас Сарбаздар» клубының өнер көрсетуі болды.

II тоқсан аяғында екі кезеңде оқушыларға арналған бал-маскарад өткізілді, бірінші кезең 7, 8, 9-сыныптардың оқушыларына, екінші кезең 11, 12-сыныптардың оқушылары үшін өтті.

Шараны талдау барысында әр сыныптың жас деңгейіне арналған сценарий болу керектігі көрінді.

7-28 ақпан аралығында оқушыларымыз өздерінің шығармашылығын танытқан «NIS-фактор» жобасы іске қосылды. Іріктеу кезеңіне 56 оқушы өтті, екінші кезеңге осылардың 36-сы, үшінші кезеңге 13-і өтті. Финалдық кезеңде әр орындаушының сахнаға шығуы қойылым немесе бимен сүйемелденді. Осы жобаның жеңімпаздары 11 «f» сынып оқушысы Ғалымжанова Айгерим мен 9 «D» сынып оқушысы Бекетова Актоты болды.

Атырау қаласының қыз балаларының ерекшелігі ұзын да әдемі шаштары болып табылады. Осы ерекшелігін ескеріп «NIS сұлушаш» конкурсы ұйымдастырылды. Біздің жас арулар көктем мейрамы қарсаңында ең жақсы қасиеттерін: нәзіктілік пен әдемілікті көрсетті. Конкурс жеңімпазы 8 «B» сынып оқушысы Сагидулина А. К. болды. Өкінішке орай, конкурсты ұйымдастыру мен өткізуде кемшіліктер орын алды, конкурс туралы талқылау барысында кураторларға ескертулер айтылды.

Ұл балалар жас аруларымыздың шығармашылық қабілеттерін, таланты мен әртістік қабілеттерін ескере отырып, оларға арнап әдемі кеш сыйлады.

Осы жылы «Наурыз» мейрамы мектеп стадионында ерекше көрініс тапты. 2 киіз үй мен алтыбақан орнатылды. Оқушылар театрландырылған көрініспен қазақ халқының «Қыз ұзату», «Бесікке салу», «Тұсау кесер», «Айтыс» және «Қазақ ертегілері» сияқты салт-дәстүрлерін көріністеді.

Сонымен қатар келген қонақтар, мұғалімдер, оқушылар ұлттық ойындарға қатысып, қазақ халқының ұлттық ас-мәзірінен дәм татты. Осы шараны ұйымдастыруда белсенділік танытқандар: Рыскалиева А.Б., Жумаева А.Т., Ахымбекова Ж.Б. Шапабаев К.Б. болды. Келген қонақтарға орыс және ағылшын тілдері кафедраларының мұғалімдері мерекелік дастарқан жайып, өскелең ұрпаққа үлкенді құрметтеу үлгісін көрсетті.

Сонымен бірге 2014-2015 оқу жылының маңызды оқиғаларының бірі – біздің алғашқы түлектерімізге арналған «Соңғы қоңырау» салтанатты линейкасы. Түлектер өз сөздерінде педагогтардың білімділігі мен ақыл-парасатына, сабырлығына деген алғыстарын білдірді.

Мерекенің шарықтау шегі 176 оқушы қатысқан қоштасу флешмобы болды. Әр сынып би шеберлігімен өздерінің ішкі әлемін, мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарына деген сезімдерін жеткізді.

5.8. Жазғы мектеп

2015 жылдың 1-26 маусымы аралығында оқушылардың зияткерлік, шығармашылық қызметін қолдау үшін төмендегі бағыттарды қамтыған «Жазғы мектеп» жұмысы ұйымдастырылды:

- 1) бейінді пәндер бойынша тілдік дағдылары мен академиялық білімдерін дамыту;
- 2) Зерттеу дағдыларын дамыту: ақпаратты іздеу, өңдеу және ақпаратты ұсыну;

3) спорт, өнер, драма үйірмесі, әлеуметтік және мәдени шаралар арқылы тіл дамыту.

Жазғы мектептің жүргізілу мерзімі белгіленді:

- 01.06-12.06 аралығында 7-8 сынып оқушылары үшін;
- 15.06-26.06 аралығында 9-11 сынып оқушылары үшін.

Жазғы мектепке 576 мектеп оқушысы және Атырау облысының жалпы білім беретін мектептерінің 7-8 сыныптарынан 80 оқушы қатысты. Олар үшін химия, физика, биологиядан зерттеу жұмыстарының дағдысы мен тілдерді дамыту бойынша сабақтар ұйымдастырылды.

Жазғы мектеп ашыларда Жазғы мектептің күн тәртібі мен сабақ кестесі жасалынды. Техникалық қауіпсіздік жұмыстары жөніндегі инженер жазғы мектеп оқушыларына мектеп ғимараты мен тыста, саяхат және басқа да көшпелі іс-шараларда қауіпсіздік ережесін сақтау керек екендігін түсіндірді. Сонымен бірге медициналық қолдау, оқушылар тамағын қадағалау ұйымдастырылды.

Жазғы мектеп бағдарламасына енгізілген сыныптан тыс шаралар орынды және қызықты болды. Бұлар – тренингтер, өндірістік және тарихи орындарға саяхат. Жобаның бағдарламасы балалардың жан-жақты қабілеттерін ашуға негізделе береді. Әсіресе химия, ағылшын тілі тақырыптық күндері сәтті өтті. Жазғы мектеп аясында Балаларды қорғау күні мен Рәміздер күніне арналған мерекелік шаралар өткізілді.

Күннің +40 градус ыстығына қарамастан балалар барлық шаралар мен конкурстарға белсене қатысты. Олардың көңілді түрлеріне, сөздеріне қарап жазғы мектепте олаға бәрі: дәстүрлі емес сабақтар, треннингтер, үйірме жұмыстары, мәдени шаралар және жаңа достар ұнағаны көрінді.

Жазғы мектеп жұмысында жергілікті мұғалімдермен қатар халықаралық мұғалімдер де жұмылдырылды. Халықаралық мұғалімдер ұсынған шаралар танымды болды және шығармашылықпен өтті.

Өз оқушыларымыздың және басқа жалпы білім беретін мектеп оқушыларының Жазғы мектеп туралы пікірлері:

7 «D» сынып оқушысы Олжағалиева Алмагүл: – *«Маған бүгінгі күн өте ұнады. Ағылшын тілі сабағында Лаура және Динамен жұмыс жасадық: үш мақала жазып қабырға газетін шығардық. Мен бұл жұмысты басқалардан бұрын аяқтағанымызға қуандым. Жалпы күн әдеттегідей тамаша өтті».*

Табылдиева Лаура: – *«Бүгін бәрі жақсы болды. Әсіресе үйлердің тартысы, математика, химия сабақтары. Мен сабақта өзімді көрсеттім».*

Саликов Сергей: – *«Бәрі нақты болды! Күн қызықты өтті. Мектепте спорттық жарыстар өткізілді. Мен уақыттың қалай өткенін байқамадым. Ағылшын тілі және биология сабақтары қызықты өтті».*

Дамир Болатов: – *«Бүгін маған барлығы ұнады. Әсіресе үйлердің тартысы. Біз өзімізді өте жақсы көрсеттік. Жеңген шығармыз деп үміттенем. Біздің команданың мүшелері жеңімпаз болуға лайықты».*

5.9. Ата-аналар комитетінің жұмысы

Мектептің ана-аналар комитеті – бұл мектепті тұрақты жұмыс істейтін алқалы өзін-өзі басқару органы, ол өзіне ата-аналар мен мұғалімдерді қамтиды.

Ата-аналар комитеті – білім беру үдерісін ұйымдастыруда, сабақтан тыс уақытта және оқушыларды әлеуметтік қорғауда педагогикалық ұжымға көмек көрсету мақсатында құрылған.

Оқу жылы басында әр сыныпта ата-аналар комитеті өзін-өзі басқару ұйымы ретінде құрылды.

Ата-аналар комитетінің бірінші отырысында келесі **міндеттер** анықталды:

- оқу үдерісі, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау, тұлғаның еркін дамуына ықпал ету үшін қажетті жағдайды жетілдіру;
- оқушылардың заңды құқығы мен мүдделерін қорғау;
- жалпы мектепшілік шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- мектеп басқару органдарымен, әкімшілігімен білім беру үдерісін жетілдіру және сабақтан тыс уақыттарын ұйымдастыру мәселелері бойынша ынтымақтастық орнату;
- мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту ісіне қатысу;

Оқу және тәрбие үдерісіне ата-аналар қатыстырылған жағдайда ғана мектептің оқу-тәрбие жұмысы нәтижелі болмақ. Сондықтан тәрбие саласының бір бағыты – бұл ата-аналармен жұмыс. Бұл жұмыс диагностика, ағарту, алдын алу, кіріктіру сұрақтарын қамтиды.

Жыл бойына пән мұғалімдерінің қатысуымен барлық сыныптарда ата-аналар жиналысы өткізілді.

Барлық кураторлар жыл бойына әр түрлі мәселелер бойынша ата-аналармен жеке сұхбат жүргізіп, пән мұғалімдерімен тығыз байланыста болып, сабақтарға қатысты.

Қараша айында болған ата-аналар комитетінің мектепшілік жиналысында ата-аналар ҚР Президенті күніне арналған шараларға демеушілік көмек көрсету туралы шешім қабылдады. Ата-аналар комитеті барлық мектеп оқушыларын арнайы «Мен Елбасымды мақтан тұтамын» деп жазылған төсбелгімен қамтамасыз етті, бұл акция үлкен резонанс туғызды, оқушылар төсбелгілерін мақтанышпен тағып жүрді және барлық патриоттық іс-шараларда пайдаланады.

Ата-аналар комитеті «3 қайырымды іс» акциясына белсене қатысып, кәрі адамдарға, мүгедек жандарға, жетім балаларға жан жылуын сыйлап, өз істерімен оқушыларға үздік адамгершілік қасиеттердің үлгісін көрсетті.

5.10. «Шанырақ» жүйесінің қызметі

«Шанырақ» жүйесі – ұжымдағы командалық рухты сезінуге мүмкіндік беретін мектептегі шағын қоғам.

Көшбасшылық қасиеттердің қалыптасуына үлкендерінің жасы кішілерге қамқорлық көрсетулері де ықпал етеді. Осы мақсатпен мектепте «Шаңырақ» қоғамдастықтары құрылған: - үлкендер кішілерге жауапкершілікпен қамқорлық жасап, бірлесіп шаралар мен үйірме жұмыстарын өткізуге қолдау көрсетеді. Үлкендері өз тәжірибелері, білімдерімен бөліседі, басшы, консультант ретінде көмек көрсетеді.

Әр «Шаңырақтың» аты бар. Біздің Назарбаев Зияткерлік мектебінде 17 Шаңырақ бар: «Самұрық» - 7 «А» мен 11 «Н»; «Сұңқар» - 7 «В» мен 11 «І»; «Сарайшық» - 7 «С» мен 11 «D»; «Үш қоңыр» - 7 «D» мен 11 «E»; «Тобыл» - 8 «А» мен 11 «F»; «Жайық толқындары» - 8 «В» мен 11 «G»; «Махамбет» - 8 «С» мен 11 «А»; «Оқжетпес» - 8 «D» мен 11 «D»; «Батыс» - 9 «А» мен 12 «E»; «Хан Тәңірі» - 9 «В» мен 12 «F»; «Қаршыға» - 9 «С» мен 12 «G»; «Хиуаз» - 9 «D» мен 12 «Н»; «Бірлік» - 9 «E» мен 12 «А»; «Қайрат» - 9 «F» пен 12 «В»; «Алатау» - 9 «G» мен 12 «С»; «Алтын адам» - 9 «Н» пен 12 «D»; «Бейбарыс» - 11 «С» мен 12 «І».

Әр Шаңырақтың өз таңбасы, әнұраны, ұраны бар. Сонмыен қатар әр Шаңырақтың таңертеңгі жиында жиналатын арнайы орындары бар.

2014- 2015 оқу жылында Шаңырақтармен төмендегі жұмыстар жүргізілді:

- Біріккен команда, корпоративтік рух қалыптастыру және бос уақытын бірге өткізу мақсатында Ш. Калдаяқовтың балы өткізілді.
- ҚР Тұңғыш Президенті күні қарсаңында әлеуметтік жобалар барысында оқушыларға қолдау көрсету мақсатында «3 қайырымды іс» акциясы өткізілді: шаңырақ оқушылары алғашқы кезекте қарттар үйіндегі қарияларға арнап сыйлықтар дайындады.

- Жаңа-жыл қарсаңында әр Шаңыраққа мектеп ішінде безендіретін аймақтар бөлінді, бұл жұмыс үлен сынып оқушыларының кішілерге қамқорлық танытуы және оқушылардың көркем эстетикалық талғамдарын дамытуға ықпал ету мақсатында жасалынды.
- Мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын, толеранттық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру үшін, бірыңғай, нығайған командалар және корпоротивтік рух қалыптастыру мақсатында Қазақстан халықтары Ассамблеясының 20 жылдығына арналған фестиваль өткізілді. Біздің елімізде бірлігі жарасқан 140-тан аса ұлт өкілдері бейбіт өмір сүруде. 17 Шаңырақтың оқушылары Атырау облысында тұратын 17 ұлттың өнерін көрсетті.
- Оқушыларды мектепішілік ауқымды шараларға тарту үшін, Наурыз мейрамы ашық спорт алаңында тойланды. Оқушыар қазақ халқының салт-дәстүрлерін бейнелейтін қойылымдар көрсетіп, қонақтарға мерекелік дастарқан әзірледі.
- Оқушыларды бір-біріне өзара қолдау көрсетуге ықпал ету үшін бірінші жартыжылдық соңында Шаңырақ оқушылары жетістіктер портфолиосын қорғап, презентациялар ұсынып, оқу және тәрбие жетістіктері туралы толықтай айтып шықты. Өткен оқу жылымен салыстыру жұмыстарын жасап, жаңа оқу жылына мақсаттар қойды.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Тәрбие жұмысының бағыттары бойынша көшбасшылық топтарды жетілдіру.
2. Педагог ұйымдастырушылар мен қосымша білім беру педагогтарының кәсіби желілік қоғамдастығын құру.
3. Кураторлардың сараптамалық және кеңесшілік қызметін жетілдіру.
4. Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу.
5. Мектеп ата-аналары комитетінің қызметін жандандыру, атап айтқанда "Әкелер мектебі" және "Әжелер мектебі".

5.11. Мектеп жанындағы жатақхана қызметі

Жатақхана тәрбиеленушілерімен жұмыс ұйымдастырудағы басты мақсат:

- әр оқушыға қамқорлық таныта отырып, өздері үшін жайлы ортада олардың академиялық, рухани әлеуетін, спортқа бейімділігін өз-өзімен және қоршаған әлеммен үйлесімді түрде дамытуға көмектесетін жағдай туғызу, оқушының мектепке, жатақханаға деген оң пікірін қалыптастыру;
- әр оқушының тұратын жері мен жағдайларына және оқу үдерісіне тез бейімделуінің табысты факторы ретінде жатақхананы оқушының екінші үйіндей сезінуіне қолайлы жағдай жасау.

Осы мақсатты жүзеге асыру жолында 9 тәрбиеші және 4 тәрбиеші көмекшілері қызмет атқарады. Барлық тәрбиешілердің педагогикалық мамандығы бар.


№	Тәрбиешілердің аты-жөні	Диплом бойынша мамандығы
1	Рахимжанова Б. С.	Орыс тілі
2	Касаева Б. Б.	Технология
3	Құдабаева Г. С.	Математика
4	Тынымбаева Г. А.	Қазақ тілі мен әдебиеті
5	Молдагалиева Ж. Ж.	Информатика
6	Сюнов С. К.	Тарих
7	Арыстанова А. Қ.	Қазақ тілі мен әдебиеті
8	Тыныбаева Б. Б.	Бастауыш сынып
9	Қуанышкереева Ж.	Бастауыш сынып

Түнгі кезекшілікте екі тәрбиеші көмекшілері мен бір медбике болады. Әр күні кешкі сағат 22:00-ге дейін кезекші тәрбиеші 101 нөмірімен өрт қауіпсіздігі орталығына жатақханадағы барлық адам саны туралы ақпарат беріп, ақпаратты қабылдаушы мен кезекші

тәрбиешінің аты-жөні журналға тіркеліп отырады.

Жатақханаға оқушылар «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Басқармасының шешімімен 2013 жылдың 16 мамырында №22 хаттамасымен бекітілген «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің жатақхана қызметін ұйымдастыру Ережелеріне» сай қабылданған.

Жатақханаға орналасқан 132 оқушының 36 – ер бала, 96 – қыз балалар. Оқу жылы



ішінде 7 оқушы қалаға ата-аналары және туған-туысқандары көшіп келуіне байланысты, 1 оқушы Орал қаласындағы НЗМ-не ауысуына байланысты және 5 оқушы «Өркен» білім



грантынан бас тартуларына байланысты жатақханадағы орындарын босатып, резервте тұрған оқушыларға орын берілді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің міндеті оқушыларға тек академиялық білім беру ғана емес, сонымен қатар жоғарғы адамгершілік қасиеттерге ие өз Отанының патриоттарын тәрбиелеу, олардың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіру.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың бірыңғай кешенді жүйесі құрылған, жатақханадағы тәрбие қызметі де осы жүйемен жүргізіледі.

Азаматтық-отансүйгіштікке тәрбиелеу

Өз Отанын сүюге, қазақ халқының тарихы мен салтын, мәдениетін, табиғатын сүюге және құрметтеуге, отбасы, қоғам, ел алдындағы азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында Конституция күні, ҚР Тұңғыш Президенті күні, ҚР Тәуелсіздік күні, Жеңістің 70 жылдығы мерекелеріне арналған тәрбие шаралары өткізілді.

Рухани – адамгершілікке тәрбиелеу

Жауапкершілік, құрметтеу, адалдық, адамгершілік, мейірімділік, азаматтық, өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін игеруге тәрбиелеу мақсатында бірқатар тәрбие шаралары өткізілді. Солардың ішінде «Мен және менің ортам», «Ана тілім ажарым, асыл мұрам», «Шын дос – асыл қазына», «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі», «Кітап - алтын қазына»

тақырыптарымен өткізілген тәрбие шараларын ерекше атап өтуге болады. Оқушылар ой-сезімдерін өлең, эсселермен көркем жеткізе білді.

Зияткерлікті дамыту

Сыни ойлау және шығармашылықпен ойлауды дамытатын зияткерлік ойындар, конкурс, шараларға оқушылар ерекше қызығушылық танытады. Мысалға, «XXI ғасыр көшбасшысы», «Талаптыға нұр жауар», «Білімің - ұшар қанатың» конкурстарына әр оқушы тыңғылықты дайындалды. Зияткерлік тапсырмалар орындаулардан бөлек, оқушылар өздерін данышпан тұлғалар бейнесінде көрсетіп, өздері, достары туралы бейнебаяндар түсіру мүмкіншіліктері болды.

Көркемдік-эстетикалық тәрбие

Тәрбиенің негізгі міндеті – оқушылардың бойында өнерге, әдебиетке, музыкаға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу және қалыптастыру; олардың бойындағы қасиеттерін (қабілеттері, қызығушылығы, таланты, жеке қасиеттері) айқындап, әрі қарай дамыту; шығармашылықпен жұмыс жасауға жағдай туғызу.

Оқушылардың тәрбиешілермен бірге өздерінің жеке туындыларын оқыған поэзия кеші ерекше естерінде қалды. Оқушылардың шығармашылық туындылары «Ақ қауырсын» және «Зияткерлік мектептегі менің мүмкіндіктерім» атты мектепішілік жинақтарда жарияланды. Алдағы уақытта дарынды балаларды ынталандыру үшін НЗМ ДББҰ деңгейінде жинақ шығаруды жоспарлаудамыз.

Тәні мен психикалық саулығының дамуына тәрбиелеу

Демалыс күндері эстафеталар, түрлі спорттық жарыстар жиі өткізіледі. Медицина қызметкерлерінің қатысуымен СӨС тақырыптарына лекциялар тыңдалды.

Компьютерге тәуелділіктің алдын алу мен әлеуметтік жүйелерді сауатты қолдану туралы «Компьютер мен әлеуметтік желілердің пайдасы мен зияны», «Агентомания» тақырыптарында тренингтер өткізіліп, бейнежазбалар көрсетілді. Сонымен қатар әр сәрсенбіде мектеп психологтарының көмегімен психологиялық шеберхана өткізіледі. Бұл орайда, мектеп ашылғалы қолдау жасап келе жатқан педагог-психолог Р.И. Муханованы ерекше атап өтуге болады.

Алуан мәдениетті дамыту

Аталған бағыт бойынша «Күй атасы – Құрманғазы», «Сен дүниеге келген күн», «Күлкі – өмір нәрі», «Күмбірлейді домбыра», «Көрісу – наурыздың беташары» тақырыптарымен кештер ұйымдастырылды. Сонымен бірге әлем халықтарының билері кеші өткізілді.

Көшбасшы қабілеттерін дамыту

Жатақханада жұмыс жоспары мен мақсаты белгіленген тәрбиеленушілер Кеңесі жұмыс жасайды. Оқушылардың көшбасшылық қабілеттері ІЖБ, IELTS-қа дайындалуда да байқалады.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Тәрбиелік іс-шараларды жетілдіру, атап айтқанда, тәрбие шараларын оқу бағдарламаларымен кіріктіру.
2. Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

6. ОҚУ-ҚОСАЛҚЫ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ

6.1. Мектептің тіршілік әрекетін және өмір қауіпсіздігін қорғау

2014-2015 оқу жылындағы қауіпсіз білім беру жүйесінің келісілген жоспары бойынша, мектептегі қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау шарасы жүзеге асырылды.

Мемлекеттік ұйымдардың қадағалауымен және бақылауымен қолданатын шаралар сақталып, еңбекті қорғау нұсқаулығы мен ережелерін орындау мақсатында келесі шаралар өткізілді:

- әдістемелік басшылықты негізге алып және өрт қауіпсіздігі жұмысының біртұтас тәртібін ұйымдастырып, ХББ НЗМ директорының бекітуімен, ЕҚ және ӨҚ бойынша инженері және биология, химия, физика, география, тарих, өзін-өзі тану, қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын тілі, математика, информатика, спорт зал, еңбек және өнер кабинеттерінің нұсқаулықтары дайындалды. Нұсқаулықтың көшірмесі әдістемелік бірлестіктерге және топ кураторларына таратылды;
- оқу жылының басында кабинеттерге арналған ЕҚ және ӨҚ нұсқаулығына сәйкес кабинеттердің сабаққа дайындығына тексеріс жүргізілді (еңбек қауіпсіздік шартына сәйкестігі, өртке қарсы құралдармен жабдықтау, тазалық-гигиеналық жағдайын сақтау, құралдардың дұрыстығы, желдету, электр желісінің жүйесі, медициналық аптечкамен жабдықтау және т.с.с.). Кабинеттерді тексеру барысында техникалық талаптарға сай болды, 2014-2015 жаңа оқу жылына кабинеттердің дайындығы туралы актіде көрсетілді.

Өрт сөндіру мүмкіндіктерінің айқындалған жетіспеушіліктері (*құм салынған жәшік, күрек, текемет, асбестті кенеп матасы, брезент*) зертханалық кабинеттерге материалдарды бюджеттік қаражаттан бөлінуіне байланысты сатып алуға сұраныс берілді.

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінде мектеп жанындағы жатақханада тұрып жатқан оқушыларға арнап өрт қауіпсіздігі туралы нұсқау берілді, 132 жатақхана оқушыларының ішінен 126 адам қатысты. ӨҚ нұсқаулығының өтуі жөнінде тіркеу журналына белгіленді.

2014 жылдың 29 тамызында «НЗМ филиалдарының оқу жүйесін қауіпсіздікпен қамту» бұйрығы бойынша, 2014 жылы 15 қыркүйекте мектеп оқушыларына жол қауіпсіздігінің, өрт қауіпсіздігі, апат жағдайында өзін-өзі ұстауы, улы газдан сақтану, мектеп психологының және мектеп медицина қызметкерінің қатысуымен алғашқы медициналық жәрдем көрсету жөнінде, сонымен бірге өрт қауіпсіздігі және еңбек қорғау инженерлерінің қатысуымен нұсқама өткізілді.

Оқу кабинеттерінің меңгерушілерімен, оқытушылармен, кабинет лаборанттарымен және пән оқушыларымен қауіпсіздік техникасының ережелеріне сай (*химиялық реактивтерді сақтау ережесін ескеру және ерітінділерді препаратторлық кабинетте сақтау, электрқондырғыларын дұрыс қолдану, электржазыратқыш, су жүретін және газ кранын, сабақтан соң электрқұралдарын қосулы тастамау, жарық сүзгі, күндізгі жарық және жұмыс орнын ретке келтіру*) оқу кабинеттеріндегі қауіпсіздік ережелеріне қатысты нұсқаулық өткізілді. Әрбір кабинетте зертханалық сабақтармен белгілі бір жүйеде жасақталған сынып журналы жүргізіледі. Нұсқаулықтан 156 адам өтті. Нұсқаулықтың өтуі жөнінде журналға тіркелді.

ТЖҚ қызметкерлерімен бірге, соның ішінде судан құтқару мекемесінің инспекторы Ж. Алмағанбетовамен және ТЖ құтқару қызметінің аға капитаны Т.Сансызбаевпен мектеп оқушыларына, суға кету жағдайына, жер сілкінуге және басқа да қолайсыз жағдайларға қатысты нұсқаулық өткізілді. 640 оқушы қатысты.

21.11.2014 ж. ТЖҚ майоры Е.Б.Шортановпен және аға лейтенант С.С.Байдаулетовпен Азаматтық қорғаныс жөнінде НЗМ қызметкерлері мен оқытушыларына нұсқаулық өткізілді. Оқытудың нәтижесінде 60 адам «О прохождении курса повышения квалификации руководящего состава и специалистов в области чрезвычайных ситуаций и Гражданской обороны» тақырыбында сертификат алды.

Іс-шараларды өткізуде қауіпсіздікпен қамтамасыз ету мақсатында, жаңа жыл мерекесі қарсаңында, өрт және техника қауіпсіздігін сақтау жөнінде жоспардан тыс нұсқаулық өткізілді. Атырау қаласындағы «ХББ НЗМ» қатысушыларына мектеп аумағын жарықпен көркемдеу кезінде электр жарығын беретін қондырғыларды пайдалану барысында, өрт қауіпсіздігін сақтау ережесі қатаң түрде түсіндірілді; бенгаль оттығын пайдалануға тыйым салынды, фейерверктермен тағы сол сияқты пиротехникалық өнімдерді жаңа жылдық кештің өту барысында көшеде және мекемеде пайдалануға болмайтындығы ескертілді. Нұсқаулықтың өтуі жөніндегі жұмыстар белгіленген журналға тіркелді.

Жол жарақатын болдырмау, сақтық шарасы аясында, сонымен бірге мектеп оқушыларының жол-көлік оқиғасы жөнінде, ТОО «АйсТрансХолдинг» директоры М. С. Суйнов мырзаға бірнеше рет хат жазылды, ГУ және ЖКХ көлік жолдарының жетекшісі С. К. Казиевке де хат жазылды. Алғашқы хаттың жазылу себебі, таңғы 7:25 04.11.2014 ж. № 4 маршрутың бақылаушы – кассирі, Е 194 АҒ мемлекеттік номеріндегі автобуста мектеп оқушыларынан жол ақысын төлеуді талап еткен. Жол ақысын төлеуден бас тартқан оқушыларды, көліктен түсіріп жіберген. Бұл жазылған хатқа жауап келді, бұл автобустың кондукторы, оқушылардан ақша талап еткені үшін, жұмыс орнынан босатылды.

03.12.2014 ж. кешкісін 17:30 сағатта, № 4 маршрут Е 619 АҒ мемлекеттік номеріндегі автобуста бақылаушы – кассир, автобуска тек 10 бала санына дейін оқушы алған. Осы хаттың нәтижесінде, маршрут жүргізушісі ескерту алған.

«Назарбаев Зияткерлік Мектептері» ДББҰ № 403/ОД 29.09.2014 ж. «Об обеспечении безопасности в образовательном процессе в филиалах НИШ» бұйрығының келісімімен, Атырау облысы ішкі істер Департаментінің басшысы, полиция генерал – майоры А. К. Жалмухамбетовке жәрдем беру жөнінде өтініш жазылды:

- аялдау павильонын қондыру: бүгінгі таңға дейін мектепке № 4 және № 30 А автобус маршруттары жүреді, автобус аялдамалары белгілермен жабдықталмаған, жасырын тұр.
- Мектеп жанындағы жасанды кедір-бұдырды дұрыстау; балаларға бағыт көрсететін белгілерді қондыру.
- Көлігін қоюға арналған жерді балардың өміріне және денсаулығына қауіпсіз болатын жолдың үлкен бөлігіне көшіру, көлік қоюға арналған жер өте тар, таңғы қарбалас сәтте барлық жол көліктері сыймайды, осындай жағдайдан авариялық жағдай туындайды.
- Мектеп аумағындағы таңғы және кешкі уақытта тасымалдану кезінде көлік кептелісін реттеуге ГАИ постын қою.
- Көлік қозғалысын тіркеу үшін бақылау камерасын қондыру.

Атырау облысы бойынша ӘПБ ПБ басшысының орынбасары М. У. Утегалиевке жазған хатқа жауап келді, ТКШ қала бөлімінің басшысы С. Казиевке №227 жол қозғалысының қауіпсіздігін сақтау заңдылығы талаптарының бұзылу тәртібін жоюды орындау туралы нұсқама жасақталып, жазбаны алғаннан кейін 5 күн ішінде кемшіліктерді жоюға ұсыныс берілді.

1-3 сұрақтарға НЗМ мектебінің көлік құралының тұру орны көрсетілген кестесімен жауап келді. Бағдаршам нысанын қондыру, автобус аялдамасы, көшені жарықтандыру және машина көлігін қоюға тыйым салынған жерлер жөніндегі сұрақтар, қалалық бюджеттен қосымша қаржы бөлінген жағдайда қаралады.

4-сұраққа байланысты МАИ посты қойылмады, сондықтан НЗМ қызметкерлерінің күшімен сағ.7:45-8:25 және сағ.17:00-18:00 аралықтарында, яғни қарбалас сәттерінде жыл бойына кезекшілік ұйымдастырылды.

Мекеменің техникалық жағдайына бақылау және тексеру, ғимаратқа, құралдарға, машинаның және тетіктердің, желдету жүйесінің тиімді жұмысына, қондырғылардың техникалық-тазалық жағдайы, жұмысшылардың жеке қорғану және ұжымдық

құралдарын, қауіпсіздік техникасының және еңбекті қорғау құқықтық норматалпаптарының сәйкес келуі жүйелі түрде анықталынып отырды.

Бақылау және тексеру барысындағы айқындалған кемшіліктер мен ақаулар тез арада реттеліп отырды және актілер жасалды.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Мектептегі қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау жоспарын жүзеге асыру.
2. Қазақстан Республикасы заңнамасының бақылау талаптарын сақтай отырып, еңбек және қауіпсіздік, еңбекті қорғау, стандарттары, еңбек қауіпсіздігінің ережелері мен шамаларын сақтау.

6.2. Кітапхана қызметі

Мектеп кітапханасы — ол біздің оқушылар үшін бірінші ақпараттық орталық. Осыдан жеке іздену дағдылары қалыптасады, алынған ақпаратты сыни тұрғысынан бағалау, ақпаратты салыстыру, әртүрлі: дәстүрлі (кітаптар, журналдар, газеттер), және дәстүрлі емес дереккөздерден алынған.

Кітапхана қорын жасақтау кітапханалардың жұмысын ұйымдастыру қағидасына сәйкес жүзеге асырылады

Қазақстандық, ресейлік және шетел баспаларымен Атамұра, Мектеп, Алматыкітап, Фолиант, ЭКСМО, АСТ, Астрель, Penguin Cambridge, Oxford, Scholastic, McGrawHill ынтымақтастық жалғасуда, соңғы жаңа басылымдармен жедел танысуға мүмкіндік береді.

Оқулықтар кең көлемдегі даму дағдыларын және терең білім алу үшін кіріктірілген білім бағдарламасына сәйкес және оқушылардың жобалық, ғылыми-зерттеу әрекеттерін қолдау, қазақ, орыс, ағылшын тілдерін әртүрлі деңгейде меңгеру, оқу мәдениетін дамытуды қолдау мақсатында сатып алынады.

Жалпы кітапхана қоры есептік кезеңде 24273 дана оқу, әдістемелік, көркем, қазақ, орыс, ағылшын, неміс және корей тілдеріндегі ғылыми-танымдық әдебиеттердің электронды және қағаз нұсқасын құрады.

Кесте. Кітап қоры

Жалпы кітап қоры, оның ішінде:	Даналарының саны
Оқу қоры	122666
Оқу-әдістемелік құралы	671
Көркем әдебиет	7965
Сөздіктер	70
Қосымша әдебиеттер	2325
Электронды басылым	188
Мерзімді басылым	109

2015 жылдың 2 ақпанында «TIMELESS» оқырмандар клубы құрылды, осылайша белсенді оқырмандар жұмысы басталды.

Төмендегідей іс-шаралар жүргізілді: И.Есенберлин «Көшпенділер» кітабына презентация, қазақ хандығының 550-жылдығын тойлауына орай, «Поэзия кеші», 8 Март Халықаралық әйелдер күнін тойлау, «Код да Винчи» Д. Браунның шығармашылық әдебиеті, 23 сәуір - «Дүние жүзілік кітаптар күнін» тойлау, жазғы және демалыс кезіндегі мектептің қатысушыларына, оқуға жігерлендіру мақсатында әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырылды: онлайн-викториналар, ребус-ойындар, мозайкалар, кітапты көркемдеу, Б. Сокпабаевтың «Менің атым Қожа» туындысына қойылым.

Кітапханада кітапқа қызығушылықты арттыруға әртүрлі іс-шаралар өткізіледі, оқырман белсенділігі арасында оқыған әңгімелерінен апталық жиын болады, барлық оқушылар арасында «Кітапты тап» іскер ойыны өткізіледі, «Бақыт дөңгелегі», 123 жоба, қатысушылар арасында зерттеу әдістерінің шеберлік сабағы, оқытушылар және оқушылар арасында электронды деректерді қолдану жөнінде тренингтер өткізіледі.

10-16 қарашада 2014ж. кітапханашы Демишева А.Е. Финляндияда «Библиотека и обучение на протяжении всей жизни» тақырыбында, біліктілікті көтеру курсынан өтті;

20-24 ақпанда 2015ж. Алматы қаласындағы ФМБ НЗМ-де Оңтүстік Кореядан келген эксперттердің қатысуымен «Развитие информационной грамотности» тақырыбындағы семинарға қатысты.

26 желтоқсанда 2014ж. жалпы білім беретін қала мектептері, базалық және пилоттық мектептер үшін «НЗМ кітапхана қызметінің практикасы: тәжірибесі мен мүмкіндіктері» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді, 22 мамыр 2015ж. облыстық және аудандық мектеп кітапханасы мен әдіскерлері арасында «Инновационные методы работы библиотек НИИШ» тақырыбында семинар өткізілді.

«100 кітап» жобасын іске асыруды талдау

Жобаны іске асыру аясында төмендегідей іс-шаралар өткізілді: әдебиеттік кеш С.Сейфуллиннің «Аққудың айырылуы» туындысы бойынша 8 а, в сынып оқушылары қатысты, жауапты мұғалімі Шамшенова М. қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі, Б.Сокпакбаевтың «Менің атым Қожа» туындысына зияткерлік сөзжұмбақ – 7 а, в сыныптары, жауапты қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалім Самбетова Н., кураторлық сағат: «Білім көзі кітапта» тақырыбында, «100 кітап» тізіміндегі шығарма бөлімі ұсынған кітаптармен оқырмандар клубы арасындағы жиында әңгімелесу, жазғы мектеп оқушыларына «Менің атым Қожа» қойылымы, И.Есенберлин «Көшпенділер» кітабына презентация, ойындар, ойын-мозайка кітаппен «Бір атаның балалары» М.Мағауин, онлайн-викторина Льюис Кэрролл туындысы, «Приключения Алисы в стране чудес», Антуана де Сент-Экзюпери «Маленький принц» кітабындағы көркем сурет, үзінді-монолог «Оливер Твист» Ч.Диккенс туындысынан, конкурс ең үздік эссе «Жоба 123» Т.Сұлтанбековтың «Ғажайып планета» фантастикалық туындысы.

Оқырмандар қызығушылығын сараптау нәтижесі:

- 7- сыныптар мектеп бағдарламасындағы көркем әдебиеттерді оқиды және 100 кітап тізімінен таңдайды.
- Барлық 8- сыныптар кураторлық сағатта 100 кітап тізімінен 1-2 кітап оқып шықты.
- 9-сыныптар негізінен қазіргі классика және детективтер, қорқынышты кітаптарды оқиды.
- 11- сыныптар – қазіргі әдебиеттерден – романдар, комикстер.
- 12- сыныптар көркем әдебиеттерді мүлдем оқымайды, негізінен қолдарында IELTS, SAT оқулықтары бар.

Кітапханада және кітаптарды сақтау бөлмесінде қауіпсіздік техникасының ережелері, тазалық, өрт қауіпсіздігін болдырмау үшін барлық мүмкіндік жасалған, арнайы бұрыш жасақталған, қауіпсіздік техникасының барлық құралдары бар. Әр айдың соңғы күні тазалық күні өткізіледі.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Сұраныс пен тапсырысты, қосымша әдебиетпен және оқу-әдістемелік құралдармен кітапхана қорын толықтыру, мерзімдік басылымға жазылу, қорды талдау және ақпараттық ресурстарды іздеу жұмыстарына дайындау.
2. Кітапхана қорындағы жаңалықтарды насихаттау және хабарлау, электронды ресурстарды қолдану арқылы тренингтермен кітапханалық сабақ өткізу, қатысушылардың зерттеу дағдыларын дамытуға көмектесу.
3. Базалық және пилоттық мектеп кітапханашыларымен, қала және облыс мектеп кітапханашыларымен жыл сайын семинар тренинг өткізіп, тәжірибе алмасу.
4. Мектеп оқушыларының және ұстаздардың оқырман қызығушылығына зерттеу жүргізу және ұйымдастыру.
5. Оқырмандар белсенділігі дамыту, кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында жоспармен келісілген әртүрлі іс-шаралар өткізу, соның ішінде Назарбаев Зияткерлік мектебі оқушыларына ұсынылған «100 кітап» тізіміндегі кітаптарды оқып шығу.

6.3 Психологиялық қызметтің әрекеті

Мектеп психологиялық қызметтің мақсаты теңдестірілген, шығармашылық және жоғарғы адамгершілік табысты бәсекелестік ортада әрекет етуге қабілетті және азаматтық жауапкершілігі жоғары, мәдениетті иеленген жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

2014-2015 оқу жылының психологиялық-педагогикалық тапсырмасы:

1. 7-сынып оқушыларының оқудың жаңа шарттарына бейімделуіне қолдау көрсету;
2. 11, 12-сынып оқушыларын ІЖБ, КХЕК, IELTS қорытынды емтиханына дайындық барысында қолдау көрсету;
3. 12-сынып қатысушыларына кәсіптік бағдар беру;
4. «Дарынды бала» жобасын жүзеге асыру;
5. Қатысушының өзгеше жеке тұлға екенін анықтауға психодиагностикалық зерттеу;
6. Оқушылар денсаулығының әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан ауытқымауын қадағалау профилактикасы мен түзету-дамыту қызметі.
7. Педагогикалық ұжымның психологиялық мәдениетінің дамуы;

Оқушының статистикалық мәліметі.

Атырау қаласы ХББ НЗМ-де 2014-2015 оқу жылының соңында 34 класс комплектісі есептелінді, оның ішінде 17-і қазақ тілінде оқытылатындар, 17-і орыс тілінде оқытылатындар, барлық білім алушылар саны – 699.


Кәсіби тапсырманы шешу үшін және осы оқу жылындағы психологиялық әрекеттің негізгі бағыттағы мақсаттарына жету үшін жұмыстар жүргізілді: ақыл-кеңес беру қызметі, диагностикалық, түзету-даму, алдын-алу және ағартушылық, психологиялық-педагогикалық қызмет жұмысына сәйкес келетін келешегі бар жоспармен жүргізілді.

Оқу жылының бірінші жарты жылдығында оқушылар контингентінің сандық көрсеткішінің интроверсия және экстраверсия тұлғаларының темперамент түрлері есепке алынып, зерттеу анықтамасы жүргізілді, сонымен бірге мінез-құлық тұрақтылығын анықтайтын Г. Айзенка тестісі (*темпераментті анықтаудың классикалық әдісі, қазіргі психологияда бірден-бір мәні бар*). Қатысқан оқушылардың саны - 710.


Статистикалық сараптаманың көрсетуі бойынша, оқушылар арасындағы ең басым темперамент түрі холериктер – 45,7 %; сангвиниктер – 25,2 %; меланхоликтер - 17 %; флегматиктер – 12,1 %.

Төмендегі диаграммада темперамент түрлері қатар бейнеленген, сонымен бірге гендерлік айырмашылығы жағынан да бөлек көрсетілген. Нәтиже көрсеткіштері бойынша пән мұғалімдері мен кураторларға оқушы психикасының жеке өзіндік қасиеттерін ескере отырып, олармен жұмыстар жүргізуге ұсыныс берілді.

Темперамент түрлерінің қатар бейнеленуі



Мектеп оқушыларының мәліметі гендерлік жік айырмашылығымен



Психологиялық-педагогикалық қызметтің іс-әрекеті нәтижесінде, оқу жылы барысында (*психодиагностикалық зерттеу, бақылау, топтық сабақ, сонымен бірге кеңес беру*) белгілі себептің қозғаушы күші анықталып, 7-12-сынып оқушыларының өзіндік дамуының кері кетуіне жол берілмеді.

Сараптама көрсеткендей, 7-сынып оқушыларының арасында басты мәселе бейімделу болды, оқушылардың жаңа талаптарға және оқу жағдайына бейімделуі, оқудағы жетістігі осыған байланысты болды, пәнге деген мәселенің бар немесе жоқ болуы, қатарластары ортасындағы өзара байланыс қадағаланды. САН әдістемесіне сәйкес, оқу жылының басында тұлға белсенділігі мөлшерден төмен (*яғни төмен нәтиже көрсеткен*) оқушылар

ортасы анықталды. Бұл диагностика бойынша тұлғаның белсенділігі ретінде келесі мінез-құлық иелері ерекшеленді: мақсаттылық, уәждеме, мінездің қызбалығы, сонымен бірге жігерлілік.

Осыған байланысты, тұлғаның жоғарыда көрсетілген сипатының дамуына тренинг элементтерін пайдаланып сабақтар өткізілді. 8-ші сынып оқушыларының арасында, жас ерекшеліктері құрамының сұрағы - «Мен-тұжырымдамасы» алдыңғы қатарда тұрды. Ұстаздары, кураторларымен сұхбаттаса келе, олардың дамуына кедергі келтіру факторлары анықталды: кейбір оқушылар өзі туралы «Мен нақтымын» және «Мен мінсізбін» деген пікірді ұстанған. Жалпы алғанда, 8-ші сынып оқушыларының арасында, бір-бірімен келіспеушіліктер тіркелген жоқ.

Жоғары сынып оқушыларының арасында, қарым-қатынастағы мәдениеттіліктің төмен болуы, бір-бірімен тіл табысуда қиындық туғызды, соңында өзара келіспеушілікке апарды, сонымен бірге әлеуметтік желіде де дөрекі тілдескен жағдайлар болды. Жасөспірімдердің ортасында эмоционалды, тәртіпсіз қызбалық, өзінің ерік-жігеріне тікелей бағынбайтынына байланысты, мойындамаушылықтың туындауы, қасарысушылық, ырықсыздық, өзінің сезімін ұстай алмаушылық байқалды. Нәтижесінде осы тәртіп бұзушылық салдарынан бірнеше жиын өткізілді.

Екінші жарты жылдықта, 11-ші және 12-ші сыныптар арасында, байқау және қорытынды емтихандарын тапсыруына байланысты, беймазаланып-қобалжу деңгейі өсті, осы мәселені шешу үшін жүйелі түрде жекелей кеңестер берілді.

Эмоциональдық ақыл-парасаттың дамуына, сонымен бірге оқушылардың ерікті өзіндік ортасының қалыптасуына, 2015-2016 оқу жылында да, осы психологиялық-педагогикалық қызмет басымдық көрсетуге тиіс. Психодиагностикалық зерттеуді ұйымдастырып жоспарлауда, қызметтің психологиялық түрі ажырамас бөлігі болып табылады, ол жекелей-психологиялық өзіндік танымның қалыптасуын бағалап, айқындауға көмектеседі. Оқу жылы бойына жоспармен келісілген жұмыстар атқарылды, сонымен бірге кураторлар мен оқушылардан сауалнама алынды. 100 % барлық оқушылар психодиагностикамен қамтылды, қорытынды нәтижесіменен талдау мәліметтері жасақталды. Бұл шеңбер көрсеткішінде, топтық және әртүрлі бағыттағы жекелей зерттеулер өткізілді. Жылдық жоспардың 61,5 % психодиагностикалық бағытта жүзеге асырылды, осыған қарамастан жоспардан тыс әдістемелік сұрақ жұмыстары біршама жасақталды, жұмыс жоспарының өзгеруіне, білім беру үдерісіне қатысушылардың мұқтаждары мен тілектері түрткі болды. Оқу жылы барысындағы барлық психодиагностикалық әрекеттерді шартты түрде 4 блокқа бөлуге болады:

1. *Кәсіптік бағдар беру әдістері.*

- Дж. Холланның «Кәсіпқой икемділік» сауалнамасы.
- Й. Йовайштың кәсіпқой икемділік сауалнамасы (Г.В. Резапкиннің нұсқаулығы).
- «Кескін» әдісі (А.Е.Голомшток «Қызығушылық картасы» в Г.В. Резапкиннің нұсқаулығы).
- ДДО болашақ кәсіби түрді анықтау (Е.А.Климов әдістемесі, ДДО түрлендірілген сауалнамасы)

Барлық өткізілген кәсіби тестінің негізіндегі жиынтық мәліметтер 11, 12-сынып оқушыларының кәсіби картасын құрады.

2. *Дарындылар диагностикасы.*

- Көпшілік икемділік тесті (Г.Гарднердің жан-жақты интеллект теориясына сәйкес).
- Когнитивті үдеріс диагностикасы (жадыда сақтау, назар аудару, ойлау, ұғыну).

3. *Жекелей-психологиялық өзіндік қасиет диагностикасы (жеке тұлға аралық қатынас, ерікті-эмоциональды орта, өзін-өзі бағалау және т.с.с.)*

- Г. Айзенка тесті бойынша темперамент диагностикасы.
 - В. Столяренконың «Ағаш» тестісі бойынша адаптациялық кезеңдегі өзіндік психологиялық ұстаным ерекшелік диагностикасы
 - САН тестісімен берілген жүктемеге оқушының психоэмоционалды реакциясын анықтау, көңіл күйін жедел бағалау, көңіл күйінің белсенділігін анықтау (В.А. Доскин, Н.А. Лаврентье, В.Б. Шарай, М.П. Мирошников жасақтаған).
 - Дж. Морено Социометрия әдісін топ ішілік байланыста қолдану.
 - ӘБЗ (әлеуметтік бағыттағы зерттеу) жекелей сауалнама: адалдық – күйзеліс – жүйкенің тозуы – көпшілдік.
 - Өзін-өзі бағалау деңгейіндегі экспресс –диагностика (оқу-құралынан тест «Шағын топтың және жеке тұлға дамуының әлеуметтік-психологиялық диагностикасы» – М., Психотерапия Институт баспасы, авт. Фетискин Н.П., Козлов В.В., Мануйлов Г.М. 2002ж).
 - Анкета «Мұғалім оқушының көз алдында» (Рогова И.Е. анкета кітабынан, Мұғалім, психологиялық зерттеу нысаны. М., 1998ж).
 - Ассоциациялық суреттік тест (АРТ қысқ.) – жобалық тест әдісі, дара тұлға диагностикасына бағытталған және олардың қатынастық жүйесі. (Ю.Н.Кудряхов және В.П.Голубев МВД ВНИИ жасақтаған).
 - Суреттік тест «Табиғи шамадағы өз бейнесі».
 - Еңбек ұжымының әлеуметтік-психологиялық ахуалын бағалаудың экспресс-әдісі (авт. А. С. Михайлюк, Л. Ю. Шарыто).
4. *Сұрақ-жауап, сауалнама (әртүрлі)*
- Сауалнама: «Биология пәнін оқыту сапасы»
 - Сауалнама: «Химия пәнін оқыту сапасы»
 - Сауалнама: «Математика пәнін оқыту сапасы»
 - Сауалнама: «Team-teaching: еңбек ұжымының ұсынысы және күткені»
 - Сауалнама: «мектеп асханасында тамақтану сапасына қанағаттануы» (бірнеше рет сұрақ)
 - Сауалнама: «Ата-ана дауысы»
 - Сауалнама: «Дарынды бала деген кім»
 - Сауалнама: «Мектеп құндылығы»
 - Сауалнама: «НЗМ білім үрдісіндегі өзгешеліктер мазмұнын түсіну және білу деңгейі»
 - Дарынды балалармен жұмыс жасауға мұғалімнің дайындық диагностикасы
 - Сауалнама: «Мектептің тәлім-тәрбиесіне қатынасы»
 - Ата-аналараға арналған сауалнама: «Оқу-тәрбие үдерісіне разылығы»
 - Мұғалімдерге арналған сауалнама: «Құрылымы мен еңбек жағдайларына разылығы»

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін кураторлар құрамына арналған кәсіби біліктіліктерін көтеру мақсатында лекция және коучинг өткізіліп, түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Аталған кездесулер аясындағы шешілген мәселелер, жетекшілердің психологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталды, білім беру үдерісіндегі барлық оқушылармен жанжалсыз тілдесу дағдысы оқытылды. Кездесу, тәжірибелік тапсырмаларды орындау барысында, жетекшілер: кеңесу барысында құптау немесе қиялдарды сейілту түрінде баланың шынайы дарындылығын ашуға мүмкіндік алды; Менің күйім өзіндік құрамын анықтауға; "жандандыру" дағдысын игеруге немесе жарасымды тілдесу керек болған жағдайда пайдалануға болады. Отбасылық қарым-

қатынас құрамымен сонымен бірге жанұялық социограмма әдісімен, авторы Никольская И. М. танысты.

Төмендегідей сұрақтар қаралды:

- Дарынды баланың әлеуметтік және эмоциональды талабы;
- Э. Берн теориясының Трансактты тілдесу талдауы;
- Жасөспірімдер арасындағы суицидтік қылықтың алдын-алуы;
- Отбасы психологиясы: отбасы моделі, негізгі психологиялық сипаттама, олардың атқару құрылымы мен динамикасы;
- М. Литвактың «Өтемпұл қағидаты» (сөйлесудің үш тәсілі: қарсыластан салмақты жауап алу жетістігі; бөтен кісінің қылығымен келіспейтінін білдіру, оны кіналамай; іскер әңгімеге серіктестіктің қызығушылығын арттыру).

Өткізілген іс-шараларды сараптау барысында, Э. Берн теориясына ерекше пікір айтылды, осы сұрақ барысында жеке кеңес беру жұмысы жүргізілді, сонымен бірге, талантты оқушылардың талабы туралы жұмыс, оқушыға сипаттама құрылымын жазу барысында орындалды.

Айтылған бағытта жетекшілермен кездесу барысы көбіне демалыс мезгілінде ұйымдастырылуына байланысты кураторлар құрамының біліктілігін көтеру қызметінің жүзеге асуы ойдағыдай толық орындалған деп санауға болмайды. 2015-2016 оқу жылында көпшілік жұмыстың бірі, мектептің жетекшілер құрамының психологиялық-педагогикалық біліктілігін арттыру әрекетін жандандыру болып саналады.

Мектеп қызметкерлері мен оқушыларының жеке тұлға ерекшеліктеріне байланысты жинақталған ақпараттарды жинау жұмыстары кезең-кезеңмен жүреді (*диагностика- жеке кеңес беру-түзету қажет болған жағдайда*). Психодиагностикалық әдістемелер, сауалнамамен ақпарат жинау қысқа мерзімде орындалатындықтан диагностикалық және жеке жұмыстарға ерекше көңіл аударылады, сонымен бірге зерделеуді қажет ететін респонденттерге қатысты мәліметтерді алуға болады (*темперамент, қобалжушылық және т.с.с.*); ақпарат дұрыс қабылданған қағидалармен стандарттарға сәйкес (*тестімен келісілген*) дара тұлғаның кейбір көрсеткіштерін сапалық және сандық салыстыру мүмкіндігін береді. Осы әдіспен алынған ақпараттар алдағы уақытта жеке сұхбат жүргізіп немесе түзету жұмыстарын (*қажет болған жағдайда*) жасағанда пайдалы болады. Оқушының және мектеп қызметкерінің тұлға өзгешелігінің көрсеткіші журналға тіркеледі (*жеке кеңес беру журналы, топтық жұмыс түрін есепке алу журналы*), психодиагностикалық әдістеме сараптамасы талдағыш анықтамаларда сандық және сапалық көрсеткішіменен көрінеді, бірге тағайындалған тізіммен қатар папкада сақталады.

Психологиялық-педагогикалық жұмыстың талдау қорытындысы және құжаттары, психологиялық-педагогикалық қызметтің бірден-бір ең басты құрамдас бөлігі болып табылады. Осы бағыттағы әрбір жұмыс түрі, белгілі бір құжаттар жинағымен бірге жүреді. Барлық оқу жылы бойына жұмыстар психодиагностикалық, кеңес беру, топтық түрі негізінде жүргізіледі. Жүргізілген диагностика нәтижесінде, зерттеудің нәтижелері қамтылған сараптамасы, аналитикалық анықтамалары құрылады. Кеңес беру журналында әңгімелесу түрі тіркеледі және тұлғаның қатер факторлары белгіленеді, тәуекелге ықпалдылығы (*диагностика мен сұхбатқа сүйену*), мониторинг мерзімі анықталады (*қажет болған жағдайда*), ары қарай қажет мәселелер бойынша одан әрі қолдануға болатын стратегиялар бойынша ұсыныстар беріледі. Жұмысты құжаттандыру үдерісінде келесі тапсырмалар шешілді:

- оқу үдерісіне қатысушылардың тұлғалық ерекшелігіне қажет ақпараттарды толықтыру;

- статистикалық мәліметтер жиынтығы, психологиялық өзгешеліктерді есепке алу: дара тұлға ретінде, толық топтық жағдайда да;
- алынған ақпараттарды жүйелеу;
- қызметтегі толықтай және зерттелген қорытынды нәтижесін талдап қорыту;

Құжаттама жүргізу және қорытындыларды игеру үшін оқу жылы барысында арнайы уақыт бөлінген жоқ, талдау барысындағы анықтамалар деректерді өңдеу ретіне қарай толтырылды, журналдар дер кезінде толтырылып отырған жоқ. Сол себепті жаңа оқу жылында құжаттардың дұрыс әрі уақтылы жүргізілуіне көңіл бөлу керек.

Жұмыстың бірден-бір түрі кеңес беру, ол оқу үдерісіне қатысты барлық адамдарға көмек беру мақсатында жүргізілді. Жеке жұмыстар мұғалімдердің, қатысушылардың, ата-аналардың сұранысы бойынша жүргізілді. Жекелей және топтық кеңес беру жүзеге асырылды. Жеке сұрақтар сұраныс бойынша өткізілді. Жеке және топтық кеңес беруді есепке алу журналы жүргізіледі. Кеңес беру үдерісі екі этап бойынша өткізілді: бастапқы консультация беру – мәселелер анықталғанда және негізгі мәліметтер жинақталған мезгілде; қайталама кеңес беру – диагностикалық әдістің көмегімен нысаналы ақпарат алу үшін, мәселелердің алдағы жұмыстағы жоспарын анықтау үшін; сонымен бірге, ата-аналарға балалармен өзара тығыз қатынаста болулары жөнінде ұсыныстар берілді, әсіресе ересек балалармен. Қайталама кеңес беру кейбір жағдайда бөлек кездесумен шектелген жоқ, ол жүйелі түрде қайталанып отырды, осындай жағдаймен кездесу барысында жұмыс серпінділігі талқыланды, ұсыныстар айқындалды.

Осы есепті кезеңде 186 ортақ күрделі кеңес беру өткізілді (*бастапқы және қайталама*). Кеңес алушылардың басым көпшілігі оқушылар болды (69,2 %).

Жалпы кеңеске жүгінгендер санатын келесі ретпен бөлуге болады:

1. кәсіп таңдаудағы қиыншылықтар бойынша;
2. емтихан алдындағы беймазальық;
3. эмоциональдық-мінез-құлық қиындықтары (беймазальық, жас өспірімдер арасындағы қарым-қатынас т.с.с.);
4. диагностика нәтижесі бойынша кеңес беру;
5. жас мамандарға жеткіншектердің жас ерекшеліктері сұрағы бойынша кеңес беру, сабақ барысында тиімді психологиялық климат ұйымдастыру;
6. баламен – ата-ана ара қатынасы.



Быттырғы оқу жылымен салыстырғанда кеңес беру жұмысы айтарлықтай барынша ілгеріледі (*кеңеске жүгінгендер саны 2013-2014 жылы 154 болды*). Педагогикалық құрам жағынан психологиялық қызметке жүгінгендер саны артты, педагог-психологтарға жоғары деңгейдегі (20,9 %) сеніммен қарайтыны жөнінде түйін жасауға болады. Соған қарамастан, ата-аналар тарапынан кеңеске жүгінушілер (9,9 %) көп емес. Кеңес алуға тапсырыс берушілердің ынтасы да сондай (*быттырғы оқу жылымен салыстырғанда*) жоғары емес болып қалуда, олардың көбіне біржолғы сипатта болады.

2014-2015 оқу жылындағы психологиялық-педагогикалық қызметтің әрекетін сараптай келе, білім үдерісіндегі психологиялық демеу жоспарлы жұмыс қатарында болды, оқу жылы басында қойылған кейбір тапсырмаларды шешу толық көлемде тиімді орындалмады. Қызмет барысында кезіккен, келесі мәселелер анықталды:

1. қызметтегі басты кемшілік педагог-психологтарға арнайы сағат жүктемелері бөлінбеуіне байланысты сабақтарда жүйелілік қағидатын іске асыру мүмкіндігі жоқ. Сол себепті сабақтың тиімділігі мейлінше төмен;
2. ата-аналармен ағартушылық жұмыстары жеткіліксіз дәрежеде жүргізілді;

3. педагогикалық ұжымымен жұмыс жүйелі түрде жүргізілген жоқ;
4. психологияның оқу пәндерімен кіріктірілуі қажеттіліктер туындағанда ғана жүргізілді (*сұраныс бойынша*).

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Мектепте қолайлы психологиялық атмосфераны кешенді шаралармен қамтып жүзеге асыру.
2. Оқу үдерісіндегі қатысушыларға үнемі әрекет ететін он-лайн кеңес құру.
3. «Ата-аналар мектебінің тиімділігі» жобасын ұйымдастыру арқылы ата-аналармен жұмыстың тиімділігін арттыру.
4. Педагог ұжымымен циклограмма зерттемесін қолдану арқылы, педагогтардың психологиялық біліктілігін дамыту жұмысын белсендендіру.
5. Педагог-психологтармен кәсіби желілік қоғамдастық құру.

6.4 Медициналық қызмет жұмысы

Оқу жылы аяғында мектепте оқитын балалар саны 699 болды. Олардың 176-сы мектеп бітіруші 12- сыныптың оқушылары. Жыл ішінде оқушылардың барлығы алдын-ала тексеруден өтті. Тексеру қорытындысымен оқушылар денсаулығы бойынша топтарға бөлінді:

	Барлық бала саны	1-топ	2-топ	3-топ	4-топ
2014-2015	698	221-31,7%	370-53%	106-15,1 %	1-0,2%
2013-2014	653	228-35,1%	375-57%	47-7,3%	3-0,5%

1-топ – сау балалар

2-топ – морфофункционалдық ауытқушылығы бар балалар

3-топ – компенсация стадиясында созылмалы патологиясы бар балалар

4-топ – субкомпенсация стадиясында созылмалы патологиясы бар балалар

5-топ – декомпенсация стадиясында созылмалы патологиясы бар балалар.

Денсаулығы бойынша балалар дене тәрбиесі сабағынан төмендегіше топтарға бөлінген:

	Оқушылар саны	Негізгі топ	Даярлық топ	Арнайы топ
2014-2015	698	666	16	16
2013-2014	653	623	16	14

2014-2015 оқу жылы ДКК анықтамасына сай 16 бала дене тәрбиесі сабағынан босатылды. 2013-2014 оқу жылы 14 бала босатылған болатын. Дене тәрбиесі сабағы барлық топқа арнайы топ маманы жоқтығы себепті негізгі топ бағдарламасымен өткізілді. Жыл бойына емдеу-алдын-алу жұмыстары мына көлемде жүргізілді: алдын-ала тексеру, алдын-ала екпе, емханалық қабылдау, ағарту жұмыстары.

Алдын-ала тексеру. 2015 жылдың ақпан-наурыз айларында №1 аймақтық поликлиника дәрігерлерімен бірлесе оқушылар алдын-ала тексеруден өткізілді.

Тексеру нәтижелері кестеде берілген:

	2014-2015 оқу жылы			2013-2014 оқу жылы		
	Қаралуы тиіс	қаралды	анықталды	Қаралуы тиіс	қаралды	анықталды
Педиатр	698	698-100%	14-2%	653	653-100%	54-8,3%
Хирург	436	436-100%	2-0,5%	563	563-100%	17-3%

Лор	436	260-60%	-	563	377-67%	10-2,7%
Окулист	620	620-100%	86-13,9%	563	563-100%	330-58,6%
Невропатолог	436	-		563	182-32%	11-6%
Эндокринолог	357	357-100%	10-2,8%	563	563-100%	29-5%
Психолог	255	-		377	377-100%	-
Стоматолог	698	698-100%	30-4,3%	653	653-100%	247-38%

Өткен жылы балалар жаңа келгендіктен кестеде жалпы ауруы көрсетілді. Осы жылы анықталған аурулар көрсеткіші алынды. Көрсеткішке қарағанда көз аурулары бірінші орында, тіс аурулары – екінші, қан аурулары, соның ішінде анемия үшінші орында екені анықталды. Эндокрин жүйесінің аурулары балалар жазғы уақытта өтетін қасымша тексеруді қажет етеді. Невропатолог пен лор дәрігерінің тексеруі поликлиникада маман жоқтығы себепті жүргізілмеді. Өткен оқу жылында психологиялық ауытқушылықтар болмағандықтан, мектепке психолог жіберілмеді. Психологиялық ахуал жөнінде анықтаманы мектеп психологтарының бергені орынды болады.

Диспансерлеу. Бірінші жартыжылдық аяғында диспансерлік есепте 355 бала тұрды. Олардың 98-і шығып кетті, екінші жартыжылдықта 15 бала қайта алынды, жыл аяғында «Д» есепте 272 бала болды.

Ауру түрі	саны
Қан және қанайналымы	33
Жүрек-қантамыры жүйелерінің аурулары	1
Қуық-жыныс мүшелері	1
Лор мүшелері	2
Демалу мүшелері	2
Ас қорыту мүшелері	1
Эндокрин жүйесі	2
Көру мүшелері	218
Сүйек-бұлшық ет жүйесі	11
Тері	1

Екі оқушы мүгедектер қаатарына жатады.

Вакцинация. Жыл ішінде 16 жастағы жасөспірімдер АДС-М (дифтерийно-столбнячный анатоксин) екпесін алды, 166 – жоспарланған шаманың 98%-ы. Тұмау екпесін 92 оқушы, 90 қызметкер алды. 15-19 жастағы балаларға қызылшаға қарсы екпе жасалынды. Жоспарланған 448 баланың 336-сына (75%) жасалынды. Манту салу арқылы туберкулез диагностикасы жасалынды. 1 бала оң мантимен мектепте химиофилактикалық ем қабылдайды. Флюоротексеріске 15-16 жас аралығындағы 9-11 сыныптың 541 оқушысы қаралды, барлығы сау.

Емдеу жұмыстары. Келген оқушыларға күнделікті амбулаторлық қабылдау жүргізіледі. Орташа күніне 10-15 адам, вирус күшейген кезде көбірек болады. Катаралдық демалу мүшелеріне байланысты жиі қаралады. Жыл бойына ауырып-сырқаттанған 311 жағдай тіркелді немесе оқушылардың жалпы санына шаққанда 44%-ды құрады:

Ауру түрі	Саны	жалпы науқастанудың %-дық мөлшері
ОРЗ/ОРВИ	195	63
Лор патологиясы	30	10
Асқазан-ішек аурулары	26	8
Хирургиялық патология	20	6
Жүйке жүйесі аурулары	15	4

Жарақат	11	3
Басқа инфекциялық аурулар	8	2
Басқа соматитті аурулар	15	4

Стаматолог дәрігердің қабылдауы жүргізіледі. Оқушылар алдын-ала тексеріледі және санитарлық жағдай жасалынады.

Қаралды	Қалыпты	Бұрын санация жасалған	Санацияны қажет етеді
698	168	278	252
Қаралу	Пломба	Толықтай санацияланды	
137	72	15	

Санитарлық-ағарту жұмыстары. Оқу жылы ішінде оқушыларға «ЖҚО-ның алдын-алу», «Көзді қалай сақтау керек», «Дұрыс тамақтану негізі» тақырыптарында дәріс оқылып, оқушылар мен педагогикалық ұжымға шылым шегу, алкогольизм, нашақорлық, ЖҚТБ, өткір вирустық инфекциялар, туберкулез, дәрігерге дейінгі алғашқы көмек туралы нұсқаулықтар берілді. «Денсаулық бұрышы» қабырға газеті шығарылды.

Санитарлық-гигиеналық бақылау. Мектептің, жатақхана мен тамақ бөлімінің санитарлық жағдайы күнде тексеріледі. Жуғыш заттар мен дезинфекция заттары жеткілікті. Санитарлық тәртіп сақталады. Мектептегі жарық визуалды түрде көру арқылы тексеріледі. Санитарлық талаптар мен ережелерде ауытқушылық жоқ. Мектепте температура тәртібі субъективті тексеріледі, себебі термометр барлық жерде емес. СЭС тексеру актілері бар.

Күн тәртібі мен тамақ сапасын бақылау. Тамақтану – балалардың денсаулығын қалыптастыратын, еңбек қабілеттері мен үлгерімдерін көтеретін, аурудың алдын алатын, физикалық және ақыл-ой дамуына септігін тигізетін, қоршаған ортаға ыңғайласуын қалыптастыратын негізгі фактордың бірі.

ҚР «Білім туралы» заңында білім беру ұйымдарының оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру міндеттері туралы айтылған. (48-бап. Оқушылар мен тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау). Мектепте оқушылар 3 мезгіл, жатақхана тәрбиеленушілері 5 мезгіл тамақтандырылады.

Тамақ дайындалуының сапасын, тамақ дайындау мен үлестіруде санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын қадағалау мақсатында бракераждық комиссия құрылған. Комиссия құрамына Мектеп директорының ФШҚ жөніндегі орынбасары, директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, жатақхана меңгерушісі, диетсестра, ата-аналар комитетінің мүшесі және аға куратор кіреді

Мектептің бракераждық комиссиясы өз қызметінде ҚР-ның заңнамалары мен нормативтік құқықтық актілерге, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ тәртіптеріне, Мектеп Жарғысы мен жергілікті құжаттарға сүйенеді. Оқу жылында бекітілген жоспарға сәйкес бракераждық комиссия мынадай шаралар өткізді:

Кесте. Бракераждық комиссияның жұмыс жоспары

№	Негізгі шаралар	Мерзімі	Орындаушылар
1.	Тағам бөлімінің оқушыларға қызмет көрсетуге дайындығын тексеру	Қыркүйек, қаңтар	Мектеп директорының ФШҚ жөніндегі орынбасары, бракераж комиссиясының төрайымы, медқызметкер
2.	Мектеп асханасының санитарлық жағдайын қадағалау	күнделікті	медқызметкер
3.	Оқушылардың тамақтану кестесінің сақталуын қадағалау	күнделікті	бракераж комиссиясының

			мүшелері
4.	Шикі тағамның сақталуы мен пайдаланылуын қадағалау	айына 2 рет	бракераж комиссиясының мүшелері
5.	Ас мәзірінің сәйкестігін қадағалау	күнделікті	бракераж комиссиясының мүшелері
6.	Дайын тамақтың сапасын қадағалау	күнделікті	медқызметкер
7.	Тағам бөлімі мен қызметкерлерінің санитарлық жағдайын қадағалау	күнделікті	медқызметкер
8.	Дайын тағамның сапасы мен үлестірілуін қадағалау	жыл бойы	бракераж комиссиясының мүшелері
9.	Ыстық тамақ пен буфеттік тағамның дәмділік сапасы туралы оқушыларға сауалнама жүргізу	31.10.2014ж. 06.11.2014 ж. 01.11.2014 ж. 05.11.2014 ж. 19.01.2015 ж. 26.11.2015 ж. 10.04.2015 ж.	кураторлар, психологтар
10.	Оқушылар мен олардың ата-аналарына(заңды қамқоршы) рационалды тамақтандыру туралы ағарту жұмыстарын жүргізу	Тәрбие жұмысы жоспарына сай	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, кураторлар

Мектеп асханасының, тамақ бөлімі мен қызметкерлерінің санитарлық жағдайын, дайын тамақ сапасын мектептің медқызметкерлері күнделікті тексереді. Кестеге сай шикі тағамның сақталуы мен пайдаланылуын, сапасын, дайын тағамның сапасы мен үлестірілуін, ас мәзірінің сәйкестігін, тамақ бөлімі мен қызметкерлерінің санитарлық жағдайын қадағалау мақсатында рейдтер жүргізілді. Тексеру қорытындылары хаттамамен рәсімделіп, ескерту турасында акт жасалынып, мектеп басшылығына ұсынылды. Оқушыларды сапалы тамақпен қамту мектеп басшылығымен ғана тексерілмейді, сонымен бірге Ұйымдастыру жұмыстары Департаментіне кесте бойынша тамақ ұйымдастыру туралы ақпарат беріледі. Ыстық тамақтың дәмділік сапасы, мектеп асханасына деген қатынас туралы оқушыларға сауалнама жүргізіледі.

Қантты қантсалғышта ұсыну, тамақты ыстық күйінде беру, астың майлылығын азайту, ыдыстың тазалығы сияқты оқушылар тарапынан ескертулер айтылды.

Бракераждық комиссия тексерісінен соң асхана қызметкерлері сауалнама қорытындысымен таныстырылып, сәйкес шешімдер қабылдады:

- Аспаз бен ыдыс жуушыны ауыстырылды;
- Бірінші тағамға сұйық тамақ құятын ыдыстар алынды;
- Салаттар әр оқушыға бөлек ыдыста беріледі;
- Астың майлылығын азайтылды;
- Аспаз бен ыдыс жуушы ауыстырылды;
- Сусуын орнына шырындар жиі бере бастады;
- Түстен кейінгі және кешкі астың ас мәзіріне коржик пен печенье қосты;
- Үй кеспесі, манты, пельмен, тауық сорпасы мен кішкене пицалар жиі дайындалатын болды.

Асхана қызметкерлерінің осындай жұмысынан соң, шағым-пікірлер кітабында оқушылардың оң пікірлері пайда болды.

Сонымен қатар тексеру барысында келесі фактілер анықталды:

- таңертең сүт ботқасын барлығы бірдей жемейді: анықталған себептер – үйден тамақтанды, сүт ботқасын жақтырмайды;
- гарнир ретінде қарақұмық берілсе кей балаларға ұнамайды;
- оқушыларға майлы ет ұнамайды.

Қабылданған шаралар:

- Кураторларға оқушылар мен олардың ата-аналарына (заңды тұлғалар) рационалды тамақтандыру туралы ағарту жұмыстарын жүргізу, балаларға дәнді-дақылдардың адам ағзасына пайдасын түсіндіру тапсырылды;
- Асхана қызметкерлеріне сапалы, майсыз ет алу ұсынылды.

Мектеп асханасының қызметін талдай келе, асхана басшылығы мен қызметкерлері өз аттарына айтылған ескертулерге байыппен қарап, оқушылар тілектерін назардан тыс қалдырмай, кемшіліктердің уақытында жойылғанын айта кету керек.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Жоспар жасап, едеу, алдын-алу жұмыстарын жоспарға сай жүргізу.
2. Мектептің жағдайын, күн тәртібін және тамақтану сапасын үнемі санитарлық-гигиеналық тұрғыдан бақылау.
3. Денсаулығында ауытқушылығы бар балаларға үнемі диспансерлік бақылау жүргізу.
4. Дәрігер мамандардың қатысуымен санитарлық-профилактикалық жұмыстарды жүргізу және СӨС насихаттау.
5. Жақыннан көрмеудің алдын-алу мақсатында, сабақ үдерісіне көз жаттығуларын енгізу, суық тию ауруларының алдын алу шараларын өткізу.
6. Денсаулығына байланысты сабақтан босатылған оқушыларға арнайы медициналық топ құру.

6.5. Медиа қызметі

Кесте. 2014-2015 оқу жылының медиа қызметінің статистикасы

Теледидар	Радио	Периодтық басылымдар	Әлеуметтік желі
22 сөз сөйлеу (олардың 6 мектеп басшыларымен интервью, 16 мектеп өмірінен бейнеоматериалдар)	2 сөз сөйлеу (олардың 1 мектеп директорының, 1 байланыс жөніндегі үйлестірушінің 7-сыныпқа оқушылар қабылдау туралы сөзі)	26 басылым (олардан 3 интервью мектеп басшыларымен, 10 мақала мектеп өмірінен, 13 мақала Республикалық басылым «Білімді Ел» газетінде)	175 постылар (мектептегі жағдайлар туралы қысқа ақпараттар, суреттер және коментарийлер)

Мектеп телестудиясының қызметі

Жыл басынан бері Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде мектеп телевидениесімен бірлесе баспасөз қызметі жұмысын белсенді бастады. Оқу жылы бойына өз тиімділігін көрсеткен анық сындарлы жұмыс

ұйымдастырылды. 11 «F» сынып оқушылары мектеп телевидениесінің алғашқы іргетасын қалады. Осы сынып оқушысы Арман Абугалиев мектеп телевидение командасын «НИШ ПРЕСС» деп атауды ұсынды. Содан бері тоғыз ай бойына жас тілшілер мен телеоператорлар мектептегі оқиғаларды түсіруді үйренуде. Қазіргі таңда «Мектеп телевидениесі» үйірмесіне әр сыныптан 20 оқушы қатысады. Топта түрлі шараларды тез арада тарататын өз тілшілеріміз бар. Басымшылығы қыз балалар болатын жас журналистер үш тілде жазады, камераға еркін сөйлейді, оқушылар мен оқытушылардан интервью алады. Ер балалар фильм түсіреді, өз сюжеттерін шығармашылықпен монтаждайды. Мектеп телевидениесінің өз фотосуретшісі мен дизайнері бар. «НИШ фактор», «Туған елге тағзым», «Жазғы мектеп» бағдарламаларына балалар өздері көрнекі бұрыштама жасады.

«НИШ ПРЕСС» мектеп телевидениесі мектеп Парламенті, «Timeless» оқырмандар клубы, «TEDxNIS Атырау» дебат клубы, «Wikipedia» клубы сияқты өзін-өзі басқару органдарымен бірлесіп жұмыстанады. Мектеп оқиғаларын тарата отырып, оқушылар замандастарының көңілдерін өздеріне аудара білді. Мектеп баспасөз қызметіне оқушылардың жақсы көзқарасы қалыптасты. Біздің қызметіміз жаңа басталғанда, көптеген оқушылардың камерадан қашу, камераға сөйлемей (коментарий жасау, интервью алу, кадрде болу) сияқты комплекстері болды. Дегенмен, мектептің баспасөз-клубына үнемі қатысу арқылы, оқушылар бірге жұмыс істей бастады, олар беттерін камерадан жасырмайтын болды, «НИШ ПРЕСС» қатысушылары айтқандай, оқушылар камераға сенімді сөйлейді, мектеп телевидениесі қызметіне қызығушылық танытады.

2014-2015 оқу жылы мектеп телевидениесі түрлі бағытта 60 бейнематериал дайындады. Бұлар: ашық сабақтар, оқушылардың түрлі объектілерге барғаны, мектептегі гала-концерттер, қысқаметражды роликтер, құттықтаулар мен арнайы бейне материалдар және т.б.

2014-2015 оқу жылы мектеп оқушылары Томирис Ескали мен Бауыржан Жанабай 2015 жылы 9 сәуірде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ұйымдастыруымен өткізілген «Энергия пера» тақырыбындағы медиа форумға қатысуға мүмкіндік алды. Ынталандыру мақсатында үйірме жетекшісінің (пресс-секретарь НЗМ А. Джаманкулов) бастауымен аймақтағы БАҚ жұмыстарына саяхат жасалынды, оқушылар облыстық және республикалық БАҚ жұмыстарымен танысты.

Мектеп телевидениесінің үлкен жетістігі - «Арман Асуы» қысқаметражды фильмі. Авторлары – 11-сынып оқушысы Арман Абуғали мен 12-сынып оқушысы Малика Арманқызы. 2015 жылдың 30 сәуір күні мектепте аталған фильмнің тұсаукесері өтті. Көрсетілімнен түскен қаржы 5 жасар Әділханның емделуіне жұмсалды (диагнозы: аяқтың гидроцефалиясы).

Мектепте өткізілген барлық шараларды оқушылардың өздері таратады, телевидениені тиімді пайдаланады және мектепте материалдар мұрағаты жинақталуда. Мектеп телевидениесі оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің ашылуына жәрдемдеседі. Көшбасшылық қабілеттерін көрсете отырып, баспасөз-клуб мүшесі журналистика мамандығының дағдысын танып, командада жұмыс жасауды үйренеді.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. «NIS Атырау» айлық журналын шығару.
2. Мектеп сайтының жұмысын жандандыру.
3. Аймақтағы журналистермен «Ақылды бейсенбі» және «Жазғы мектеп» жобасында шеберлік сабақтарын өткізу.
4. «Жас тележурналистер фестивалін» ұйымдастыру және өткізу.
5. Президент реформаларындағы 100 нақты қадамдарды іске асыру жолында: НЗМ тәжірибесін тарату, мектеп басшылығымен телевидениеде брифинг ұйымдастыру, ток-шоу бағдарламаларына қатысу.

7. ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

7.1. Мектептің материалды-техникалық базасы жағдайын талдау

Мектептің жобалық қуаты 720 орынға есептелген. Атырау қаласындағы «Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» 2015 жылдың 01 шілдесіндегі есеп бойынша 699 баланы құрады. Мектептің материалды-техникалық базасы:

- Мектеп ғимараты – үш қабатты
- Салынған жылы - 2013
- Жалпы ауданы - 20194,6 м²
- Жобалық күші - 720 оқушы
- Трансформаторлық подстанция – 96,4 м²
- Салынған жылы - 2013
- Жер бөлігінің жалпы ауданы – 6,0000 га.

2015 жылға мектептің жылдық таза бюджеті 1 164 277 018,41 теңгені құрайды, оның ішінде Білім гранты – 1 040 654 032,25 теңге, Білім гранты (жатақханада тұру) 118 597 644,00 теңге.

2015 жылдың 1-жартыжылдығында кіріс бөлігін орындау фактісі бойынша 540 657 565,33 теңгені құрады, жоспарланған 608 235 251,10 теңге немесе 88,89% игерілді. Жоспардағы көрсеткіштен ауытқу себебі – басқа аймақтарға ауысуы себепті контингенттің қысқаруы. Осы кезеңнің орындау фактісі бойынша шығыс бөліктері 474 980 836,24 теңгені құрады, яғни жоспарланған 599 157 228, 54 теңгенің 79,27%-ы. Шығыс бөлігінің орындалмау себебі – өндіріс қызметкерлерінің вакансиясының көпшілігі, сонымен бірге жабдықтаушылар міндеттерінің мерзімі, яғни жабдықтаушылар мерзімінен ауытқып екінші жартыжылдыққа өтуі; сондай-ақ қызмет көрсету және мектеп заттары бойынша өткізілген тендерден үнемдеу. Мектептің материалдық-техникалық базасының дамуы – мектеп әкімшілігінің қамқоршылығының нәтижесі. Бұл – сапалы оқу-тәрбие үдерісін жүргізу үшін жасалатын мектеп өміріндегі негізгі бағыт.

Мектеп аумағының сыртқы шекарасы дуалмен қоршалған, көгалдандырылған, гүл, терек отырғызылған. Мектептің жер телімінде демалыс аймағы, спорттық аймақ, шаруашылық аймақтары бөлінген.

Спорттық аймақта спорттық жабдықтар, спорт алаңы, футбол, волейбол, баскетбол алаңдары, теннис корты, жүгіру жолы жасақталған. Шаруашылық аймақ мектептен алысырақ орналасқан. Қатты тұрмыс қалдықтарын жинау үшін 3 контейнерлі алаң жасақталған. Мектеп аумағында сыртқы жарық пен бейне бақылау орнатылған. Мектеп ғимаратының сыртқы шекарасы бойына шамдар орнатылған. Мектеп ғимараты жоспарлану бойынша функциясына байланысты негізгі тұрғын жайларға бөлінеді: тұрғылықты, жалпы тәрбиелік бағытқа, медициналық қызметке, шаруашылық, басшылық, тұрмыстық, тамақ бөлігі және кір жуатын бөлім. Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру үшін мектепте 60 пән кабинеті, спорт зал, акт залы, кітапхана, психолог бөлмесі, музыка-ырғақ сабағы кабинеті, компьютерлік сынып, ақпараттық ресурс орталығы, дәрігер кабинеті, емдеу бөлмесі, 2 кереуетпен күндізгі изолятор, 132 жатын бөлме, жаттығу залы жұмыс жасайды.

Кесте. Оқу үдерісінде пайдаланылатын алаңдардың сипаттамасы

Атауы:	Жалпы ауданы
Мектеп бойынша жалпы ауданы, олардың ішінде:	18273,92
- Сынып бөлмелері мен зертханалар	4291,50
- Спорт, жаттығу залдары	1093,13
- Кітапхана, кітап сақтайтын орын, медиатека	263,88
- Акт залы, жарық түсіруші, сахна, грим бөлмесі	442,47
- Емдеу бөлмелері	158,57

- Оранжерея	175,30
- Шешінетін орын	157,34
- Тамақтанатын зал, тамақ бөлімі	540,37
Атауы:	Жалпы ауданы
Мектеп жатақханасының жалпы ауданы, олардың ішінде:	1920,68
- Жатын бөлмелер	604,65
- Педиатр бөлмесі	19,60
- Оқшаулау, емдеу бөлмесі	35,11
- Демалыс бөлмесі, сабақ дайындау және кісі қабылдау бөлмелері	84,73

Кабинеттерде: оргтехника, компьютерлер, ТСО, әдістемелік әдебиет, оқулықтар, көркем әдебиет, анықтамалықтар, сөздіктер, көрнекі құралдар, үлестірілген материалдар бар. 60 оқу кабинеті, 2 спорт зал, акт залы паспортталған. Мектептің материалдық-техникалық базасы үнемі толықтырылады.

7.2. Мектеп аймағын көркейту, көгалдандыру мен тазалық жұмыстарын талдау

Мектепке ауданы 6,0000 га. жер көлемі мерзімсіз пайдалануға тіркелген. Жер көлемінің бар аумағы тиісті жағдайда орналасқан, жер көлемі мен жақын орналасқан аймақтарда тұрақты жинау жұмыстары жүргізіледі. Спорт алаңына қоршаулар алынды. Бетон іргетасы бар дуал баскетбол және волейбол алаңдарының қоршаулары сырқы шекарасы бойымен 4 метр биіктікте орнатылған. Сонымен қатар, мектеп аумағында контейнерлік үлгідегі тораппен қамтылған модульдық ғимараттың көлемі 4*2,4 м автоматты өшіріліп, қосылатын жарық жүйесі бар. Спорт алаңына жолжиек тастар төселген.

Жазғы суару жүйесінің болмауына байланысты, көгалдандыру жұмыстары жартылай жүргізілді: көпжылдық теректер мен мектептің алдыңғы жағына бір жылдық гүлдер отырғызылды.

7.3. Жабдықтар, техникалық заттар мен жиһаздарды тиімді пайдалану

Мектепте оргтехника мен оқу техникалық заттары тиімді қолданылады. Жиһаз мақсатты бағытта пайдаланылады. Барлық оқу кабинеттерінде интерактивті тақта, компьютер, ноутбуктар, мұғалімнің жұмыс орны, көрнекі құралдарға арналған шкафтар, стол мен оқушы отырғыштары, маркерлік тақта бар.

7.4. 2014-2015 оқу жылының түгендеу жұмысының қорытындысы

Мектепте ОС, НМА, ТМЗ бойынша түгендеу жұмыстары 2014 жылғы 29.10. №46-ОД бұйрық бойынша 2014 жылы 1 қарашада жүргізілді. ОС № 1,2,3,4,5 2014 жылдың 01 қарашасы бойынша түгендеу жалпы сомасы -13995302,33 тенге және НМА бойынша түгендеу жалпы сомасы - 40566749 тенгені құрайды, ТМЗ -97410231,39 тенге. Келесі түгендеу 01.11.2015 жылға жоспарланды.

2015-2016 оқу жылына арналған жоспар:

1. Мектептің материалды-техникалық базасын нығайту:
 - Мектеп ауданына суару жүйесін салу және орнату;
 - 33 жатақхана бөлмесіне жуыну кабинеттерін орнату;
 - 2 серверлік бөлме еденіне кафель төсеп, тазалау жұмыстарын жүргізу;
 - 2 серверлік бөлмеге герметизация жүргізу;
 - Мектеп кітапханасы төбесіне күннен қорғау құрылғыларын орнату;
 - Мектеп айналасын көпжылдық өсімдіктермен көгалдандыру.